Республикалық ғылыми-танымдық, педагогикалық журнал

# Ұстаз мұрасы

**№13 (қараша) 2023 жыл**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы KZ42VPY00073575 куәлігі берілген.

Шығу жиілігі: айына 2 рет жарық көреді

Материалдар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қабылданады.

Жарияланған фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер лицензияланбайды және қайтарылмайды.

Меншік иесі: «Білім шуағы» Республикалық ғылым мен білімді қолдау орталығы «Ұстаз мұрасы» журналы

Бас редактор: Уразбаева Нургул Назаркуловна +77711410882



# Ақылдастар алқасы

Орақова А.Ш., педагогика ғылымдарының кандидаты, Бельгия Жоғары мектебінің Гонорар профессоры, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі

Миірбеков М. Тарих ғылымының кандидаты

Жолдасов С. Техника ғылымының кандидаты

Апашева С.Н. тарих ғылымының кандидаты

Бакиров Е.А. экономика ғылымдарының кандидаты (Бішкек қ)

Молдадосова А.Қ., тарих ғылымдарының докторы, профессор

Уразбаева А.Н., математика пәні магистрі

Редакцияның мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

## ЖЫЛУ ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРЫНЫҢ ПАЙДАЛЫ ӘРЕКЕТ КОЭФФИЦИЕНТІ.



**Абжалелова Айжан Губайдуллаевна**
*Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы*
*Жаңақала мектеп – гимназиясы*
*Физика пәні мұғалімі*

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | 8.2 А Термодинамика негіздері |
| Педагогтің аты – жөні: | Абжалелова Айжан Губайдуллаевна |
| Күні: | |
| Сыныбы: 8 | Қатысушылар саны:16 Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті.<br>Практикалық жұмыс №3. Сапалық және сандық есептер шығару. |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 8.3.2.19 – жылу қозғалтқышының пайдалы әрекет коэффициентін анықтау;<br>8.3.2.21 – жылу қозғалтқыштарын жетілдіру жолдарын ұсыну. |
| Сабақтың мақсаты: | — жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициентін анықтайды;<br>— жылу қозғалтқыштарын жақсарту жолдарын ұсынады. |
| Бағалау критерийлері: | • Жылу қозғалтқышының жұмыс істеу принципін біледі;<br>• ПӘК формуласын біледі және есептер шығаруда қолданады;<br>• Термодинамиканың екінші заңының жылу двигателіне қатысты қалай қолданылатыны туралы дұрыс сипаттама береді;<br>• Жылу қозғалтқыштарының жақсарту жолдарын ұсынады. |

Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/уақыты | Педагогтің іс – әрекеті | Оқушының іс – әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>5 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>5 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>3 мин | Ұйымдастыру кезеңі<br>Оқушылармен амандасу, түгендеу, сабаққа дайындығын бақылау.<br>Ынтымақтастықты қалыптастыру, оқушылардың сенімділігін арттыру<br>**Сергіту сәті «Күзгі жаңбыр»**<br>**Топқа бөлу: «Отырғызу талоны» әдісі**<br>І топ<br>ІІ топ<br>ІІІ топ<br>**«Ұшақ» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау**<br>1.Термодинамиканың І заңы<br>2. Математикалық өрнегі<br>3. Іштен жанатын қозғалтқыштың төрттактілі циклін атаңыз.<br>4. Жылу қозғалтқыштарының негізгі бөліктері<br>5. Термодинамиканың ІІ заңы<br>6. Жылу қозғалтқыштарының түрлері<br>**Ой қозғау.** *Оқушылардың назарын жаңа сабаққа аудару мақсатында мәселе қойылады.*<br>**Демонстрация:** Екі автомобилі бар слайд көрсетіледі.<br>**Сұрақ:** Бұл машиналардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары неде?<br>Талқылау нәтижесінде оқушылар бірдей принциппен жұмыс істейтін қозғалтқыштардың ПӘК-і әр түрлі болатынын түсінеді. Бұл жылдамдықта, қуатта т.б. көрінеді.<br>**Мақсатты болжау.** *Мұғалім оқушыларды сабақтың мақсатымен таныстырады.*<br>-жылу қозғалтқышының ПӘК-ін анықтау;<br>- жылу қозғалтқыштарын жетілдіру жолдарын ұсыну. | Сергіту сәті арқылы оқушылар жақсы көңіл – күймен бастайды.<br><br>Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Мысалдар келтіреді.<br><br>Жұппен талқылайды. Оқушылардың сурет арқылы ой түйіндеп жауап береді. | Дескриптор:<br>-Алдыңғы сабақтағы білімді қайталайды.<br>Жалпы балл- 2 | Қағаз қиындылары<br>Үлестірме<br><br>Ұшақтар<br><br> |
| Топпен жұмыс | Жаңа тақырыпты топқа бөлінген оқушыларға бөлім бойынша оқытады. | Әр топ өз міндеттерін | Дескриптор:<br>-тақырыпты | Әр топқа флипчарт, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 мин | I топ:<br>Жылу қозғалтқыштарының ПӘК – і<br>II топ:<br>Карно циклі<br>III топ:<br>ПӘК – ті арттыру жолдарын ұсыну | орындайды. Әр топ өздерінің бөлім бойынша оқиды, бір – бірімен жұппен, топпен өзара талқылайды. Мазмұнын түсіндіріп, сұрақ қою арқылы кері байланыс береді. | оқиды, топта талқылайды;<br>-флипчартқа түсіреді, топта қорғайды.<br>Жалпы балл-3 | маркер, түрлі – түсті фломастер беріледі. |
| Сабақтың ортасы<br><br>15 мин | Жаңа тақырыпты меңгеру. *ПӘК анықтамасы енгізіледі.*<br>Жылу қозғалтқыштарының жұмысында механикалық жұмыс отын жануының ішкі энергиясын механикалық энергияға айналдыру есебінен жасалады. Яғни, ή есептеу формуласына математикалық түрлендірулер енгізе отырып ПӘК-ін есептеудің жаңа формулаларын аламыз.<br>Жанған отын энергиясының қанша бөлігін механикалық энергияға айналдырғандығын көрсететін физикалық шаманы қозғалтқыштың ПӘК-і деп атайды.<br>ПӘК формуласы бойынша есептеледі.<br>мұндағы Q – отын жануы нәтижесінде бөлінген энергия; А – қозғалтқыштың атқарған жұмысы.<br>$\eta = \frac{A}{Q1} = \frac{Q_1 - Q_2}{Q_1}$ , $\eta = \frac{T_1 - T_2}{T_1} = 1 - \frac{T_2}{T_1}$,<br>«Фри» әдісі<br>1. Оқушылардың бір есепті шығару барысында ПӘК 200% тең деген жауап алды. Оқушы есепті дұрыс шығарған ба? ***(Жоқ. Жылу қозғалтқышының ПӘКі 100% көп не 100% тең болуы мүмкін емес.)***<br>2. Жылу қозғалтқышы бір циклде жылтқыштан 1000 Дж энергия алады да тоңазытқышқа 800 Дж энергия береді. Жылу қозғалтқышының ПӘКі қандай? ***(20%)***<br>3. Жылу қозғалтқышы бір циклде жылытқыштан 1000 Дж энергия алады да тоңазытқышқа 700 Дж энергия береді. Жылу қозғалтқышының ПӘКі қандай? ***(30%)***<br>4.Идеал жылу машинасында қыздырғыштың абсолют температурасы салқындатқыш температурасынан 3 есе көп. Егер қыздырғыш 40 кДж жылу мөлшерін берсе, газдың жұмысын тап ***(≈27кДж)***<br>5. Қыздырғыштың температурасы 390 К, ал суытқыштың температурасы 300 К. Жұмыстық дене 1 сек-та қыздырғыштан $6 \cdot 10^4$ Дж жылу алып отырса, жылу машинасының ПӘК-і және қыздырғыштың қуаты<br>***(0,23; 14 кВт)***<br>6.Жұмыстық дене қыздырғыштан алған әрбір килоджоуль энергияның арқасында 300 Дж жұмыс атқарады. Суытқыштың температурасы 290 К. Жылу машинасының ПӘК-і және қыздырғыштың температурасы<br>***(0,3; 414 К)***<br>7.Қыздырғыштың температурасы 800 К, ал суытқыштікі – 300К. Жылу двигателі ПӘК-нің мәні<br>***(0,63)***<br>8.Тоңазытқыштың температурасы 20 °С-қатең. Жылу қозғалтқышының ПӘК-і 85% болу үшін қыздырғыштың температурасы қандай болуы | Оқушылар алдымен орындарында отырып, кейін тақтада қажетті түрлендірулерді жасайды.<br><br>Оқушылар Фри қорабынан бір-бір тапсырмадан суырады.<br>Оқу мақсатына жетуді бағалауға мүмкіндік беретін тапсырмаларды жұп болып орындап, есептер шығарады. | Дескриптор:<br>-тапсырмалар -ды орындайды;<br>-есептің берілгенін жазады;<br>-ХБЖ келтіреді;<br>-есептің талдап, шешуін шығарады.<br>Жалпы балл-3 | Слайд<br>Сызғыш<br>Дәптермен жұмыс<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | керек?<br>***(1953 К)***<br>9. Іштен жану қозғалтқышы 45 МДж пайдалы жұмыс атқарды. Егер қозғалтқыштың ПӘК-і 55% болса, онда ол осы жұмысты атқару үшін қанша литр бензин жұмсайды. Бензиннің тығыздығы 710 кг/м$^3$.<br>***(0,0025 м$^3$)***<br>*Есептер шығарылып болған соң шешімдерін өзара тексеру жүргізіледі.* | | | |
| Сабақтың соңы<br><br>3 мин<br><br><br>Бағалау<br>2 мин<br><br><br><br><br><br>Кері байланыс<br>2 мин<br><br><br><br><br><br>Үй тапсырмасы<br>2 мин | Сабақты бекіту:<br>Жылу қозғалтқыштарының кері әсері қандай?<br>-Климаттың жылынуы<br>-Атмосфераның ластануы<br>-Атмосферадағы оттегінің азаюы<br><br>Әр тапсырманың бағалау критерийлері бойынша 10 баллдық жүйемен бағалау.<br><br>«Тикток» әдісі<br>-Достарыммен бөлісемін<br>-Ұнады<br>-Есіме сақтадым<br>-Айтарым бар<br><br>1.ПӘК-і 20% болатын идеал жылу машинасы тоңазытқышқа бір циклде 80 Дж жылу береді. Бір цикл ішінде машина қандай пайдалы жұмыс атқарады?<br>2.Кестеде идеал жылу машинасының ПӘК-інің қыздырғыштың температурасына тәуелділігі көрсетілген. Тоңазытқыштың температурасы өзгермейді. Осы жылу машинасының тоңазытқышының температурасын кельвинмен өрнектеңіз<br>$T_н$, К: 400, 500, 600, 800, 1000<br>$\eta$, %: 10, 28, 40, 55, 64 | Оқушылар сұраққа жауап айтады.<br><br><br>Оқушылар бағалау парақтары арқылы әр топ мүшесіне балл қояды.<br><br><br>Оқушылар стикерлер арқылы кері байланыс жасайды.<br><br><br><br><br>Оқушылар дәптерлеріне жазып алады. | Дескриптор:<br>-Жылу қозғалтқыш-тарының кері әсерін айтып, мысалдар келтіреді.<br>Жалпы балл-2<br><br>Жалпы тапсырмалар бойынша<br>10 балл | Слайд<br>Дәптер<br><br><br>Бағалау парақтары<br><br><br><br>Слайд |

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚСАУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ



**Адилметова Гулноза Сайфиходжаевна**
*Шымкент қаласы,Еңбекші ауданы*
*Сайрам тұрғын алабы*
*№124 ЖОББМ*
*Бастауыш сынып мұғалімі*

Заманауи қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге дайын ғана емес, сонымен бірге өмір шындығына белсенді ықпал етуші, функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру.

Осыған байланысты, бірінші кезекке тұлғаға қойылатын белгілі талаптар шығады: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жақсы дамыған зияткерлік, жоғары білім, кәсіби сауаттылық.

Бүгінде жалпы ұлттық білім беру мен мәдени саясаттың жалпыұлттық міндеттерінің бірі функционалдық сауаттылықты дамыту болып табылады. Ұлт көшбасшысы Н. Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында: «бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін жоғары білімді ұлт болуға тиіспіз деп көрсетеді. Бүгінгі таңда адамдардың қарапайым сауаттылығы жеткіліксіз екені айқын. Балалардың, жалпы алғанда барлық өскелең ұрпақтың функционалдықсауаттылығына көп көңіл бөлу қажет. Бұл балаларымыздың қазіргі өмірге бейімделуі үшін маңызды» [1].

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2016-2020 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес функционалдық сауаттылық көпжоспарлы адамзаттық қызметтің білім беру мен байланысын кіріктіру,

тұлғаның әлеуметтік бағдарлану әдісі ретінде түсіндіріледі. Заманауи, өзгермелі әлемде, функционалдық сауаттылық базалық факторлардың бірі болып табылып, адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметіне, сонымен қатар өмір бойы оқуына ықпал етеді. Функционалдық сауаттылықтың компоненттерінің бірі оқу сауаттылығы болып табылады[2].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, ҚР Президентінің Жолдауларында, Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2016-2020 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарында білім беру мен тәрбиенің басты мәселелері анықталып, оның шешу жолдары белгіленген, солардың ішінен мен бірнеше негізгі міндеттерді бөліп алдым: заманауи білім беру; кәсіби қайта даярлау; жаңа технологияларды, идеяларды және тәсілдерді қолдану; құзыретті-бағытталған білім беру идеясы арқылы жан-жақты дамыған тұлғаны дамыту.

Қазіргі таңда, бастауыш сыныптың жаңа тұрпатты мұғалімі, функциональды сауатты тұлғаны тәрбиелеу бойынша қоғамның сұранысына сай: кәсіби дағды мен педагогикалық дарыны қалыптасқан; жаңалыққа құмар; рухани дүниесі бай; өздігінен зерттеу міндеттерін қоя және шеше алатын; коммуникативті; ақпараттық технологияларды игерген; балаларды сүйетін, құрметтейтін, оларға сенетін және шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлға болуы тиіс. Мұғалім өзі құзыретті болмай, мақсатқа жетуі екіталай.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту қазіргі 11 жылдық сияқты 12 жылдық мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңарту шеңберінде білім берудің басым бағыттарының бірі ретінде айқындалады. Мұнда: оқыту технологиясы орталығында – оқушылар; оқу әрекетінің негізінде – ынтымақтастық;оқушылар оқытуда белсенді рөл атқарады; технология мәні – өздігінен білім алуға деген қабілетін дамыту.

Бұл ретте функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі білім алушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылады.

Осыған сәйкес күтілетін нәтижелер, оқушылардың түйінді құзыреттіліктері түрінде:

-құндылық-бағытталған құзыреттілік;

- жалпымәдени;
- әлеуметтік;
- ақпараттық;
- коммуникативтік;
- тұлғалық;
- азаматтық;
- технологиялық.

Менің пікірімше, оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамыту өмірлік мәселелерді шешудің, басты функцияларды, әлеуметтік рөлдерді, құзыреттіліктерді орындаудың толық тәжірибесін болжамдайды.

Функционалдық сауаттылық-бұл оқушының сыртқы ортамен қатынасқа түсуге әрі тез бейімделуіне және онда қызмет істеуіне; нақты мәдени ортадағы әлеуметтік қатынастар жүйесінде тұлғаның қалыпты әрекет етуін қамтамасыз ететін білім, білік және дағдыларға неболуға; нақты жағдайда жағдаяттарға сай әрекет етуге қабілеттілігі.

Мектептегі және өмірдегі оқу процесінің барлық сапасы оқу білігіне байланысты. Тәжірибе көрсеткендей, егерде оқушылар жеткіліксіз оқитын болса, оның сауаттылығы одан әрі жетілдіруді талап етеді. Жақсы оқуды үйренбеген адам басқа пәндер бойынша қажетті деңгейде жауап бере алмайды немесе қандай да бір тақырыптар бойынша реферат немесе хабарламаны сырттың көмегінсіз жасай алмайды. Сондықтан да баланы оқуға, кітапты білім
мен ақпарат көзі ретінде қолдануға үйрету, кітап әлеміне оқушыларды тарту және оқу сауаттылығын дамытуға ықпал ету-мектептің басты міндеті.

Бастауыш кезең – бірінші сатыдағы оқу сауаттылығын қалыптастыру кезеңі, білім алушыларда кітап мазмұнын талдау және бағалау дағдылары қалыптасады. Оқу сауаттылығын қалыптастыруда бұл кезең маңызды рөл атқарады, әдебиетке деген қызығушылық балалық шақтан басталады. Бастауыш сыныптан бастап баланы әдебиетке тарту керек. Бала қандай кітаптар оқиды, соған байланысты жеке тұлға қалыптасады. Бала кітап оқуға ынталы ма немесе ынталы емес пе деген мәселе шешіледі. Оқуға деген қызығушылықты тұрақты қажеттілік ретінде дамыту кіші мектеп жасынан басталады, осы кезеңде негізгі оқырмандар білігі мен дағдысы қалыптасады.

Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту бойынша жұмыстарды фрагменттік, эпизодтық емес, жүйелі түрде жүргізу керек. Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығындамытуда:

– әдебиет сабақтары;

– сыныптан тыс сабақтар;

– кітапханамен біріккен жұмыс;

– қосымша білім беру;

– ата-аналармен біріккен жұмыс маңызды рөль атқарады.

Әдебиет сабақтары оқушыларда оқуға деген қызығушылық және кітап оқуға дегенсүйіспеншілік туғызады, сонымен қатар олардың болашақ біліміне деген пайдалы білім, білік, дағды қосылады. Әдебиетті зерделеу кезінде оқырмандарды қалыптастыру жүзеге асады. Оқытудың жетекші әдісі төменгі сынып оқушыларының кітаптарды оқып-қарастыруы болып табылады.

Мектеп тәжірибесінде кең қолданып жүрген мысалдардың бірі мәтінді қайталап оқу. Оқушыларға мәтінге қайта оралу ұсынылады: түрлі негіздер мен түрлі мақсат және міндеттерге сәйкес қайта оралады, бала мәтінді қайталап оқу арқылы қойылған сұрақтарға жауап береді. Қажетті абзацты іздейміз, мәтіндегі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді, өзіне түрлі сөздік сипаттамаларды қолданады, түрлі көңіл күй мен интонацияларды игереді, сөздің темпі мен сөзді дауыстап оқиды, мәтінге ерекше назар аударады, мәтінді жылдамдатып және мәнерлеп оқиды.

Бастауыш кезеңде ойын түріндегі стандартты емес сабақтар, саяхаттар, ертегілер және т.б. мәтін бойынша жұмыстың түрлері оқуға деген қызығушылықты арттырады, сонымен қатар мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастырады.

Сонымен, оқу – өсуші адамның жалпы мәдениеті негіздерінің бірі, оның ақыл-ой және рухани дамуы. Оқырмандар сауаттылығын қалыптастырудың жоғары деңгейіне жету мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы негізіне

байланысты болып табылады, баланың жалпы дамуы мен тәрбиеленуіне ықпал етеді. Оқу қызығушылығын қалыптастыру процесі мен тұжырымдалған оқырмандар білігі мен дағдылары басқа пәндер бойынша оқушылардың оқу жетістігін анықтайды, яғни, оқушылардың әдеби оқу мазмұнын пәндік игеру нәтижесінде оқушылар мәтінді саналы оқиды, жалпы оқу білігін қолдана алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан -2050»стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» .- Астана, 2012
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.- Астана, 2012
3. Макерова В.Г., Мухортова О.В. Оқушылардың функционалдық сауаттылығындамытуды басқару //Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы.- 2014.- №7.- б. 33-38


## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ




**Аманжолова Галия Турганбаевна**
*Түркістан облысы, Жетісай ауданы*
*С.Сейфуллин атындағы № 29 жалпы*
*білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі*
*Бастауыш сынып мұғалімі*


Үстіміздегі ғасыр – жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамыту ғасыры. Олай болса, мұғалімдердің алдында тұрған бірден-бір мақсат – оқушылар алған білімдерін пайдаланып, өздігінен әрекет ете алатын, оларды түрлі өмірлік жағдайда қолдана білетін, жалпы адамзаттың және ұлттық құндылықтарды қатар меңгерген, өзіндік көзқарасы бар, Отанын шын сүйетін азамат болып жетілуіне көмектесу.

Бұл міндеттерді шешу үшін педагогикалық қауымдастық күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулері қажет.

Жаңашыл педагогтер оқушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамытуға,жағымды эмоционалдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

Олардың тәжірибесі мына ережелерге негізделеді:

- оқытуды мұғалім мен оқушының өзара шығармашылық қарым-қатынасы ретінде қабылдау.
- Күрделі мақсат идеясы (оқушының алдына барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындай алатындығына сенімін нығайту);
- Өзіндік талдау (оқушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);
- Ерікті таңдау (мұғалімнің оқу материалының жақсы меңгерілуі мақсатында сабақ уақытын өз бетінше пайдалануы);
- Оқушылардың өзін- өзі шығармашылық басқаруы;
- Тәрбиеге жеке тұлға тұрғысынан қарау;
- Ата- аналармен ынтымақтастық құру;

Сонымен, жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесі тұлғаны дамытуда ізгілік және шығармашылық көзқарасқа негізделген әдістер мен жүйесін құрайды.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

«Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л.Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауыменанықталады» — дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады.

Сабақтарды түрлендіріп өткізудің маңызы ерекше. Мұндай сабақтардың тиімділігін атап өтсек: сабақ құрлымының ұйымдастырылуы, сыныптағы оқушылардың іс-әрекетін

бақылауға қолайлылық, оқу-танымдық тапсырмаларды орындаудағы ұжымдық бірлескен әрекеттің жүзеге асуы, оқу уақытының үнемделуі.

Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет білігін ұштай түседі.

Оқушыларды шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері өте көп. Мысалы: тірек сөздер беру арқылы әңгіме құрастыру, өлең құрастыру,мысалдарды, ертегілерді сахналау, шығарма жазу, ертегі мазмұны бойынша сурет салу, т.б. Осы орайда 2-сыныпта ана тілі сабағында баланың шығармашылық қабілетін дамытуда пайдаланған жұмыс түрлеріне тоқтала кетсем деймін.

Өлең құрастыру.

Бұл жұмысты екі тәсіл арқылы ұйымдастыруға болады. а) Дайын өлең жолдарын ұсынып, оқушыларға соны аяқтауды тапсыруға болады. Мысалы,Ө.Тұрманжановтың «Туған өлкем» өлеңінде қайталанып тұрған:

«Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы – менің туған өлкем» деген жолдар бар.
Оқушыларға осы дайын өлең жолдары ұсынылып, оны ары қарай жалғастыру тапсырылады. Тапсырма дұрыс орындалу үшін, ең алдымен, оқушылар құрастыруға тиісті.
Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда сәөлеңнің сызбасытүсіріледі:
«Неткен сұлу, неткен көркем,
Осы – менің туған өлкем», — ұсынылған жолдар.
«Ұлан-байтақ жерлері бар
Өз өлкемді мақтан етем», — оқушының аяқтауы, яғни бұл – жоспар, өлең ұйқасқақұрылады және бұл сызба бойынша өлеңнің бірінші, екінші, төртінші жолдары ұйқасуға тиіс.ә) Дайын ұйқастар ұсынылады. Мысалы, «Күз» тақырыбына арнайы төмендегідей ұйқас бойынша өлең құрастыру тапсырылады:
… байлық
… алдық
… құс біткен
… қалдық.
Оқушының тапсырманы орындауы:
Күз – береке, күз — байлық,Күзде астық мол алдық Жылы жаққа құс біткен Кеткен ұшып, біз қалдық.
Ойлау қабілетінің ең жоғарғы қасиеті шығармашылық болып табылады. Шығармашылық арқылы оқушының жолдасына, өмірге, білімге деген сенімі, көзқарасы өзгереді. Шығармашылық оқушыны ізденуге жетелеп, өз ісіне сын көзбен қарай білуге, өзін өзгемен салыстыруына мүмкіндік тұғызады.Оқушы қабілеті дегеніміз, оның педогогикалық ықпал аясындағы білім алу әрекеті. Жеке тұлғаны дамыту, оқыту әдістері оның логикалық қабілетінің оң немесе кері дамуына әсер етеді.
Шығармашылық қабілетті дамыту тұлғалық- дамытушылық оқытудың мақсаты. Тұлғалық-дамытушылық оқыту теориясы бойынша білім алу жеке тұлғаның дамуымен ұштасып жатуы тиіс. Кез-келген оқыту дамыта алады, бірақ оның мазмұны мен әдістері дұрыс бағытталмағандықтан, нәтижесінде дамитын сапалар тар шеңберде қалады. Тұлғалық- дамытушылық оқытуға көшу дамытушы әсерлерді арттыру, оқу ісіндегі шығармашылықэлементтерді күшейту дегенді білдіреді.
Жаңаша оқыту- қазіргі өмірдің талабы. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлау әдіс-тәсілдерін мұғалімдер сабақта қолдануы олардың шығармашылық қабілетінің артуына
ықпал етері сөзсіз. Сыни тұрғысынан ойлау бағдарламасының мәнін дұрыс түсінген мұғалім, өзінің сабақ беру үрдісінде оның стратегияларын тиімді қолданып біріккен іс- әрекетті ұйымдастырады. «Сын тұрғысынан ойлау» - сынау емес, ол шыңдалған ойлау. Оқушы өзі ойлауы барысында білімге деген ынтасын дамытады, ой- өрісін кеңейтеді, ең бастысы- оқушыны шаршатпайды. Бірте-бірте мұғалімнің айтқанынан гөрі, өзі белсенді ойдаушы,ізденімпаз шығармашыл тағы басқа қабілетке ие болады. Сабақта оқушының өз ойын сын тұрғысынан ойлап, дәлелдей біліуне және оқу еркін ойлауынуына мүмкіндік берілуі керек.
Оқушының ойлаған ойын дәлелдеуге, басқаларға оны мұқият тыңдай білуге, өз ойын ашық, анық жеткізуге, пікір айтуға жаңаша көзқараспен қарауға ұмтылдыруға жеткізу, сыни тұрғысынан ойлау бағдарламасымен сыныпты топқа бөліп жұмыс істеу-жетістіктерге қол жеткізуде.Осы бағдарламамен әр сабақты жоспарлағанда оның мақсаты мынандай үш мәселені қамту керек: білімділігі, тәрбиелік мәні, дамытушылықмүмкіндігі. Осылар арқылы:
а) топта жұмыс істей алуға үйрету,
ә) өз ойын ашық айта білуге дағдыландыру,б) пікір таластыру,
в) пікір айтуға үйрету,
г) бірін-бірі тыңдауға, сыйластыққа,д) ойлап жауап беруге,
е) жауаптарын бағалай білуге,
ж) өзіне, басқаларға сын тұрғысынан қарауға үйрету жүзеге асырылады.
Жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, шығармашылық қабілетінің арттыруына қажетті іскерліктері мен дағдыларын өзін-өзі қалыптастыруға арналған. Бұл сыни тұрғысынан ойлау әдісінің артықшылығын пайдаланушылар төмендегідей көрсетеді.

| Мәні | Дәстүрлі педогогика | Дамытушы технологияларда |
|---|---|---|
| Мақсаты | Білім,ептілік, дағдыны меңгерту | Оқушы өзін-өзі субъект ретінде өзгерту<br>Дамуға жағдай жасау |
| Мұғалім рөлі | басқарушы | Жетекші, бақылаушы,кеңесші, ұйымдастырушы |
| Негізгі рөлі | Мен сияқты істе | Ойлап істе |
| Қарым- қатынасты | Монологты | Диологты |
| Стилі | Авторитарлы | Демократиялы |
| Басым әдісі | мәліметті | Ізденісті зерттеушілік |
| Негізгі шешу | Дайын әдістер арқылы шешу | Ғылыми түсініктер арқылы шешу |
| Әдіс тәсілдері | Көрсету, түсіндіру, бақылау,жаттықтыру | Ізденушілік- зерттеушілік әрекет шешімді дәлелдеу, тексеру |
| Өздік жұмыс уақыты | Өте аз | Салыстырмалы |
| Оқушы позициясы | пассивті | Қызығу бар, белсенді ынталы,шабатты |

Сын тұрғысан ойлау әдістерімен жұмыс жүргізгенде мынандай талаптарды ескергенжөн сияқты:

1. Оқушыларға топқа берілген тапсырмалар ұзаққа созылып кетпес үшін уақыттышектеп беру. Мысалы 1 тапсырмаға 3 минут.
2. Оқушы өз ойын не пікірін айтқанда оны шектемеу.
3. Оқушы жауап бергенде, не өз ойын ашық айтқанша ешқашан « сенің айтқаның дұрыс емес» деуге болмайды.
4. Басқа оқушылар бір-бірінің жауаптарын сын тұрғысынан бағалайды.

Қазіргі заманда білім сапасын арттыру әр мұғалімнен шығармашылықпен жұмыс жасауды талап етеді.
Оқушыларға терең де тиянақты білім беру- мұғалімнің басты мақсаты. Бұл мақсатты жүзеге асыру - мұғалімнің шеберлігіне, түрлі әдіс тәсілдерді тиімді пайдалануына байланысты.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырукурсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012.
2. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты-Уикипедия — ашық энциклопедиясынаналынған мәлімет
3. Оқыту ізденіс ретінде, ізденіс оқыту ретінде. С.Мирсеитова.
4. Оқыту тәрбиелеу технологиялары


## «ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ» ӘН БАЙҚАУЫ




**Анесова Әсемгүл Ерболатқызы**
*БҚО, Теректі ауданы Ұзынкөл ауылы*
*"Ұзынкөл ЖОББМ " КММ*
*Тәлімгер*


**Мақсаты:** Мектеп оқушылары арасынан өнерлі деген оқушылардың өнерін тамашалап көпшілікке таныту,өнерге сүйіспеншілігін арттыру.Сахна мәдениетіне тәрбиелеу. Мектебіміздегі әнші,өнерлі оқушыларды анықтау. Болашақ өнер жұлдыздарын дайындап «жүзден жүйрік,мыңнан тұлпар»шығарып,бәйгеден озып шыққан оқушыларымызды болашақта қалалық,облыстық,республикалық өнер сахналарына дайындау.
**Міндеті:** Балаларды көркемдік – эсемдік, адамгершілік - рухани бағытта тәрбиелеу.
**Дамытушылық:** Оқушылардың әнге деген ынталарын дамыту.
**Қатысушылар:** 5-11 сыныптар

**Ұйымдастыру бөлімі**
Фанфары ойналады
(«Жарық жұлдыз» музыкасы ойналып, жүргізушілер ортаға шығады)
1-жүргізуші: Армысыздар құрметті көрермендер. Бүгін біздің мектебімізде өткелі тұрған «Жарық жұлдыз » атты ән додамызға қош келдіңіздер!!! Біздің қатысушыларымыз өздерінің таланттарын, шығармашылықтарын ең бастысы өздерінің керемет дауыстарын ортаға салмақшы!

Қазақпын, еңселі елмін егеменді,
Кеңейттім кең әлемге керегемді.
Мұхиттың ар жағында жатқан жұрттар
Таныды тепе-тең деп тереземді.
Қазақпын, қойнауы-құт, жері-дархан,
Әнімді бес құрлықтың бәрінде айтам.

2- жүргізуші: Уважаемые зрители. Добро пожаловать на конкурс песни «Жарық жұлдыз», которая проходит сегодня в нашей школе!!! Наши участники намерены выразить свои таланты, творчество, а главное, свои замечательные голоса!
**Ереже:** Қатысушылар тек дауысқа ғана сүйеніп бақ сынасады. Әр командадан екі немесе 4 қатысушы шығады. Тыңдау сынағы кезінде жұлдызды әділ-қазылар алқасының мүшелері қатысушылырдың өздерін көрмей-ақ оларға баға береді. Қорытындысында төрт команда алға суырылып шығатын болады. Жобаның жеңімпазы көрерменнің дауыс беруі арқылы анықталады. Таңдалған ән тақырыптары – тәуелсіздік, отан, әке- ана, мектеп т.б
**Правила:** Участники соревнуются, полагаясь только на голос. Из каждой команды выходят по два участника. Во время конкурса на прослушивание члены жюри оценивают участников, не видя их самих. В итоге вперед выйдут одно команды. Победитель конкурса определяется голосованием зрителя. Выбранные темы песен-независимость, Родина, семья , школа и т. д
1-жүргізуші: Біздің байқау екі турдан тұрады: 1 – тур, жанды дауыста ән шырқайды , әділ қазы алқасын алға қарата алған қатысушы 5 балл, егерде алға қарап алдында тұрған қызыл батырма басылса 10 балл алады. Бірінші турдан өткен қатысушы финалда ән шырқайды. 2 – тур – музыкалық сүйемелдеуімен шырқалатын ән қорытындысы бойынша біз сіздермен бүгін финалға кім шығатынын және 2022 жылғы "Жарық жұлдыз " жеңімпазы кім болатынын білеміз. Олай болса, ән - додамыздың қазыларымен таныс болайық!
2- жүргізуші: Наш конкурс состоит из двух туров: 1 тур, поющий окапелла , участник, сумевший увидеть жюри вперед, получает 5 баллов, если перед лицом вперед нажата красная кнопка, 10 баллов. Участник, прошедший первый тур, поет в финале. 2 тур-по итогам песни с музыкальным сопровождением мы с вами узнаем, кто выйдет сегодня в финал и кто станет победителем "жарық жұлдыз" 2022 года. Если да, то давайте познакомимся жюри нашего конкурса !
Мектеп директоры: Тутебаева Анаргуль Абылгазиевна
Мухсинова Макка Кайратовна – Жастар жетекшісі
Карабалина Элеонора – Ұзынкөл ауылдық округі әкімдігінің бас маманы

**Байқаудың бағалау критерилері**
Сырт келбеті, киім кию үлгісі, сахна мәдениеті
Жанды дауыс
Актерлік шеберлігі
Әнді орындау шеберлігі
Таңдалған өлең мазмұны
Қорытынды баға
**Критерии оценки конкурса**
Внешний вид, стиль одежды, сценическая культура
Живой голос
Актерское мастерство
Мастерство исполнения песни
Избранное содержание стихотворения
Итоговая оценка
1- жүргізуші: Бір жарым минутта ән біткенше біздің қатысушыларымыз қазылар алқасын әдемі дауыстарымен керек. Біздің қатысушыларымыз толқып та, қашан басталады деп күтіп те жүр. Олай болса біз көп созбай ән додамызды бастайық. Сахнаға жереби арқылы таңдалған қатысушымызды ду қол шапалақпен қарсы алайық!( Қатысушы команданың видеолары экраннан көрсетіледі
2- жүргізуші: До окончания песни за нашим участникам нужно, чтобы жюри было
красивым голосом. Наши участники взволнованы и ждут, когда все начнется. Итак, давайте начнем нашу песню, не растягивая слишком много. Давайте поприветствуем нашу участницу, выбранную на сцене жеребьевкой!(Видео команды-участника отображаются на экране).

1. 5а-5б командасынан – Серік Гулнур Изак Дарья
2. 6а-6б командасынан Айтмухамбетова Аяулым, Якупова Ангелина
3. 7а командасы Насиполла Аружан, Чартыкова Амина
4. 8а-8б командасынан Бақытжанова Тұрсынгүл , Губашев Султан
5. 9а-9б командасынан Нургалиев Максут, Рашит Расул. Нургалиева Гульжаухар, Уразова Карина
6. 10 а - 11 а командасынан Мендігереев Алимжан Кумарова Дильназ

Осымен қатысып отырған 6 командаларымыз таңдаған әндерін орындап шықты. Ендеше дауыс беруді бастаймыз. Құрметті көрермендер дауыс беру үшін Whats app желісінен ұялы телефондарыңызға сілтеме жіберілді.
Келесі кезек әділ – қазылар мен құрметті көрермен қауым, ендігі дауыс беру құқығы өздеріңізде.
Уважаемые зрители, теперь право голоса у вас есть.
На ваши телефоны пришли ссылки для голосования. Пользуясь ссылкой нужно отдать один раз дать свой голос и по команде останавливаем голосование.

Әділқазылар дайын болғанша оқушылардың өнерін тамашалайық.
Көпшілік құрметіне бөленген әншілеріміз алдағы уақытта көптеген байқаудың жеңімпаздары атанып, орындаушылық шеберлігімен талғампаздығымен үлкен – үлкен табыстарға жете берулеріңізге тілектеспіз дей келе концерттік кешімізді аяқтай отырып «өнер талантты өсіреді» деген ақын сөзінен қуат алып, асыл мұраны сақтап, өркендете берейік дегім келеді.
Арайлап атса келешектің ақ таңы, Біз үшін мәртебе тұлпардың шапқаны. Бүгінгі балғын, балауса жастар, Қазақтың ертеңі мен мақтаны Көңіл бөліп тамашалағандарыңызға көп рахмет! Сау – саламатта болыңыздар!





# КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІНДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР МЕН ОЙЫНДАР



**Арапова Аида Нурлановна**
Түркістан облысы., Төлеби ауданы
Жоғарғы Қасқасу ауылы,«Қасқасу жинақты
жалпы білім беретін мектебі» КММ
Көркем еңбек пәні мұғалімі

Оқушылардың жеке тұлғалық және танымдық қабілеттері бастауыш сыныптардан бастап қалыптасады. Сондықтан бастауыш сынып сабақтарында оқушыларды шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға үйретудің жолдарын көрсету керек.

Жалпы білім беретін орта мектептегі бастауыш сатыда әрбір оқушының бойындағы білім, білік, дағды, іскерліктің қалыптасуының іргетасы қаланады. Бастауыш сынып мұғалімінің міндеті – жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқыту үдерісін жолға қою болып саналады.

Оқушының танымдық және шығармашылық қабілеттері оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы жан-жақты дамиды. Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға жетелудің жолдарын көрсету керек. Бастауыш сыныптарда жекелеген пәндер бойынша оқу материалын терең меңгертуге оқушылармен жүргізетін практикалық, шығармашылық жұмыстардың нәтижесінде қол жеткізуге болады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда жеке пәндер бойынша кеңейтілген тапсырмалар мен жаттығулар орындатудың тиімділігі зор. Оқушының танымдық қабілеттері практикалық іс-әрекет, түрлі кеңейтілген, құзырлылық, деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы, логикалық ойлауы ой әрекетінде, білімді меңгеру, тіл үйрену үстінде дамиды. Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін өрістету олардың тұлға ретінде жетілуінің маңызды саласы болып табылады. Сондықтан оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында ойлау, сөйлеу, тілін дамыту әрекеттерін жүзеге асыру тәсілдеріне үйрету қажет. Сондықтан оқушыларға тапсырмалар бергенде талдауға, жинақтауға, салыстыруға, топтауға арналған тапсырмалар олардың логикалық ойлауын, тілін дамытатындай болуы керек.

Қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, білік, дағдыларды меңгерген, өмірдің кез-келген сындарында, практикалық жағдайларда қолдана білетін, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, өзіндік ойлау, жұмыс жасау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға етіп қалыптастыру міндеті қойылып отыр. Осы орайда, оқушылардың танымдық қабілеттері мен шығармашылық мүмкіндіктерін жан-жақты дамыту маңызды мәселе екендігі туындайды. Бастауыш сыныптарда балалардың ойлау және танымдық белсенділігін дамытуда сабақта өзіндік жұмыстар мен деңгейлік, шығармашылық тапсырмаларды жоспарлы, жүйелі түрде орындату қажет. Аталған мақсатта дайындалған әдістемелік көмекші құралда оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту бағытында көркем еңбек пәні бойынша кеңейтілген тапсырмалар мен жаттығулардың үлгілері сіздерге жүйелі жұмыс жасауға көмек береді. Қазіргі кезде оқу жүйесін қайта құруға бағытталған талпыныстарға қарамастан, оқушыларға дайын ақпаратты жеткізіп беруге негізделген әдістемелер орын алып келеді. Мұндай әдістемелер арқылы оқушылар есте сақтау, қайталап айту ғана қабілеттерін дамытып, біржақты ғана жұмыс жасайды. Мұғалім оқушының бұрынғы сабақтарда дайын күйінде берілген материалда қайталап айту жағына көңіл бөліп, соны ғана бағалайды. Осы негізде оқушының шығармашылық қабілеттері ескерілмей қалады. Осындай жағдайда қоғам сұранысын ескеретін болсақ, шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған оқыту әдістемелерін дамыта отырып оқыту әдістерін қарастырып, ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Шығармашыл оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал, мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Бастауыш сыныпоқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жөнінде И.П.Волков оқушылардың жаңадан бір нәтиже алуы жалпы білімдермен қатар, олардың осы нәтиже алуы жолында пайдаланылатын әдіс-тәсілдердің тиімдісін таңдай алуына, тақырыптарына және т.б. себептерге байланысты болатындығын айтады. Оқушылардың шығармашылығын, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс және ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық, пәндік апталықтар, жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы мен белсенділіктерін шығармашылық бағыттылығына негізделген жұмыс түрлерін пайдалану – олардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Сондай-ақ, мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, көркемөнер және техникалық көрмелер, түрлі шығармашылық кештер, оқушылардың ізденіс қабілеттерін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Оқу үрдісінде шығармашылық түсінігін жеке бастың қасиеті емес, оқушының оқу процесіндегі іс-әрекет құралы және табыстың белгісі деп білу керек. Оқу процесіндегі негізгі мәселе – оқушының белсенді іс-әрекеті және ол шығармашылықтың дамуына негіз болады.

Оқушылардың іс-әрекеті неғұрлым үйлесімді кемелденген, тиімді оқыту әдістермен ұйымдастырылса, онда олардың белсенділігі де, соғұрлым жоғары болып, шығармашылықтың дамуы қарқынды түрде көрінеді. Оқушылардың шығармашылық қабілетін, шығармашылық ойлау мен шығармашылық тұрғыда жұмыс жасауын дамытуда логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар оқушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ, оқушыларды икемділікке, шеберлікке дағдыландырады.

Бүгінгі таңда ғылым мен техника жылдан –жылға кеңөріс алып, жедел қарқынмендамуы мектепке де өз әсерін тигізуде. Осы негізде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану бүгінгі күн талабы. Бастауыш сынып оқушылары жалпы алғыр, сезімтал, ештеңені жасырмай, нені болса да, ашық еркін айтады. Мақтау сүйгіш, мұғалімнің ырқына тез көнгіш және үлкендердің көмегіне көп сүйенеді. Сондықтан бастауыш сынып

оқушыларының шығармашылықтарының дамуына үлкендер көп еңбектенулері керек. Баланың қиялын дамытып, ойын ілгері жетілдіруде тіл сабағында сан алуан әдістерді қолданып отыру керек. Педагог үнемі өзі шығармашылық қабілетті дамыту жолдарын нұсқап отырса, онда балалар өздері де ізденіске түседі.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау барысында мынадай жұмыстаржүзеге асырылып, отыру керек:

1. Пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарының талдау жұмыстарын жүйелі жүргізідуіне;
2. Оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;
3. Сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға – пәндік олимпиада, ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге;
4. Білім беру мекемелерінде шығармашыл оқушылар үшін арнайы сыныптар мен топтар құрып, оқу бағдарламаларын жеделтетіп оқытуды ұйымдастыруға;

Оқушы шығармашылығын дамыту – білімдік үрдіс субъектілерінің және білім мазмұны мен жүйелердің өзара әрекеттесу аймағы.

Сөзім дәйекті болу үшін жоғарыда көрсетілген критерилерді өз іс – тәжірибемде қалай, қандай жолдармен іске асыратыныма тоқталайық. Оқушылардың шығармашылық әректі мен танымдық қабілеттерін арттыруда шығармалардың орны ерекше. Мәтіндерді оқу, талдау барысында оқушылардың оқиғаға қатысты өз ойларын жеткізулеріне, әңгіме кейіпкерінің қылықтарын бағалай білуіне, автордың оқиғаға қатысы, көзқарасы қандай екендігін анықтай алуына назар аударылуы тиіс. Бұл жерде жеке сөздерді жаттап қою не мәтінді аудару емес,өз бетімен, дербес жұмыс жасай, ойлай білу, білімін толықтыру, белсенді болу, деңгейлік тапсырмалар орындау.

Оқушылардың шығармашылық әрекеті мен ойлау қабілеттерін дамытуда өзіндік жұмыстар арқылы берілетін тапсырмалар пәндік білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Мұндай тапсырмалар негізінен сөйлеу мен тыңдап түсінуге бағытталды. Мұнда көрнекі образдық ойлау, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіретін жаттығулар, мен ойындар, тестер жиі қолдану. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудасабақтан тыс қосымша жұмыс түрлерін ұйымдастырып отыру оқушылардың шығармашылыққабілеттерін шыңдай түсерін өз іс-тәжірибемізден байқадық. Мұнда балалардың өз қызығушылықтарына қарай шығармашылық жұмыстар жүргізілді. Оқушылар өз қабілеттеріне қарай шығармашылық деңгейлерін шыңдай түсті. Дамытатын ойындарды ұйымдастыру арқылы осы қызмет түрін меңгеру процесінде өзіндік жеке дара қасиет мектеп жасында қалыптасатыны белгілі. Баланың өзіндік жеке дара қасиет деңгейін анықтау мақсатында оларға логикалық ойлауды, зейінділікті талап ететін тапсырмалар ұсынуға болады. Тапсырма нәтижесінің талдауы бала дамуының үш деңгейін анықтап берді.

Бірінші – төмен деңгейге осы қимыл әрекетке тұрақсыз қызығушылығы бар оқушылар. Тапсырманы олар берілген сұрақтар көмегімен белгілі бір бөлігін ғана орындау арқылы, үлкендердің айтуымен, үгінің көмегімен іске асырады.

Екінші – орта деңгейге осы қызметке ден қойған және қызығушылық танытқан оқушылар жатқызылды. Тапсырманы дұрыс орындайды, үлкендердің көмегіне сүйенбегенмен берілген сұрақтар арқылы атқарды. Инициатива мен шығармашылық көп байқала бермейді.

Үшінші – жоғары деңгейде осы қимыл әрекетке ден қойып, қызығушылық танытқан балалар жатқызылды. Тапсырманы олар өздері орындады, ешкімнің айтуынсыз, инициатива мен шығармашылық танытады.

Шығармашылық қабілетке әрекетке оқушының қызығушылығы, танымдылығы, тіл дамыту жұмыстары, ойлауы, өзіндік жұмыстары, есте сақтауы жатса, ізденімпаздық жұмыстары жатады. Сонымен, жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесі тұлғаны дамытуда ізгілік және шығармашылық көзқарасқа негізделген әдістер мен жүйесін құрайды. Мұғалімнің біліміне қойылатын талаптар:

- өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу;
- оқушы дарындылығының моделін білу;
- қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу;
- дарынды оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгірімге ғана көңіл бөлмей оныңбасқа да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу;
- дарынды оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпенжұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі.

Мұғалімнің іскерлігіне қойлатын талаптар:

- дарынды оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- дарынды оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарламақұрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;
- оқушы дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- дарынды оқушыны оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;
- дарынды оқушының ғылыми-ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;
- дарынды оқушыны олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жетеалатындай деңгейде жұмыс жасауы.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтардымынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
5. Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Демек, оқушыларды нәтижеге бағыттауда мұғалім жоғары кәсіби білікті, ізденімпаз, ойлап табуға және ғылыми зертеу жұмысына бейім және кәсіби қызметін өздігіненжетілдіруге ұмтылуы жоғары деңгейде болуы шарт.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 жыл.
2. «Жаңартылған білімге – жаңаша көзқарас.» Әліпбаева А.Қ.

# СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҒЫНАСЫ



**Бекболатова Гаухар Паралиевна**
*Жамбыл облысы, Байзақ ауданы*
*Ақшолақ орта мектебі*
*бастауыш сынып мұғалімі*

| | |
|---|---|
| Бөлімі: | **Теледидардан спорт хабарларын тамашалаймын** |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | **Сөз және оның мағынасы** |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | **2.1.5.1** Аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды/ұнамайды, себебі..., пайдалы/пайдасыз болды, себебі... т.б) білдіру.<br>**2.2.3.1** Мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру<br>**2.1.4.1** Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау<br>**2.2.2.1** Синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану.<br>**2.2.5.1** Дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу. |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар:** Оқушылар оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді.<br>**Көптеген оқушылар:** Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады.<br>**Кейбір оқушылар:** Берілген тапсырмалар бойынша ой қорыту жасай алады. |
| Құндылықтар: | Оқушыларды бір – біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>Қызығушылықты ояту.<br>Ұжымдық жұмыс.<br>**7мин.** | **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1.Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>2.Оқушыларды топтарға біріктіруді ұйымдастыру: Фигуралар көмегімен оқушыларды 3 топқа біріктіру.<br>I-«Футболшы» тобы<br>II –«Хоккейші» тобы<br>III– «Боксшы» тобы | **(Ү) *"Допты қағып ал" әдісі*** арқылы оқушылар бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастырады.<br>**Мақсаты:** Оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.<br>**Тиімділігі:** Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл - күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. | Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенділік танытқан оқушыларды ***«Мадақтау сөз» әдісі*** арқылы бағалайды: *«Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын*<br>**Саралау:** Бұл жерде қолданудың **«Жіктеу »** тәсілі арқылы көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға қолдану еркіндігі беріледі.!» | Суреттер салынған конверт<br><br><br> |
| ***Миға шабуыл. «Ой қозғау» әдісі.***<br>Ұжымдық жұмыс.<br><br>**5 мин.** | Алдыңғы білім мен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында экранда көрсетілген өлеңдегі | **Сұрақтар:**<br>1. Синоним сөздер дегеніміз не?<br>2. Сөздің лексикалық мағынасы дегеніміз не?<br>3. Заттың іс – қимыл ын білдіретін сөз табын атап | **Дескриптор:**<br>-1-ші сұраққа жауап береді.<br>-2-ші сұраққа жауап береді.<br>-3-ші сұраққа жауап береді. | ДК экраны<br><br>Сұрақтар топтамасы.<br><br>Оқулық 2 -сынып. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сұрақтарға мұғалімнің көмегімен (бағыт-бағдары, нұсқауымен) жауап береді. **Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі қолданылады. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға қосымша ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға қосымша жетелеуші сұрақтар қойылады.. | бер? **Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауды дамыту. **Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім экраннан **сабақтың тақырыбы мен сабақтың мақсатын таныстырады** | Жалпы-2балл. Сонымен қатар, өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға **«Жарайсың!» «Керемет» «Сенің қолыңнан келеді»** деген *мадақтау сөзімен* ынталандыру. | |
| **Сабақтың ортасы** Мағынаны ашу. Топтық жұмыс. *Жазылым* **8 мин.** | **«Интеллект карта»** Оқушыларға тақырыпқа байланысты мәтін тапсырмасы беріледі. | **№1-тапсырма:** Сөздің мағынасына қарай орналастырып сипаттайды. Үш топқа әртүрлі тапсырма беріледі. | **Дескриптор:** - Сөздің мағынасына сипаттама береді; - Сұрақтарын дауыстап оқиды; Жалпы-1балл. | ДК экраны 2-сынып оқулығы |
| | **«Данышпан үкілер» әдісі.** Оқулықтағы «Зерделеу» айдарының тапсырмасы беріледі. | Жұмыс дәптерлеріндегі 4– жаттығуды орындайды. | Мұғалім сабақ барысында белсенділік танытқан оқушыларды ***«Мадақтау сөз» әдісі*** арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!». | ДК экраны 2-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері. |
| Топтық жұмыс. *Айтылым мен оқылым* **6 мин.** | **№2-тапсырма:** Төмендегі сурет бойынша әңгіме құрастыр. ***Мақсаты:*** Сөздің мағынасын ажыратады. ***Тиімділігі:*** Тыңдалым мен айтылым дағдысы қалыптасады. ***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Зерделеу»*** тәсілі көрініс табады. | Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, топтық талдау жасап, нәтижесінде бір келісімге келіп, ауызша әңгіме құрастырады. | **Дескриптор:** -Мағыналас сөздерді дұрыс толтырады. - Сұрақтарына жауап береді; Жалпы-1 балл. | ДК экраны 2-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері. |
| **Сергіту сәті 1 мин** | | https://youtu.be/xyS4WWbttM | | https://youtu.be/xyS4WWbttM |
| Жеке жұмыс. **7 мин.** | **№5-тапсырма:** Берілген төмендегі тапсырманы оқып,қай сөздің мағынасына | Берілген тапсырма бойынша сөз таптарын тауып өзіндік ойын тұжырымдайды. Оқып, таныскан кеңестерді басшылыққа алып, сұрақтарға жауап береді. | **Дескриптор:** -Кеңестерді оқиды. -Сұрақтарға жауап береді. Жалпы – 1балл. | ДК экраны 2-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жататындығын жауап бер.<br>***Мақсаты:*** Сөздің мағынасымен таныстыру.<br>табады. | ***Тиімділігі:*** Оқылым мен айтылым дағдысы қалыптасады. | ***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Жинақтау»*** тәсілі көрініс | |
| Жұптық жұмыс.<br>**5 мин.**<br>*Жазылым.* | **№6-тапсырма**<br>Жұмыс дәптердегі Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып көшір.<br>***Мақсаты:*** Берілген сөздердің атқаратын қызметін жазу арқылы бір-бірінен айырмашылығын ажыратады. | Төменде берілген сөздердің атқаратын қызметін жазады.<br>1. Мәтіндегі сөздер<br>2. Термин сөздер<br>***Тиімділігі:*** Оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдысы мен жазылым дағдысы қалыптасады. | **Дескриптор:**<br>- Тапсырмаға зейін қойып мұқият тыңдайды; -1б.<br>-Термин сөздерге мысал жазады-1б.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Қолдану»*** тәсілі көрініс табады. | ДК экраны<br>2-сынып оқулығы.<br>Жұмыс дәптерлері. |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br>Жеке жұмыс:<br>**6 мин.** | **«Төрт сөйлем»** әдісін пайдаланып сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.<br>**Пікір:** Бір сөзді қатыстырып сөйлем жаз.<br>**Дәлел:**Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.<br>**Мысал:**Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.<br>**Қорытынды:** Тақырып бойынша қорытынды жаз. | Оқушылар өздерінің тақырып бойынша оқып, зерделегенін сөйлемдер арқылы тұжырымдайды.<br>***Мақсаты:*** Өз ойын айтып, сабақты бекіту, қорытындылау.<br>***Тиімділігі:*** Оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрініс табады. | **Дескриптор:**<br>«Төрт сөйлем» әдісі бойынша берілген тапсырманы толық орындайды-3б.<br>Оқушылардың сабаққа қатысуы *«От шашу» әдісі* арқылы бағаланады. | ДК экраны<br>2-сынып оқулығы.<br>Жұмыс дәптерлері.<br> |

## ГИПЕРСІЛТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚОЛДАНУ.

**Беккалиев Нуржан Есентаевич**
*Батыс Қазақстан облысы*
*Жаңақала ауданы*
*Жаңақала мектеп-гимназиясы*
*Информатика пәні мұғалімі*

| **Қысқа мерзімді жоспары** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Бөлім** | Мәтіндік құжатпен жұмыс істеу | | | |
| **Педагогтың аты-жөні** | | | | |
| **Күні** | | | | |
| **Сынып 6** | Қатысушылар саны | | Қатыспағандар саны | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Гиперсілтемелер және оны практикалық тұрғыдан қолдану. | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 6.2.2.1 сілтемелерді ұйымдастыру (гиперсілтемелер, мазмұны, тақырыптар, түсіндірмелер)<br>6.4.2.3 Авторға сілтеме жасайтын ақпаратпен ілестіру | | | |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** | | | |
| | «Гипресілтеме» ұғымына анықтама береді | | | |
| | **Көптеген оқушылар:** | | | |
| | Бір құжаттың үзіндіні басқа құжатқа көшіреді | | | |
| | **Кейбір оқушылар:** | | | |
| | құжат ішінде бір беттен екінші бетке жылдам ауысатын гиперсілтеме кірістіру командаларын қолданады | | | |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | 1.Оқушылармен амандасу.<br>2.Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру.<br>3.Жаңа тақырыпқа шолу.<br>Құжаттың көлемі үлкейген сайын, оның ішінен қажетті ақпаратты жылдам табу керек болады. Мұндай жағдайда құжаттағы қажетті бөлімге жылдам өтіп, оның қатесін түзетуге көп уақыт кетеді. Word мәтіндік редакторында осындай мәселені шешу үшін гиперсілтеме қолданылады. | 1.Мұғаліммен амандасады.<br>2.Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады.<br>3.Сабақтың мақсаттарымен танысады. | | |
| Сабақтың ортасы | Жаңа тақырыпты түсіндіру.<br>Гиперсілтеме-құжаттың өзіндегі әріп, сөз, сөйлем, абзац немесе графикалық объектілердің біріне сілтеме беретін гипермәтіндік құжаттың бөлігі. Сонымен бірге жергілікті дискідегі файлдарға, компьютерлік желіде файл, бума, қосымша, веб-беттерге сілтеме беріледі.<br>Құрылымы гиперсілтемелер көмегімен ұсынылатын құжаттар мәтіні гипермәтін деп аталады.<br>Көрсетілім.<br>Word-та гиперсілтемені іске қосу үшін гиперсілтеме қойғымыз келетін әріп, сөз, сөйлем, абзац немесе графикалық объектілердің бірін ерекшелеп аламыз. Вставка →Гиперссылка командаларын орындаймыз.<br>Гиперсілтеме кірістіру:<br>✓ Ерекшеленген объектіні сыртқы файл немесе веб-бетпен байланыстыру.<br>✓ Ерекшеленген объектіні құжаттың ішіндегі екінші бір орынмен байланыстыру.<br>✓ Ерекшеленген объектіні жаңадан құрылатын құжатпен байланыстыру.<br>✓ Ерекшеленген объектіні электронды поштамен байланыстыру.<br>Ерекшеленген объектіні құжат ішіндегі екінші бір орынмен байланыстыру үшін Закладка кірістіруіміз керек.<br>Гиперсілтемені құжаттан алып тастауыдың бірінші тәсілі-контекстік мәзірден Удалить гиперссылку командасын таңдау. Екінші тәсілі-гиперсілтеме берілген объектіні ерекшелеп, Вставка гиперссылки сұхбат терезесінен адрес жолағындағы сілтемені Удалить ссылку алып батырмасы көмегімен орындау.<br>Жеке жұмыс. 1- тапсырма.<br>Оқулық § 4.2-4.3, 113-бет, «Практикада қолдану» тапсырмасы<br>Дескриптор:<br>-мәтіндік редакторды іске қосуды біледі;<br>-мәтіндік редакторда мәтін жаза алады;<br>-гиперсілтеме кірістіру командаларды пайдаланады;<br>-құжатты өз атауымен сақтайды.<br>ҚБ: стикер / 4 балл/<br>Жеке жұмыс. 2-тапсырма.<br>Оқулық § 4.2-4.3, 114-бет, 2-тапсырма | Мұғалімді тыңдайды<br><br>Гиперсілтеме туралы анықтамасын дәптерге жазады<br><br>Командаларды жазады<br><br>1-тапсырманы орындайды<br><br>2-тапсырманы орындайды | Дескриптор:<br>-мәтіндік редакторды іске қосуды біледі;<br>-<br>https://kitap.kz/ сайтындағы Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романынан үш беттік үзіндіні құжатқа көшіреді;<br>-әр беттегі бірінші кездесетін сын есімге Закладка қояды;<br>-Құжат ішінде бір беттен екінші бетке жылдам ауысатын гиперсілтеме кірістіру командаларын қолданады.<br>ҚБ: стикер / 6 балл/<br><br>Стикер<br>4 балл<br><br>Стикер<br>6 балл | Оқулық<br><br>Жұмыс дәптері<br><br>компьютер |
| Сабақтың соңы | 1.Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастырады.<br>2.Кері байланыс: «Қажетті сөздер»<br>Ұнады, қажет, пайдалы, білдім, үйрендім, қызықтым, есте сақтадым | Өзін-өзі бағалау. | | |
| Үй тапсырмасы | § 4.2-4.3, 114-бет, «Үй тапсырмасы» | | | |

## ҚАБІЛЕТІ ЖӘНЕ ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС



**Букей Бакытгул**
*Ақмола облысы , Целиноград аудан ,*
*Қоянды ауылы, «Қоянды ауылының №2 жалпы*
*орта білім беретін мектебі» КММ*
*Бастауыш сынып мұғалімі*

Жалпы білім беретін орта мектептің 3-4 – сынып оқушыларына «Қабілеті және үлгерімі төмен оқушылардың карточкасы»Үлгерімі және қабілеті төмен оқушыларда дамудың жеке варианттарының көп түрлілігі бар. Олар таным компоненттерінің қалыптасуының әр түрлі деңгейіне байланысты, яғни бұл артта қалудың әр түрлі себептері бар екенін көрсетеді. Оқушылардың негізінен білімді меңгеру үрдісі мына компоненттерден тұрады: қабылдау, түсіну, есте сақтау, қорыту және жүйелеу.

Оқу үрдісінде бұл компоненттер өте тығыз байланысты. Оқушы меңгеретін материалдың қиындығына соқтыққанда ғана өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасай алады. Осыдан кейін ол материалды толық игереді. Қабылдауы баяу оқушылар әрбір сабақ кезінде қажетті көрнекі құралдармен, дидактикалық материалдармен, тарататын көрсететін көрнекіліктермен қамтамасыз етілуі қажет. Сонда ғана өткізілген сабақтар өз мақсатына толық жетеді. Осы білімді меңгеру компоненттері баяу болғандықтан нашар оқушы шығады. Оқу жылдамдығы баяу болғандықтан және есеп мәтінін қате оқығандықтан оның мазмұнын түсінбейді, есте сақтауы да төмен. Үлгерімі төмен оқушылардың ақыл-ой параметрі және жағымды ақыл сапалары қалыптаспаған, білім қоры аз.

Нашар оқудың алдын алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтау керек. Викториналар, ребустар, логикалық есептер, математикалық эстафеталар, сөзжұмбақтар шешу, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді.

**Өзектілігі:**

- Баламен жеке дара жұмыстар жүргізілу барысында оның жан-жақтыдамуына, қоғамға бейімделуіне жағдай
- Сынып ұжымында әр түрлі деңгейдегі оқушылардың өздерін емін- еркінұстауға бейімдеу;
- Оқушыға болашаққа деген басқаша көзқарас қалыптастыру.

**Бағдарламаның мақсаты:** Оқушылардың үлгерімі мен білім сапасын арттыруға бағытталған кешенді шараларды қабылдау.

**Осы мақсатқа сай туындайтын міндеттер:**

- Білім алушылардың білім беру бағдарламаларын табысты меңгеруіне жағдай жасау.
- Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық технологияларын таңдау және үлгерімі және қабілеті төмен оқушылардың ынтасын арттыру.
- Үлгерімі және қабілеті төмен оқушылардың ерекшеліктерін, олардың оқуда артта қалу себептерін және мотивациясының әлсіздігін зерттеу.

**Негізгі бағыттар және әрекеттер:**

1.Қабілеті төмен және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру.
2.Сабақтан тыс уақытта нашар үлгеретін және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс әдістері мен формалары.
3.Оқу үлгерімін жақсартуға бағытталған үлгерімі нашар және үлгерімсіз оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысы.
4.Үлгерімі төмен және үлгерімі төмен оқушылардың ата- аналарымен жұмысты ұйымдастыру.

**Бағдарламаның жоспарланған нәтижелері:**

- Оқушылардың интеллектуалды қабілетін дамытуға, үлгерімі төмен және үлгерімі төмен балалардың жеке өсуіне қолайлы жағдай жасау.
- Жаңа білім беру технологияларын енгізу.

**Тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі сәттер.**

Үлгерімі және қабілеті төмен оқушылармен жұмыстың тиімділігін арттыру үшін оқытудың жаңа технологияларын, оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін қолданыңыз: жеке тұлғаға бағытталған тәсіл (жеке қабілеттердің дамуы мен білім дағдыларының қалыптасу деңгейін ескере отырып құруды үйрену) және сабақтың барлық кезеңдерінде көп деңгейлі саралау.

Әңгімелесу кезінде үлгерімі төмен оқушыларға тақтада жауап беруге дайындалуға, көрнекі құралдарды қолдануға т.б. Оқушыларға материалды жүйелі түрде жеткізуге көмектесу үшін жетекші сұрақтар қойылады.

***Нашар оқушылардың кемшіліктері төмендегідей:***

1.Есеп шартын оқығанда әріп, буын немесе сөз қалдырып оқу,
2.Кейбір буындарды сөздерді қайталап немесе ежіктеп оқу. Мұндай кемшілігі бар оқушыға оқулықтан арнайы тапсырмалар немесе карточкамен жұмыс беріледі. Карточкамен жұмыс оқушыны жалықтырмайды, оқуға деген ынтасын арттырып отырады.

**Сабақта үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс**

**<u>Үлгерімі төмен оқушылармен әңгімелесу кезінде:</u>**

- дайындалуға көбірек уақыт беріңіз, қысқа жауап беру жоспарын ұсыныңыз, өзіңіздің жеке жауап жоспарыңызды құруға мүмкіндік беріңіз
- жауапты жүйелеуге көмектесу үшін диаграммалар, плакаттар шығару
- сұрақтарды жиі сөйлесуде қойыңыз

Үлгерімі төмен оқушылардың сауалнамасын басқа оқушылардың өзіндік жұмысымен біріктіру пайдалы, осылайша жеке жұмысты жүргізуге болады, жетекші сұрақтармен өз білімін көрсетуге көмектеседі және жаңа артта қалудың алдын алады.

**Жаңа материалды түсіндіру:**

- назар аудару үшін арнайы әдістерді қолданыңыз;
- алдағы сабақтардың мақсаттары мен міндеттерін нақты тұжырымдау, үлгерімі төмен әр оқушының материалды түсінуіне қол жеткізу;
- оқушылардың назарын аудару керек объектілерді ерекшелеу, барлық бөгде ынталандыруларды жою;
- оқыту әдістері мен оқу қызметінің түрлерін әртараптандыру, проблемалық жағдаяттар тугызу;
- оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын арттыру
- оқушылардың шаршауының алдын алу.

**Өздік жұмысты ұйымдастыру:**

- тапсырмаларды кезеңдерге, дозаларға бөліп, нақты нұсқауларды қолданыңыз
- оқушы тәуелсіздіктігінің алғашқы қадамдарын мадақтаңыз, осылайша оқушы қиындық пен қайғыға емес, қуанышқа, рахатқа бөленеді.

Қорыта келе, тақырыпты түсініп оқуда баланың оқыған әрбір сөзін белгілі затпен, математикалық элементпен байланыстырса, оқығанына мағына бере бастайды, жеңіл қабылдап, тақырып есінде сақтала бастайды. Сондай-ақ, үлкен көлемді тақырып кездессе, әр топқа (өсімдік, жануар немесе жәндіктер класына бөліп беру арқылы тақырыпты жеңіл игертуге болады. Осы әрекеттер жүзеге асқан жағдайда оқушының дүниетану пәніне деген қызығушылығы ояна түседі.

Үлгерімі және қабілеті төмен оқушылардың міндеті – түсініп оқу, әрбір сөзді топтап, белгілі затпен байланыстыра білу. Алған білімдерін кеңейтіп, білім, білік, дағды, іскерлік қабілеттерін қалыптастыратын, математикалық ойлауын, ережелерді ұғынып, шығармашылық ойын дамытуға жетелей отыра қабілетті тұлға тәрбиеленеді. Оқу бағдарламасына сай білімді өз дәрежесінде меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тани білетін, өзін өзгелердің мүмкіндігімен салыстыра алатын тұлға қалыптасады.

Қазіргі заман талабына сай, жаңартылған білім беру мазмұны аясында өскелең ұрпақтың бойына функционалдық сауаттылықты сіңіру үшін, тілдік төрт дағдыны дамыту көзделгені баршамызға аян. Соның ішінде ең күрделісі – тыңдалым, тыңдалым болмаса, айтылым, оқылым мен жазылымның жүзеге асуы екіталай. Кез-келген сабақты түрлендіре өткізу үшін оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді орынды пайдалану – менің педагогикалық ұстанымымның алғышарты.

## АРАЛАС САНДАРДЫ ҚОСУ

**Габдуллина Асылгүл Ерболатқызы**
*БҚО облысы, Жаңақала ауданы*
*Жаңақала мектеп гимназиясы*
*Математика пәні мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану | |
| **Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты(бар болса)** | Габдуллина Асылгүл Ерболатқызы | |
| **Күні:** | 23.11.23 | |
| **Сынып: 5 Б** | Қатысушылардың саны | Қатыспағандар саны |
| **Сабақтың тақырыбы** | Аралас сандарды қосу | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 5.1.2.20<br>аралас сандарды қосуды орындау; | |
| **Сабақтың мақсаттары** | Оқушыларды аралас сандарды қосуға қатысты ережелерін пайдалана отырып, есептер шығаруда алған білімдерін көрсету. | |

**Сабақ барысы**

| **Сабақ кезеңі/уақыты** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Білім алушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру кезеңі**<br>5 минут | Сәлеметсіздерме!<br>Оқушыларды **«Көбелек» әдісі** арқылы 4 топқа бөлу<br><br>Бүгін, Аралас сандарды қосу тақырыбын қарастырамыз<br>**Бүгінгі сабағымыздың мақсаты:**<br><br>5.1.2.20<br>аралас сандарды қосуды | Сәлемдесу;<br>Жай бөлшектер жазылған қағаздар арқылы топқа бөліну<br><br><br><br><br><br>Сабақ мақсатын тыңдау, танысу | Оқушылардың белсенділігіне қарай мұғалім ауызша мақтау сөздермен бағалауы | Тақта, слайд, оқу құралдары; |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | орындау;<br><br>**«Өзіңді тексер» әдісі** арқылы үй тапсырмасын тексеру.<br>№457 (1-6)<br><br>1) $2\frac{1}{6}+2\frac{5}{12}$ 2) $9\frac{3}{8}+7\frac{5}{6}$ 3) $5\frac{1}{10}+8\frac{3}{8}$<br><br>4) $6\frac{2}{15}+42\frac{18}{25}$<br>5) $5\frac{3}{18}+18\frac{1}{27}$<br>6) $9\frac{3}{20}+7\frac{4}{15}$ | Интербелсенді тақтадан үй тапсырмасының жауаптарын қарай отырып тексереді<br><br>№ 457<br>1) $2\frac{1}{6}+2\frac{5}{12}=2\frac{2}{12}+2\frac{5}{12}=4\frac{7}{12}$<br>2) $9\frac{3}{8}+7\frac{5}{6}=9\frac{9}{24}+7\frac{20}{24}=16\frac{29}{24}=16+1\frac{5}{24}=17\frac{5}{24}$<br>3) $5\frac{1}{10}+8\frac{3}{8}=5\frac{4}{40}+8\frac{15}{40}=13\frac{19}{40}$<br>4) $6\frac{2}{15}+42\frac{18}{25}=6\frac{10}{75}+42\frac{54}{75}=48\frac{64}{75}$<br>5) $5\frac{3}{18}+18\frac{1}{27}=5\frac{9}{54}+18\frac{2}{54}=23\frac{11}{54}$<br>6) $9\frac{3}{20}+7\frac{4}{15}=9\frac{9}{60}+7\frac{16}{60}=16\frac{25}{60}=16\frac{5}{12}$ | «Телефон» әдісі арқылы оқушылар өз-өздерін бағалауы | <br><br><br>Слайд |
| **Жаңа сабақ**<br>10 минут | Өткен материалдар бойынша білімдерін тексеру кезеңі.<br>**Kahoot** бағдарламасымен ойын ойнату арқылы оқушылардың білімдерін жан-жақты тексеру, ережелерді қайталау, тапсырмаларды орындау | Тақырып бойынша ресурстарды қарап, танысады.<br>Телефондары арқылы тапсырманы орындап, ережені еске түсіреді | .<br>Бағалау<br> | **Kahoot** бағдарламасы<br> |
| **Сабақтың ортасы**<br>15 минут | **Топтық жұмыс**<br>Әр топқа жеке-жеке тапсырма беру<br><u>1-топқа:</u> Жай бөлшектердің өмірде қолданылуы<br><u>2-топқа:</u> Бөлшектер туралы не білеміз?<br><u>3-топқа:</u> Есеп №457<br>7) $2\frac{19}{44}+5\frac{52}{66}$<br>8) $38\frac{21}{26}+14\frac{34}{39}$<br><u>4-топқа:</u> Аралас сандарға мысал келтіріңіз. | Әр топ өздеріне берілген тапсырманы орындап, тақтада постер қорғайды.<br>1) Емханада қолданады, мысалы дәрі бергенде 2/1 бөлігі деп айтылады. Т.б<br>2) Жай бөлшектің оқылуы,жазылуы, түрлері, анықтамалары айтылады.<br>3) №457 (7-8) есептері<br>4) Аралас санға мысал келтіру, бүтін бөлігі мен бөлшек бөлігін ажырату. | Әр топ бір-бірлерін бағалайды.<br><br>Оқушылардың белсенділігіне қарай мұғалім ауызша мақтау сөздермен бағалауы<br> | Плакат, маркер |
| **Тапсырмалар**<br>10 минут | **Оқулықпен жұмыс**<br>Жеке жұмыс. Оқулықтан №458 есепті шығару. Әр топқа бір-бір есептен беріледі. Оқушылар өз орындарында шығарып, бірінші болған оқушы тақтаға жазады.<br><br>**458.** Теңдеуді шешіңдер:<br>1) $x-2\frac{7}{12}=5\frac{3}{18}$;<br>3) $x-37\frac{17}{54}=15\frac{16}{45}$; | Оқулықтан берілген есепті шығара отырып, тақтаға қалай шығарылғанын жазу. Қалған оқушылар қатесін түзеп, дәптерлеріне көшіреді.<br><br>2) $x-26\frac{7}{21}=100\frac{5}{28}$;<br>4) $x-33\frac{21}{25}=42\frac{17}{35}$. | Әрбір дұрыс шығарылған есепке маршруттық парақта бағалайды | Жалпы білім беретін мектептің 5–сыныбына арналған оқулық. Оқулық авторлары: А.Е. Әбілқасымова, Т. П. Кучер, З.Ә. Жұмағұлова. Алматы «Мектеп» 2017ж, 1 бөлім |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>5 минут | **Рефлексия.** «Білім поштасы» арқылы кері байланыс<br><br><br>**Үйге тапсырма**. № 459-460 есеп, 119 бет<br>№459 (есепке сұрақ құраңдар және оны шығарыңдар)<br>Екі ыдыс бірдей көлемдегі сумен толтырылды. Бірінші судың 5/7-і, екіншісіндегі судың 5/9-і жұмсалды<br>№460 (есепке сұрақ құраңдар және оны шығарыңдар)<br>Ұзындықтары бірдей қызғылт, көк және жасыл түсті жолақ алынды. Қызғылт жолақтың ұзындығының 1/12-і, көктен 5/6-і, жасылдан 4/9-і қиып алынды. | Оқушылар алған білімдері бойынша кері байланыс жасайды<br><br>Үй тапсырмаларын күнделікке жазып алуы | Телефон әдісі бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша баллдары есептеліп бағаланады. | Жұмыс дәптерлері.<br><br>Слайд.<br><br>Білім поштасы, хаттар |



**Жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру.**


**Галиева Бибигул Кулжановна**
*Атырау облысы білім беру басқармасының*
*«Облыстық арнайы мектеп-интернаты» КММ-нің*
*директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары*
*педагог-зерттеуші-биология пән мұғалімі*


**«Жас ұрпақ әділ, адал, үнемшіл, еңбекқор, білімпаз, отаншыл әрі жанашыр болуға ұмтылуы керек. Ұлттың жаңа сапасы дегеніміз-осы»**
**Қ.К.Тоқаев**

Бүгінгі таңда біздің алдымызда ата-бабаларымыздың дәстүрін жалғайтын,өз елінің тілін құрметтейтін,патриоттары болатын ұрпақты тәрбиелеу міндеті тұр. Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып тәрбиелеу қазіргі кездің өзекті мәселесі. Ұлттық тәрбие біздің ұлтымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отыратын асыл қазынасы, болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы.Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат , адами қадір-қасиеті, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, патриоттық,шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады.Жас ұрпақты толық қанды тұлға қылып қалыптастыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің маңызы зор. Кезінде өз заманында әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби де тәрбиеге ерекше мән берді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» деген. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең ,жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек. Ұлттық құндылығымыздың бастауы – тіліміз. Тіл жоқ жерде ұлт та жоғалады. Тіл – бөбектің үні, тіл – ананың әлдиі, тіл – бесік жыры. Ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келген асыл қазынамыз – ұлттық тіліміз, мемлекеттігіміздің тұлғасы, тәуелсіздігіміздің тұғыры. Тәлім-тәрбие тілден басталады.

Мектеп пен отбасы арасында ынтымақты қарым-қатынас болуы керек.Өзара бірлесіп жұмыс жасағанда түсіністік,үйлесімдік болады. «Балапан ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі» деп ата-бабаларымыз айтқандай бала тәрбиені алғаш отбасынан әкеден ақыл,анадан мейірім алады.Әрбір ата-ана мектеппен қарым-қатынас жасауға ынталы болып отырса,үнемі байланыста болса балалардың жан-жақты дамуында,ұлттық тәрбие алуында жетістіктер мол болады.Жас ұрпақты тәрбиелеу қоғамдық өмірде болып жатқан өзгерістерге де байланысты. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-ана ,мектеп алдында үлкен міндет тұр.Қазіргі таңда білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қолдау орталықтары ашылуда.Ата-аналармен кездесулер,тренингтер ұйымдастырылады.Отбасы тәрбиесіне қатысты педагогикалық-психологиялық кеңестер беріледі.Кейбір отбасында бала тәрбиесіне байланысты қиналып жүрген ата-аналарға көмек көрсетіліп,ақыл-кеңес беріледі.Педагогикалық қолдау орталығының ашылу мақсаты- балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мектеп пен ата-аналар арасында тиімді өзара жағдайларды қамтамасыз ету.

Біздің мектеп-интернатта ата-аналарды қолдау орталығының жұмысы құрылды,мақсат,міндеттері айтылды,жоспары жасақталып таныстырылды.

«Менің отбасым-менің мақтанышым!» атты тақырыпта стенд жасақталды.

«Ұрпақ болашағы тәрбие мен білімде» атты тақырыпта ата-аналардың алғашқы жаңа оқу жылының жиналысы өткізілді.Біздің мектеп-интернат ерекше балаларға білім –тәрбие беретіндіктен педагогтар мен тәрбиешілердің міндеттері балаларды жеке тұлға қылып қалыптастыруда қажетті өмірлік дағдылар беру,өз бетімен өмір сүруге дайындау.

Еліміз тәуелсіздік алғалы жас ұрпақ бойында патриоттық сананы қалыптастыру, ол үшін патриоттық іс — әрекет ұйымдастыру, отбасы мен мектептердегі оқу-тәрбие процесінде патриоттық тәрбие беруді жетілдіру қажеттілігі туып отыр. Сондықтан, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде бұрынғы тәжірибе мен бүгінгі практиканы және болашақ жоспарларды байланыстыру қажет. Сонда ғана балалардың бойына ұлттық патриотизм сезімін қалыптастыруға қол жетеді. Ұлттық патриотизм – жеке тұлғаның өз тарихи дәстүрі сияқты категорияларға байланысты әртүрлі деңгейде көрініс береді. Соған қарамастан, осы рухани ерекшеліктерді білу, оны қалыптастыру – патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты. Жас ұрпақты аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіре отыруымыз қажет.

Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның міндеті.Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев «Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қалмақ» деп тұжырым жасаған екен. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлттық құндылықтарға сүйене отырып тәрбиелеу керек.Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-ана ,мектеп алдында үлкен міндет тұр.Мұғалімнің ұстаздық қасиеті мықты болса балаларымыз отбасынан алған тәрбиесін ұстаздармен бірге әрі қарай қалыптастырады.Өз тәжірибемде жаңашыл ұстаздар үнемі ізденуші,кез-келген жағдаяттан шыға алатын,жас ұрпақтың саналы тәрбие алуы жолында тынбай еңбектенетін жан.Абайша айтсақ, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»-деп елдің келешегі жас ұрпақтың қолында болса,сол жас ұрпақты тәрбиелеу,егеменді еліміздің мықты азаматы болуы үшін,бойларында ұлттық құндылықтары бар ұстаздарымыздың қолында, сол жолда шебер істері болатынына сенемін.

.

## ПОГОДА И КЛИМАТ



**Давлетова Анаркуль Хайтбаевна**
*Туркестанская область, Жетысайский район*
*Общеобразовательной школы - гимназии №4 имени Абая*
*Учитель русского языка и литературы*

| | | |
|---|---|---|
| **ФИО педагога** | **Школа:** | |
| **Дата** | | |
| **Класс 6** | **Количество присутствующих:** | **Количество отсутствующих:** |
| **Тема урока: § 25 Погода и климат** | | |
| **Цели обучения в соответствии с учебной программой** | 6.2.1.1 – владеть словарным запасом, включающим паронимы, заимствованные слова;<br>6.2.2.1 – пересказывать подробно, выборочно содержание текста;<br>6.3.1.1 – понимать основную информацию, определяя тему, цель или назначение текста;<br>6.5.2.2 – использовать простые и сложные предложения, выражающие изъяснительные отношения. | |
| **Цели урока** | определить основную и новую информацию; выделять ключевые слова, раскрывающие тему;<br>различать количественные и порядковые числительные,<br>простые, сложные и составные числительные и правильно употреблять их в речи. | |
| **Ход урока** | | |

| **Этап урока/время** | **Действия педагога** | **Действия учеников** | **Ресурсы** | **Оценивание** |
|---|---|---|---|---|
| **Начало урока** | **I. Организационный момент**.<br>Создание коллаборативной среды.<br>– Я рада всех вас видеть! Давайте подарим друг другу хорошее настроение. Я улыбнусь вам, вы улыбнитесь мне. Я хочу вам пожелать, чтобы сегодняшний урок обогатил вас новыми знаниями, вы получили удовольствие от работы друг с другом и стали немножко добрее. Садитесь.<br>**II. Актуализация знаний.**<br>Учащиеся слушают аудиозапись стихотворений русских поэтов о временах года.<br>Формулируют тему урока | Учащиеся отвечают на вопросы, определяют тему урока.<br><br>Ученики делятся на две группы | | ФО<br>Взаимооценка. |

<table>
<tr><td></td><td>www.zanimatika.narod.ru/Nachalka12_2.htm</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Середина урока</td><td>III. Изучение нового материала<br>Климат – это то, что мы ожидаем, погода – то, что получаем.<br>Упр. 1. Ознакомиться с информацией. Упр. .Марк Твен<br>Просмотр фильма «Земля. Климат» – http://www.youtube.com/watch?v=gXLs7xDAxUo<br>IV. Освоение изученного материала.<br>Если вы внимательно посмотрите вокруг, то увидите, что числительные окружают нас повсюду. При каких обстоятельствах вы встречаетесь с числительными?<br>А на каких уроках вы встречаетесь с числительными?<br>«Ваш помощник». Имя числительное.<br>Физкультурная минутка<br>Г. Работа в группах<br>Деление на группы по методу «Колечки»<br>Критерии успеха<br>-определит основную и новую информацию, выделит ключевые слова, раскрывающие тему;<br>- различит количественные и порядковые числительные, простые, сложные и составные числительные и правильно употребит их в речи.<br>Дескрипторы:<br>-определяет основную мысль текста;<br>-составляет вопросы;<br>-определяет окончание прилагательных;<br>-умеет сравнить два текста;<br>Презентация работы<br>Самостоятельная работа.<br>Задание для первой группы:<br>1. Работа с текстом. Упр. 3.<br>2. Выпишите числительные, определите разряд.<br>Задание для второй группы:<br>1. Работа с текстом. Упр. 4.<br>2. Выпишите числительные, определите разряд.<br>V. Закрепление изученного материала<br>1. Упр. 5. Работа с текстом.<br>2. Упр. 6. Спишите, раскрывая скобки.<br>В беседе, в рассказе о чём-либо часто бывает нужно передать слушателю (читателю) чужую речь. Чужую речь можно ещё передать косвенную речь. Косвенная речь представляет собой передачу чужого высказывания в форме придаточного предложения в сложносочинённом предложении и чаще всего начинается словами, что, чтобы.<br>Сравните: Виктор сказал: «Пойдёмте вместе со мной!» (прямая речь). Виктор сказал (что?), чтобы мы пошли вместе с ним (косвенная речь).</td><td>Физкультурная минутка<br>Раз — поднялись, подтянулись.<br>Два — согнулись, разогнулись.<br>Три — в ладоши три хлопка,<br>Головою три кивка.<br>На четыре — руки шире,<br>Пять — руками помахать,<br>А на шесть — тихонько сесть.<br><br>Учащиеся отвечают на вопросы, приводят примеры, обращаются к разделу «Ваш помощник», читают правило, делают записи в тетради.</td><td></td><td>Обменяться тетрадками с соседом для взаимопроверки<br><br>Выставляться в виде оценок.</td></tr>
<tr><td>Конец урока</td><td>Составление синквейна к существительному климат. Раскройте изученную на уроке грамматическую тему, отвечая на вопросы по цепочке: «Что?», «Как?», «Какие?», «Почему?».<br>Прием «Верные утверждения» выявляет уровень усвоения полученной информации на данном уроке.<br>Домашнее задание.<br>Для самостоятельного изучения предлагается «УС». Используя интернет-ресурсы, подготовьте сообщение о климате в вашем регионе</td><td></td><td></td><td>Выберите смайлик, который говорит о том, с каким настроением вы уходите с урока.</td></tr>
</table>

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МЕН ТҮРЛІ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЖӘНЕ ДЕ ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ДАСТАРҚАН БАСЫНДА ӨЗІН-ӨЗІ ДҰРЫС ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ



**Дауытова Гулназ Бекполатовна**
Ә.Науаи атындағы №13 мектеп-гимназия
Көркем еңбек пәні мұғалімі:

| | | |
|---|---|---|
| **Көркем еңбек** | **Мектеп: Ә.Науаи атындағы № 13 мектеп гимназия** | |
| **Күні:** | **Оқытушының аты-жөні: Дауытова Гулназ** | |
| **Сынып: 6** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар:** |
| **Бөлім:** | Тамақтану мәдениеті. | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Қазақ халқы мен түрлі халықтардың және де қоғамдық тамақтану орындарындағы дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері | |
| **Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары** | 6.2.4.1-Қоғамдық тамақтану орындарында, қазақ халқы мен әлем халықтарының мәдениетіндегі дастарқан басында өзін-өзі ұстау ережелерін салыстыру және сипаттау<br>6.2.4.2- Әртүрлі іс-шараға арналған дастарханды безендірудегі білімдері мен тәжірбиелік дағдыларын көрсету | |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлығы**: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды;<br>**Көпшілігі**: Топтық жұмысты бірлесе орындайды және өз бетінше жұмыс жасайды;<br>**Кейбіреуі**: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіреді | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/уақыт** | **Педагогтың әрекеті** | **Оқушылардың әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Басталуы** | *Ұйымдастыру кезеңі*<br>Ынтымақтастық атмосферасын құру. Өзіне ұнаған тамақты айтады.<br><br>Қазақтың ұлттық тағамдарын топтастыру арқылы топқа бөлу. Сабаққа қызығушылығын ояту мақсатында ұлттық тағамдар туралы презинтация көрсетемін.<br><br> | Оқушылар амандасып ,бір-біріне сәттілік тілейді. Өздеріне ұнаған тамақтың атын айтады<br>Оқушылар жасалуы туралы талқылайды.<br><br><br>Ойлан , бірік, бөліс әдісі арқылы оқушылар өткен сабақтағы білімдерін сәйкестендіру кестесімен пысықтады. | **Қалыптастырушы бағалау:** Бірін –бірі бағалау. | Оқулықтағы түсініктемелер мен иллюстрациялық суреттер Мен қосымша тапсырмалар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ортасы** | Жаңа сабақ Дастарқан басында өзін ұстау мәдениеті<br><br><br>Жаңа тақырыпты түсіндіремін. Әлем халықтарының тамақтану мәдениетімен таныстырамын.<br>**Оқулықпен жұмыс. 2)Тапсырма**<br><br>Үстелдерді безендіру түрлерін ата.<br><br>**Сергіту сәті. Тамақтану құралдары туралы**<br><br><br>**жұмбақ** | Оқушыларға жаңа тақырыпқа қатысты презентация көрсетіледі. Оны тамашалап, түсінгендерін кестеге жазады.<br><br>Оқушылар тақырыпты оқып, тапсырмамен жұмыс жасайды.<br><br><br>Әлем халықтарының тамақтану мәдениеті туралы білімдерін нақтылайды.<br><br><br>«Асханаға саяхат» Үстелді тамақтануға даярлайды. Берілген суреттерді пайдаланып, дастарқанды жабдықтайды.<br><br>Жұмбақты табады, жауаптарын өзбек және орыс тілдеріне аударады | | Алуан түрлі қағаздар мен картон қағаз т.б табиғи сәндік бұйымдар |
| **Аяқталуы** | **Рефлексия:**<br><br> | «Пікірлер банкісі» атты рефлексия парағы береді. Онда: «мен меңгердім», - «мен білгенмін» және - «толықтырғым келеді» деген үш бағанға оқушылар бүгінгі сабақтан түйген ойларын жазып береді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Аяқталуы** | **Кері байланыс**<br>Оқушылар рефлекциясы : «Алма ағашы» әдісі.<br>• Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым, сондықтан көңіл-күйім көтеріңкі.<br>• Сары алма – мен тапсырманы толықтырамын, көңіл күйім орташа.<br>• Қызыл түсті алма - мен тапсырманы орындай алмадым , көңіл –күйім жоқ.<br>Өз ойларын еркін жеткізу . | Оқушылар бүгінгі сабақты қандай деңгейде түсініп,білгендерін алманы таңдағандары бойынша білемін.<br>Жасыл алманы бәрін жақсы түсінген оқушылар таңдаса , сары алманы кейбіреулерін дұрыс түсінбеген , толықтырамын деген оқушылар таңдаса, қызыл алманы тапсырманы орындай алмаған ,түсінбеген оқушылар таңдайды .Бүгінгі сабақтағы білім деңгейінің көрсетеді | Оқушылардың жасаған жұмыстарына пікір қалдыру. | Қағазға салынған қызыл, сары және жасыл алма суреттері |





## КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІН ОҚЫТУДА ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ –НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ



**Дуйсебаева Динара Рахматуллаевна**
*Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы*
*"Диқан" жалпы білім беретін мектебі*
*Көркем еңбек пәні мұғалімі*

Көркем еңбек пәнін оқытуда – еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім - тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым – қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді.

Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Негізгі мақсатымыз – Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі» делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет. Адамға ең бірінші өмірлік қажеті - еңбек екенін уақыт дәлелдеуде. Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу» бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде. Біздің елімізде еңбекке үйрену – Ы. Алтынсарин 1887 - 1888 жылдары орыс – қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған. Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады. Болашақ кәсіпкер:

- өз өндірісінен түскен қаржыны жұмсай алатын жеке меншік иесі;
-азаматтық нарыққа қатыса алады;
-өз өндірісінде жұмыс беруші, ұйымдастырушы;
- жұмыстың сапасына жауап беруші.

Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс - тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу - мектептің материалдық – технологиялық базасына, аймақ ерекшелігіне байланысты. Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау.

Ата - ана, ауыл әкімшілігі мектеп ұжымымен бірігіп, жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу - тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет. Еңбек тәрбиесі - барлық тәрбиенің қайнар көзі. Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс - әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Технология сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз.

2016жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспары. – Астана, 2012.
3) ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттікбағдарламасы. – Астана, 2010.
4) Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, Педагогикалық шеберлікорталығы, 2015 жыл.

## Д. ИСАБЕКОВ «ӘПКЕ» ДРАМАСЫ



**Ермекова Гулназира Кенжесовна**
*Ақтөбе қаласы Әл Фараби атындағы*
*№21 мамандандырылған гимназия*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| **Мектеп:** | **Ақтөбе қаласы Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназия** | |
| **Бөлім:** | **Махаббат және абырой Пәні: қазақ әдебиеті** | |
| **Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)** | **Ермекова Гулназира Кенжесовна** | |
| **Күні: 17 02 2023** | **Пәні: қазақ әдебиеті** | |
| **Сынып:8 «А»** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Д. Исабеков «Әпке» драмасы 2 | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 8.1.1.1әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог,прологтарды анықтау;<br>8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; | |
| **Сабақтың мақсаты** | «Әпке» драмасының жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог,прологтарды анықтайды<br>композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдайды | |
| **Құндылықтарға баулу** | **Оқушылардың бойына адамгершілік, бауырмалдық қасиеттерді сіңіру** | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Оқушылармен амандасу**<br>**Оқушылардың назарын сабаққа аудару**<br>**Үй тапсырмасын сұрау**<br><br> | **Мұғаліммен амандасады**<br>**Үй тапсырмасын айтады** | **Ауызша мадақтау**<br><br>**1 балл** | **https://wordwall.net/resource/52562961/копия-еды-и-напитков-что-это-что-это-назовите-это** |
| **Сабақтың ортасы** | **1-тапсырма. Оқушылар шығарманың композициялық құрылысына қарай талдаңыз**<br><br>**Оқиғаның басталуы** Қабен мен Қамажайдың телефон арқылы әңгімесі<br>**Оқиғаның байланысы** Үй ішіндегі жиналыс<br>**Оқиғаның дамуы** Тимурдың үйленуі<br>**Оқиғаның шиеленісі** Үйдегі «жынойнақ»<br>**Оқиғаның шарықтау шегі** Сүйінші хабар<br>**Оқиғаның шешімі** Ананың мерейтойы<br><br>**Дескриптор:**<br>-шығарманың мазмұнын біледі; | **Сюжеттік желілерін анықтап, тақырып қояды** | **2 балл** | **Интерактивті тақта**<br><br>**Таратпа материалдары** |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>-оқиға желісін реттілік бойынша анықтайды.<br><br>2-тапсырма.Автор шығарма прологі мен эпилогі арқылы оқырманға қандай ой салғысы келді? Шығарма түйініндегі негізгі айтар ой не деп ойлайсыздар?<br>
<table>
<tr><th>Пролог</th><th>Эпилог</th></tr>
<tr>
<td>(Қабеннің дауысы)<br>«Мен сені үш күн бойы күттім. Адамды осылай қорлауға бола<br>ма? Балалар оянып кетеді деп, телефон соқтырмайтын өзің. Сондықтан, бір парақ қағаз жазып отырмын. Қымбаттым-ау, күттірудің де, шыдамның да шегі болады ғой. Неге келмейсің? Мені ұнатпайтын болсаң, күндіз телефонмен сөйлескенде оныңды ашып айт. Кісіні әуре-сарсаңға салып қойғаның не? Бүгін тағы да күтем. Екеуміздің әуелгі келіскен жерде. Өтінемін, жүздесіп кет. Бүгін, сөз жоқ келгейсің. Өтінемін, асыға күтем. Соңғы рет».<br><br>Қамажай:<br>Бір алапат сезім кіріп кеудеме,<br>Жұлқынғанда айта алмадым деп “неге?”<br>“Өмір деген жалғыз сенің үйің бе?<br>Халат тастап, далаға жүр киін де”, -<br>Деді маған ыдыс жуып жатқанда.<br>Өң естілді,<br>Көктем кеткен жатқан ба?, ..<br>Дала кезген самал болып кеттім мен,<br>Оралдым ба баяғы бір шақтарға,<br>Толқын болып тулап шықтым далаға.</td>
<td>(Үйде той. Ұзын лық толы. Қарсы б қабырғада Ана пор Оның астында “60 деген жазу көріні Көрші әйел Қолындағы гүлін үстіндегі вазаға қоя<br><br>Қамажай. ... Ола жоқ...қайтеміз, өзіміз өткіземіз де. көңілденетін күн е салатын күн еді. бар ма!...<br>Әйел. Ойбай-ау, не болған?! Қазір жиналады...<br>Қамажай. ...Өзім өткіземіз. Өзім Олардың қо тимейді. Өзімі өзіміз-ақ!</td>
</tr>
</table>
Дескриптор:<br>-прологте айтылған ойды анықтайды<br>-эпилогте айтылған ойды анықтайды.<br><br>3-тапсырма.<br>Автор осы үзіндіде қандай қасиетке ерекше мән береді? Драманың өн бойынан аңғарылатын автор позициясына талдау жасаңыз<br><br>Үйдегі төртеуі азамат болмай,мен өз</td>
<td>Өзіңді тексер!<br><br>Пролог – көркем шығарманың оқиға мазмұны мен мәнін оқырманға таныстыратын кіріспе бөлімі. Ол – шығарма идеясын дұрыс түсіндіру.<br>Автор Қабен мен Қамажайдың монологы арқылы оқырманға түйінді ой тастайды. Қамажайдың алдына екі таңдау қояды. Не бауырлары, не сүйіктісі. Шығарманың прологі оқырманды еріксіз қызықтырып, басты кейіпкер Қамажайдың таңдауын білгенше асықтырады<br><br>Өзіңді тексер!<br><br>Эпилог – көркем шығарманы қорытындылап, негізгі оқиға желісінен бөлек тұрса да авторлық идеяны толықтыра түсіп, шығарманың басты кейіпкерлері жайында қысқаша мәлімет береді, олардың кейінгі іс-әрекеттерінің жалғасын көрсетеді.<br>Бұл күн Қамажайдың отбасы үшін қуанышты күн еді. Қамажай осы мерекеге барлық отбасының басы қосылғанын қалады. Әйтсе де үзіндіден оқып көргеніміздей, барлық нәрсе біз күткендей бола бермейді. Шығарманың негізгі түйіні де бауырларын бақытты етсем деген әпкенің тілегі мен өз бақытын құрбан етуін көрсету және шығарма соңында</td>
<td>1 балл<br><br>1 балл<br><br>2 балл<br><br>3 балл</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | басымның қамын ойлауға хақым жоқ. Өз жөнін тауып, әке кетті, талқаны таусылып , шеше байғұс арманда ол кетті. Тағдырдың соққысынан есеңгіреген естерін енді жинап, көкіректерінен қайғы ұмытп бола бастағанда «Не болсаң ,ол бол» деп өзә жөніммен мен кетсем, олардың күні не болмақ? Жо-жоқ, Қабен. Кешір мені . Бақытыңа кедергі болғым келмейді.Сенің жолың басқа. Інілерімнің біреуі шығып қалса, ұят болады. Сау бол. Таңертең ерте жұмысқа баруым керек.<br>**Дескриптор:**<br>- үзіндідегі қасиеттерді анықтайды;<br>- автор позициясын талдайды.<br><br>**4-тапсырма**<br>**«Бір минуттық эссе»**<br><br>Мені таңғалдырғаны...<br>Мені ойландырды...<br>Мені уайымдатты.. | жалғыз қалған Қамажай бейнесі арқылы басқаларға ой салу | | |
| **Сабақтың соңы** | **Қызық**<br>**Қиын**<br>**Қажет**<br>**Үйге тапсырма «Аман болшы, әпкетай!» Қамажайға хат** | **Сабаққа кері байланыс береді** | **1-10 балл аралығында бағалау** | Кері байланыс-қа арналған суреттер |

## АЛАШ АВТОНОМИЯСЫНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ТАРИХЫ



**Есентаев Ади Максутович**
*Абай облысы, Жарма ауданы*
*"Георгиевка орта мектебі" КММ*
*Қазақстан тарихы пәні мұғалімі*

Еліміз тәуелсіздік алып әлемдік тарихтың құрамдас бір бөлігіне айналып дамудың даңғыл жолына түскеніне де 30 жылдан асты. Ал осыдан бір ғасыр бұрын 1917 жылы ақпан айында Ресей империясын 300 жыл билеген Романовтар әулетінің соңғы тұяғы Николай-II патшаны орыс революционерлері тақтан құлатып, Бүкіл Ресейде және оның бодандығындағы елдерде қос үкімет құрылған болатын. Ол үкіметтер Уақытша үкімет және пен Жұмысшы,солдат және шаруа депутаттарының кеңесі деп аталды. Осы екі үкімет арасында билік үшін басталған талас-тартыс кезінде В.И. Ленин бастаған революционерлер жеңіске жетіп Пролетариат диктатурасын орнатты. Ресейдегі болып жатқан осынау саяси қарбаластар кезін кең-байтақ қазақ жұртына қайтсек азаттық әпереміз деп жүрген қазақ саяси элитасы тиімді пайдалануға тырысты. Олар болып жатқан бұл тарихи жағдайлар Алашқа азаттық әперер мүмкіндіктің бірі деп бағалап, алаштың азаматтары бас қосып кеңесетін құрылтай өткізу керек деп шешеді. Осы шешім негізінде бүкіл қазақ облыстарына I-ші жалпы қазақ сезді өтетін күн де жарияланды. Ол 1917 жылдың 22-26 шілдесі деп белгіленді. Осылайша Орынбор қаласында I-ші жалпы қазақ сьезді өз жұмысын бастады. Оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарымен және Бөкей ордасынан 20-дан аса сьезд делегаттары қатысты. Бұл сьездің тарихи маңызын түсіну үшін оған қазіргі Қазақстан аймағына кіретін барлық жерлерден өкілдер қатысқанын баса айтуға тиіспіз. Сьезд жұмысы Халел Досмұхаммедовтың төрағалығымен, Ахмет Байтұрсынов, Әлмұхамед Көтібаров, Міржақып Дулатов, Асылбек Сейітовтың хатшылығымен өтті.

Сьезд жұмысындағы күн тәртібінде 14 түрлі мәселе қаралды. Олар:

1. Мемлекет қалпы,
2. Сот жүйесі,
3. Дін ісі,
4. Оқу-білім мәселесі,
5. Жер мәселесі
6. Алаш милициясы
7. Қазақ автономиясы
8. Земство
9. Әйел мәселесі
10. Бүкілресейлік құрылтай жиналысына дайындық
11. Бүкілресейлік мұслмандар кеңесіне дайындық мәселесі
12. Қазақ саяси партиясын құру мәселесі
13. Жетісу оқиғасы
14. Киевте өтетін Бүкілресейлік федералистер сьезіне және Санкт-Петербургтегі оқу комиссиясына Қазақстаннан өкіл жіберу сияқты қоғам үшін аса маңызды мәселелер болды, міне осы бағыттар бойынша кеңесті.

Съезд жұмысында болашақта Алаш автономиясы құрылған жағдайда Ресей Федеративтік демократиялық, парламенттік республикасының құрамындағы Автономиялық облыс болады деп болашақ автономия тағдырын пысықтап алды.

Күн тәртібінде қаралған екінші ірі мәселенің бірі ол сол кездегі қоғам үшін аса маңызды болып саналатын Жер мәселесі болатын.

Съезд жұмысында Жер үлестері алдымен қазақ шаруалары қоныстанып алмайынша орыс мұжықтарына берілмесін, бұрынғы орыс шаруаларына берілген жер үлестерінің пайдаланылмағаны болса қазақ шаруаларына қайтарылып берілсін деген қортынды жасады.

Осы І-ші жалпы қазақ сеьздінің күн тәртібінде қаралған тағы бір маңызды мәселенің бірі ол Алаш партиясын құру және оның бағдарламасын жасау болды.

Съезд жұмысы барысында Алаш партиясы құрылып, 10 – бөлімнен тұратын партия бағдарламасы жасалды. Кейіннен ол Қазақ газетінің 1917 жылғы № 251 санында жарияланды. Алаш партиясының бағдарламасын жасауға қатысқандар қатарында «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан зиялы қауым өкілдері Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Мұстафа Шоқай, Мұаммеджан Тынышпаев, ағайынды Халел және Жаһанша Досмұхаммедовтар,Мағжан Жұмабаев, Халел Ғаббасов сынды алаш қайраткерлері болатын.

Алаш партиясының бағдарламасы 10 бөлімнен тұрды.

1. Мемлекет қалпы.
2. Жергілікті бостандық.
3. Негізгі құқық.
4. Дін ісі.
5. Билік һәм сот.
6. Ел қорғау.
7. Салық.
8. Жұмысшылар құқығы.
9. Ғылым – білім, оқу – ағарту.
10. Жер мәселесі.

Алаш партиясының бұл бағдарламасы 1917 жылы 5 – 13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен ІІ-ші Жалпы қазақ сьезде қабылданды.

Партия бағдарламасында демократиялық басқару жолына апаратын батыл қадамдар жасалған. Дін ісі мемлекет ісінен бөлек болек болды. Дін бостандығына еркіндік берілді. Сот ісі қай халықтың тілі басым болса сол тілде жүргізілсін деп шешілді.

Жерге мемлекеттік меншікті орнату, ондағы жер асты байлықтарымен жер үстіндегі табиғат байлықтарының мемлекет меншігі болатындығы жарияланды.

«Алашорда үкіметінің құрылуы»

1917 жылы 5 – 13 желтоқсанда Орынбор қаласында ІІ-ші Жалпы қазақ съезді болып, онда Алашорда деп аталатын уақытша ұлт кеңесімен Алаш автономиясы құрылды.

Съезд жұмысына Самарқан облысымен Алтай губерниясы қазақтарының атынан -58 делегат, әр түрлі қазақ ұйымдары атынан -8 делегат, арнайы шақырумен 15 делегат, ресми 81 делегат ұзын саны 300-ге тарта адам қатысады. Съезд жұмысына қатысқан сүт бетіне шыққан қаймақтай болған алаш алыптары мыналар еді Семейден Абайдың ұлы Тұрағұл, Кенесарының немересі Әзімхан Кенесарин, Қазақтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы, ұлтының ұяты болған Әлихан Бөкейханұлы, қылыштай өткір Жаһанша Досмұхамедұлы, алты алаштың ардағы болған Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедұлы, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Міржақып Дулатұлы болды. Бұлардың барлығы болыстық, уездік, облыстық сьездерден іріктеліп шыққан легитимді делегаттар еді. Сьездің күн тәртібінде 10 түрлі мәселе қойылды.

1. Сібір автономиясы.
2. Түркістан автономиясы және Оңтүстік-шығыс Одағы туралы.
3. Қазақ-қырғыз автономиясы туралы.
4. Алаш милициясы туралы.
5. Ұлт қазынасы.
6. Дін мәселесі.
7. Ұлт кеңесі туралы.
8. Сот ісі.
9. Ауылдық басқару.
10. Азық-түлік мәселесі.

Съезд жұмысы әуелі Әлихан Бөкейханұлының қазақ автономиясын оның үкіметі мен милициясын құру туралы жасаған баяндамасы мен басталады. Бұл мәселелерді жеке талқылаған 7-кісілік комиссия атынан сьездің ең соңғы күні 13 желтоқсанда Халел Ғаббасов сьезд қаулысын жариялайды, онда уақытша үкімет құлағаннан кейінгі уақытта қазақ жерінде қазақтың өзіндік автономиялық аумағын құру керектігі айтылды. Автономия атауын Алаш деп атау бірауыздан қабылданды. Сьезд қорытындысында Алашорда үкіметінің құрылғандығы жарияланды. Алаш автономиясының аумағына Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстары мен Әмудария аймағы кірді.

Кейін сол бір тарихи күннің куәгері болған Алаш зиялыларының бірі Әлімхан Ермеков «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 22 қаңтар күнгі шыққан санында былай деп өз естелігін жазады: *«Декабрьдің 12 – күні, түс ауа сағат 3 – те дүниеге «Алаш» Автономиясы келіп, Азан шақырылып ат қойылды. Алты Алаштың баласының басына Ақ Орда тігіліп, Алаш туы көтерілді.» Жасасын Алаш Автономиясы.*

Алашорда үкіметінің төрағалығына Бақтыкерей Құлманов, Айдархан Тұрлыбаев, Әлихан Бөкейхановтың кандитатуралары дауысқа салынады. Бақтыкерей Құлмановқа 19, Айдархан Тұрлыбаевқа 20, Әлихан Бөкейхановқа 40 адам дауыс беріп 79 дауыстың 40-на ие болған Әлихан Бөкейханов Алашорда үкіметінің төрағасы болады.

Алашорда үкіметінің өз баспасөз орталығы болды. Ол «Қазақ» газеті болатын. Алашорда үкіметінің уақытша тұратын орыны Семей қаласы болсын деп шешілді. Алашорда үкіметінің мүшесі 25 адамнан құралды. 10 орын қазақ жерінде өмір сүретін басқа ұлт өкілдерімен орыстарға тиесілі болды. Қалған 15 орынға үкімет төрағасы Ә. Бөкейханов бастаған 15 қазақ азаматы мүше болып сайланды.

Алаш автономиясының Алашорда немесе Алаш үкіметі деп аталатын уақытша ұлт кеңесінің құрамына сайланған қазақ зиялыларының тізімі төмендегідей.

1.Бөкей ордасынан Уәлихан Танашев,
2. Орал облысынан Халел Досмұхамедов,
3. Ақмола облысынан Айдархан Тұрлыбаев,
4. Торғай облысынан Ахметжан Бірімжанов,
5. Семей облысынан Халел Ғаббасов,
6. Жетісу облысынан Сыздық Аманжолов,
7. Сырдария облысынан Мұстафа Шоқай,
Облыстардан тыс Алашорда үкіметінің құрамына үкімет төрағасы
8. Әлихан Бөкейханов,
9. Жаһанша Досмұхаммедов,
10. Әлімхан Ермеков,
11. Мұхамметжан Тынышбаев,
12. Бақтыкерей Құлманов,
13. Жүсіпбек Аймауытов,
14. Сатылған Сабатаев,
15.Отыншы Әлжанов

Оларға 800 сом мөлшерінде айлық тағайындалады. Бұл уақытта Лениннің жалақысы 500, Сталиннің айлығы 225 сом болған болатын. Осы 15 үкімет мүшесініңөз орынбасарлары болды. Оларда қазақ жерінің әр облыснан сайланды.

Ұлан байтақ қазақ даласын бір орталықтан басқарудың қиындықтарна байланысты Алашорданың Батыс бөлімшесі құрылып, оны белгілі заңгер Жаһанша Досмұхамедов басқарды. Батыс Алашорда бөлімшесінің орталығы Жымпиты қаласы болып белгіленді.

1918 жылы 30 шілдеде Қазақ газетінің № 262 санында Семей қаласаның Алаш аталатын бөлігінде Алашорда үкіметінің өз жұмысын бастағандығы туралы көлемді мақала жарық көрді.

1919 жылдың сәуір айында Ә. Бөкейханов, Х. Ғаббасов, Ә. Ермековтар телеграф желісі арқылы Халақ Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.И. Ленинмен Ұлт Істері жөніндегі Халық Комиссары И.В. Сталинмен Алаш автономиясының жер көлемі, шекарасы қандай болмақ деген мәселе төңірегінде ой қозғап, пікір бөліседі.

Алайда аз ғана уақытқа созылған осы бір саяси төңкерістерге толы аласапыран жылдары Алашорда үкіметі ұзақ өмір сүре алмады. 1918 жылдың қазан айында Бүкіл ресейлік Орталық Атқару Комитеті «Алашорда» үкіметі өз жұмысын тоқтатсын деген қаулы қабылдады.

Осы қаулы қабылданғаннан кейін 1919 жылы наурыз айында Ахмет Байтұрсынов бастаған «Шығыс Алашордалықтар» кеңес үкіметінің билігін еріксіз мойындауға мәжбүр болады.

Алашорда үкіметінің Кеңес үкіметінің билігін мойындауына әсер еткен жағдайдың бірі, Әлихан Бөкейхановтың Колчак әскерімен одақтасу ниетінің сәтсіздікке ұшырауы болатын. Омбыда орналасқан атаман Колчактан қару жарақ алып Алашорда әскерін қаруландыру үшін Ә. Бөкейхановқа Алашорда әскерлерінің орналасқан жерлерін айтуына тура келді. Сол кезде Алашорданың үкіметінің Жетісу жерінде 700, Тройцкіде 540, Орал облысында 2000 адамдық сарбазы болған екен.

Алашорда үкіметін құлату мақсатында Кеңес үкіметі Алашорда қозғалысына қатысқан барлық азаматтарға кешірім жасайтындықтарын жариялады. Алайда араға біраз жылдар салып «Халық жауы» деген жазықсыз жала жабылған Алаш қайраткерлері Сталиндік қуғын – сүргін құрбандарына айналады.

Кеңес үкіметі Алашорда үкіметін 1920 жылы 9 наурыз күні құлатып тарих сахнасынан кетірді. Алашорда қозғалысының қайраткерлері алдарына қойған мақсаттарына қол жеткізе алмай Қызыл империя құрсауына қайта түсті. Қазақ халқын тәуелсіздікке жеткізсек деген Алаштың ардақты азаматтарының асыл армандары аяқсыз қалды.

## МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ



**Ескалиева Гулнур Бакытбековна**
*Қызылорда қаласы,№136 мектеп-лицей*
*Математика пәні мұғалімі*
*педагог-сарапшы*

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп: | №136 мектеп-лицей | |
| Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда) | Ескалиева Гулнур Бакытбековна | |
| Күні: | 1 қыркүйек 2023 жыл | |
| Сынып: 5 «А» | Қатысушылар | Қатыспағандар саны |
| Сабақ тақырыбы: | Мектебім-мейірім мекені | |

| | |
|---|---|
| Сабақтың мақсаты: | Мектептің білім ордасы ретіндегі маңызын түсіндіру;<br>Мейірімділік, оқу-білім туралы өз ойларын ортаға салғыза отырып, білім құмарлыққа шақыру. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 минут | **Сәлемдесу**<br>*Мұғалім сөзі:*<br>Мектеп деген – білім кені, жыр кені,<br>Мектеп деген – ғылымның ең үлкені<br>Мектеп деген – тәрбиеші адамға<br>Мектеп деген - даналардың мекені<br><br>*Мектеп қабырғасын сезініп, оның ауасын жұтпаған адам жоқтың қасы. Себебі мектеп – білімнің кілті, тәрбиенің ошағы.*<br>*Құрметті оқушылар Сіздерді 1 қыркүйек –білім күнімен құттықтаймын!*<br>*Биылғы оқу жылында толағай табыс тілеймін!*<br><br>**Топқа бөліну:** Оқушыларды мұғалім өзі 1-2-3-4 реттілігімен санап, төрт топқа бөледі<br>.**Психологиялық ахуал тудыру**<br>**Жұмбақ шешу**<br>Ұрсаң қатты зырлайды,<br>Жерге қарғып тұрмайды.<br>Абайлаңдар, балалар,<br>Жолда ойнауға болмайды.<br>**Шешуі: доп**<br><br>**«Допты қағып ал»** әдісі бойынша допты лақтыра отырып, сұрақтарға жауап алу, назарларын сабаққа аудару, қызығушылықтарын тудыру.<br>Додекаэдрде жазылған сұрақтарға жауап беру | Сәлемдеседі<br><br>Оқушылар мұғалімнің кіріспе сөзін тыңдайды<br><br>Ұлылықты ардақ тұтар үнемі,<br>(1-топ)<br>Алтын ұя, ақ босаға киелі,<br>(2-топ)<br>Қанат қаққан білім алып өзіңнен,<br>(3-топ)<br>Күллі шәкірт саған басын иеді.<br>*(4-топ)*<br><br>Санау арқылы 4 топқа бөлініп отырады<br>**I топ «КИЕЛІ МЕКЕН»**<br>**II топ «БІЛІМ ОШАҒЫ»**<br>**III топ «АЛТЫН ҰЯ»**<br>**IV топ «ТӘРБИЕ БҰЛАҒЫ»**<br><br>Жұмбақты шешеді<br><br>Мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап беріп, диалогқа қатысады. Сыныпта жағымды ахуал қалыптасады.<br>Додекаэдрді әр топқа бере отырып,жан-жақтарында жазылған сұрақтарға жауап береді | Оқушылар рухани және жауапкершілік құндылығы тәрбиесін алады.<br><br>ҚБ<br>Мадақтау, қолдау<br><br>Бірлік, сыйластық құндылығы | Доп<br>Додекаэдр<br> |
| Сабақтың ортасы<br>35 минут | Тақырыпқа назар аударылады.<br>**«Мектебім-мейірім мекені»**<br>Баяу музыка ырғағымен<br>Мектепсіз өмірді болжау (елестету)<br><br>-Осы тақырып туралы не айтуға болады? Қандай сөздер түсінікті? Қай сөздермен жұмыс жасауымыз керек деп ойлайсыңдар?<br>Ақын-жазушыларымыз оқу-білім туралы не айтқанын есімізге түсірейік.<br>-Мектепте кімдер жұмыс жасайды?<br>-Оқушылар өздерін қалай ұстау керек?<br>-Бүгін қандай күн? Несімен ерекше?<br>-Мектептен не үйреніп жатырсыңдар? | *«Егер мектеп болмаса...» тақырыбында оқушылар 1 минут баяу музыка ойнап тұрғанда аталған тақырыпта өмірлерін елестетіп көріп, ойлары арқылы бөліседі.*<br><br>Ойланады, елестетеді, болжайды<br><br>Қойылған сұрақтарға жауап береді. Өткен сыныптағы материалдар бойынша білім, оқу, мектеп туралы шығармаларды еске | ҚБ:<br>«Комплиментте р бұрқасыны»<br><br>Өмір бойы білім алу айқындылығы, ашықтық, еңбекқорлық, шығармашылық құндылықтары | Слайд<br><br>Слайд |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>-Білім құмарлықты қалай түсінесің?<br>Астарлы әңгіме<br>Жол бойында аяңдап келе жатқан ақсақалдың алдынан бір топ жігіт шығып, әлгілердің біреуі ғана: "Ассалаумағалейкүм, ата!" деп амандасқанда, ақсақал: "Уағалейкүмассалам. Шырағым, неге жалғыз өзің жүрсің?"- деген екен.<br>-Атай неге қызық сұрақ қойды?<br>-Жігіттер қандай қателік жасады?<br>-Қатені қалай түзеуге болатыны туралы ойлан.<br>-Сен қандай мейірімді сөз қолдандың?<br>-Тағы қандай мейірімді сөздерді білесің?<br><br>Әлемдегі ең тамаша «мамандық»<br>Бір кісі жұмысқа тұруға келеді. Оған жұмыс беруші адам оның жұмысын түсіндіреді.<br>-Сіз 365 күн жұмыс жасайсыз. Демалмайсыз. Үш мезгіл тамақ ішуге аз ғана уақытыңыз бар.Адамдар сізге мұңын шағады, ұрсады, көмек сұрайды,сіз бәрін тыңдайсыз, көтересіз. Бұл жұмыс сізге ұнайды.<br>-Бұл жұмысты жасап жүрген адамдар бар ма?<br>-Бар. Мұндай адам өте көп. Олар әрі ақша алмайды, тегін жасайды.Олардан тек бір нәрсе ғана талап етіледі. Ол-мейірімділік қана.<br>-Кешіріңіз, сіз қандай жұмыс туралы айтып тұрсыз?<br>-Шынында демалыссыз, тегін жасалатын бұл қандай жұмыс?<br>-Әр адам мейірімділікті ең әуелі қайдан алады?<br>-Қайда жалғастырады?<br>«Мейірімділік» сөзіне топтастыру құрастыру<br>Мейірімділік нұры» жаттығуы.<br>Қазір мен тақтаға мейірімділік шапағын ілемін.Бұл шапақтан жан-жаққа шуақ шашылуы керек. Ол үшін мейірімділікке байланысты сөздер жазып, шуаққа нұр таратамыз, яғни мейірімділік нұрын шашамыз<br><br>Мұғалім<br>«Мектеп-мейірім мекені» тақырыбының аясында берілген сөздерді дыбыссыз, аузын жыбырлатып айтады. Жасырынған сөзді балалар табады<br>Мысалы: мектеп, ұстаз, шәкірт, парыз, мейірім, оқу ...</td>
<td>түсіреді.<br><br>Мәтінді тыңдайды. Талдайды.Өз ойын қосады.Ақсақалдың сұрағына жауап іздейді. Мұғалімнің қойған сұрақтарына да жауап іздейді.<br><br>Мәтінді тыңдайды, талдауға қатысады. Сұрақтарға бірлесе отырып, бұл мамандықтың иесін анықтайды.<br><br>Топтық жұмыс жасайды<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Топтастыру құрастырады.<br><br>Сөздерді табады, тапқырлық танытады</td>
<td>ҚБ. Мадақтау және қолдау көрсету. Смайликтер тарату<br><br>ҚБ. Мадақтау және қолдау көрсету. Смайликтер тарату<br><br>ҚБ. Мадақтау және қолдау көрсету. Смайликтер тарату<br><br>ҚБ. Мадақтау және қолдау көрсету. Смайликтер тарату</td>
<td>Мәтін<br><br>Мәтін<br><br>Стикер маркер</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>5 минут</td>
<td>Рефлексия<br>«1-1-1»<br>Қорытындылау<br>Ендіше, бүгінгі тәрбие сағатымызда айтылған барлық жақсы қасиеттер сендердің</td>
<td><table><tr><td>1 сөйлем</td><td>1 сөз тіркесі</td><td>1 сөз</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table></td>
<td>Сөйлем<br>Сөз тіркесі<br>Сөз жазады<br><br>ҚБ. Мадақтау</td>
<td>Стикерлер қалам</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бойларыңнан табыла берсін демекпін. Жақсылықпен- кәрі-жастың күйін біл, Сөз,ісіңмен ел-жұртыңды сүйіндір. Есендікте ізгілік ет, тарылма, Қазына үлес ,жарылқа һәм жаңылма- деген Ж Баласағұнидің сөзімен сабағымды қорытындылаймын . Бүгінгі сабаққа бәріңе көп рахмет, жақсы қатыстыңдарың үшін! | Бүгінгі сабақты алдымен, 1 сөйлеммен, одан кейін оны 1 сөз тіркесіне қысқартып, содан кейін сол тіркестен 1 сөз қалдыру арқылы қорытындалыңыздар | және қолдау көрсету. Смайликтер тарату | |

## ҚҰРАМЫНДА КВАДРАТ ТҮБІРЛЕРІ БАР ӨРНЕКТЕРДІ ТҮРЛЕНДІРУ




**Еспентаева Клара Кумаргалиевна**
*Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы*
*Жаңақала мектеп -гимназиясы*
*Математика пәні мұғалімі*


| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім 8.1А Квадрат түбір және иррационал өрнек** | **Мектеп:** Жаңақала мектеп-гимназиясы | |
| **Мұғалімнің тегі, аты, әкесінің аты** | Еспентаева Клара Кумаргалиевна | |
| **Күні:** | 11.10.2023 жыл | |
| **Сынып: 8 «А»** | Қатысушылардың саны: 13 | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 8.1.2.3 көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алу; | |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлығы:** көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына біледі.<br>**Көпшілігі:** көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алуды өрнекті түрлендіруде пайдаланады.<br>**Кейбіреулері:** көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алуды тұжырымдап дәлелдейді. | |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың кезеңі / уақыты | Педагогтің іс - әрекеті | Білім алушының іс - әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Басы**<br>10 минут | **Ұйымдастыру сәті**<br>**Сергіту жаттығуы**<br>Нұсқау: Оқушылар бір қатарға тұрады. 1-ші, 2-ші, 3-ші болып бөлінеді. 2-шілер бір адым алға тұрады 3-лер екі адым алға тұрады.<br>1)Аяқты иықпен қатар қойып, бір дегенде оң жақ қолын желкеге, ал сол жақ қолды жоғары созады. Екі дегенде қолдарын ауыстырып қойып созады. Осы қимылды екі рет қайталайды.<br>2) 1-дегенде екі алақанын белге қойып, 2-дегенде екі қолын жанына созады. Осы қимылды екі рет қайталайды.<br>3) 1-дегенде қолдарын 90 градусқа бүгіп алдына қосып ұстайды. 2-дегенде екі қолын сол күйде жанына | Тренингтен алған әсерімен бөліседі. | Керемет<br>Жарайсың | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | созады. Осы қимылды екі рет қайталайды.<br>4) 1-дегенде сол қолын белге, оң қолын желкесіне қояды. 2-дегенде қолдарын ауыстырып қояды. Осы қимылды екі рет қайталайды.<br>5) Екі қолды айқара ашып артқа қарай 4 рет серпіді. Бір қатарда тұрғандар бір топ болып топтасып отырады.<br><br>**«Миға шабуыл» әдісі** арқылы оқушы тақтада ілінген фигураларды алып, есепті орындайды. Шығару жолын айтып, өз пікірлерімен ой бөліседі. Осы өрнектердің айырмашылықтарын айту арқылы сабақ мақсаты анықталады.<br>1. $\sqrt{338} = \sqrt{2 \cdot 169} = 13\sqrt{2}$<br>2. $3\sqrt{5} = \sqrt{3^2 \cdot 5} = \sqrt{45}$<br>3. $\sqrt{867} = \sqrt{3 \cdot 289} = 17\sqrt{3}$<br>4. $\sqrt{1,44} = 1,2$<br>5. $\sqrt{676} = 26$<br>6. $2\sqrt{6} = \sqrt{4} \cdot \sqrt{6} = \sqrt{24}$<br><br>**Үйге тапсырмасын тексеру:** №1.121<br>$\sqrt{338}$ $\sqrt{1,44}$ $3\sqrt{5}$<br>$2\sqrt{6}$ $\sqrt{867}$ $\sqrt{676}$ | Берілген өрнекті есептеп шешімін табады.<br>Өрнектерді есептеуде қандай айырмашылықтар болғанын айтып, жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды.<br>Сабақтың мақсатын айқындайды<br><br>Жұптасып отырған оқушылар бір-бірінің дәптерлерін алып үй жұмысын тексереді. | Сенің жауабың мені таң қалдырды.<br><br>Жарайсың!<br><br>«+» - дұрыс орындады,<br>«-« қатесі бар | Санды өрнектері бейнеленген қима қағаздар |
| **Ортасы**<br>Тапсырмаларды орындау<br>27 минут | **Жеке жұмыс:**<br>**1 - тапсырма.**<br>1. Көбейткішті түбір белгісінің алдына шығарыңыз:<br>1) $\sqrt{132}$; 2) $\sqrt{252}$ ; 3) $\sqrt{19a^2b^2}$ .<br>2. Көбейткішті түбір белгісі ішіне енгізіңіз:<br>1) $13\sqrt{3}$ ; 2) $20\sqrt{2}$ ; 3) $5ab\sqrt{7a}$ .<br>**Дескриптор:**<br>– көбейткішті түбір белгісінің алдына шығарады;<br>– көбейткішті түбір белгісі ішіне енгізеді;<br><br>**Жұптық жұмыс:**<br>**2 - тапсырма.**<br>Өрнекті ықшамдаңыздар:<br>1) $4\sqrt{44} - 5\sqrt{99} + 2\sqrt{11}$ ;<br>2) $(\sqrt{7} + \sqrt{28}) \cdot \sqrt{7} - (3\sqrt{10} - 2\sqrt{40}) \cdot \sqrt{10}$ .<br>**Дескриптор:**<br>– көбейткішті түбір белгісінің алдына шығарады;<br>– көбейткішті түбір белгісі ішіне енгізеді;<br>– өрнекті ықшамдайды;<br><br>**Топтық жұмыс**<br>**3 – тапсырма.**<br>Салыстырыңдар: 1) $10\sqrt{2}$ және $20\sqrt{\frac{1}{2}}$ ; 2) $0,6\sqrt{2}$ және $0,3\sqrt{5}$ .<br>**4 – тапсырма.** Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босатыңыз:<br>1) $\frac{15}{2\sqrt{5}}$ ; 2) $\frac{36}{\sqrt{29}-\sqrt{11}}$ .<br>**Дескриптор:**<br>– иррационалдықтан құтылады;<br>– бөліміндегі қосындының иррационалдықтан құтылады;<br><br>**5 – тапсырма.** Бөлшекті қысқартыңыз: $\frac{y-2}{10\sqrt{2}-10\sqrt{y}}$<br>**Дескриптор:** | Оқушылар тапсырманы жеке орындайды.<br><br>Жұптасып өзара пікірлесіп тапсырманы орындайды<br><br>Топ болып екі тапсырманы талқылап орындайды. | **2 балл**<br><br>**3 балл**<br><br>**1 балл**<br><br>**2 балл**<br><br>**2 балл** | Үлестірмелі қағаздар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | – ортақ көбейткішті табады;<br>– бөлшекті қысқартады. | | | |
| **Соңы**<br>3 минут | **Бағалау: 1-3 4-6 7-8 9,10**<br>**Сабақты бекіту**<br>Үйге тапсырма: Көбейткішті түбір алдына шығару, көбейткішті түбір белгісі ішіне енгізуді қайталау | | Бағалау парағына дұрыс орындаған тапсырмалардың балын жазады | Ә.Н.Шыныбеков Алгебра -8, «Атамұра», 2018 38 беттер |
| Кері байланыс<br>5 минут | **Рефлексия** «Мұғалімге хат»<br> | Оқушылар сабақты бағалайды | «Мұғалімге хат» әдісі | Кері байланыс парағы (конверт) |



## БІР АЙНЫМАЛЫСЫ БАР СЫЗЫҚТЫҚ ТЕҢСІЗДІК. БІР АЙНЫМАЛЫСЫ БАР СЫЗЫҚТЫҚ ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУ



**Жаксыгалиева Нурайым Мейрбековна**
*Батыс Қазақстан облысы*
*Жаңақала ауданы*
*Жаңақала меткеп -гимназиясы*
*Математика пәні мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:**<br>6.3В Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер | **Мектеп: Жаңақала мектеп-гимназиясы** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні: Жаксыгалиева Н.М** | |
| **Сынып: 6** | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |

| | |
|---|---|
| **Сабақ тақырыбы** | Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу. |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 6.2.2.10<br>$kx > b, kx \geq b, kx < b, kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу. |
| **Сабақ мақсаттары** | Оқушылар:<br>- Берілген теңсіздікті ықшамдайды;<br>- $kx > b, kx \geq b, kx < b, kx \leq b$ түріне келтіреді;<br>- $kx > b, kx \geq b, kx < b, kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешеді;<br>- Шешімін координаталық түзуде салады;<br>- Шешімін аралық түрінде жазады. |
| **Бағалау критерийлері** | Оқушылар:<br>- Берілген теңсіздікті ықшамдай алады;<br>- $kx > b, kx \geq b, kx < b, kx \leq b$ түріне келтіре біледі;<br>- $kx > b, kx \geq b, kx < b, kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шеше алады;<br>- Шешімін координаталық түзуде сала біледі;<br>- Шешімін аралық түрінде жаза алады. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Топтық және жұппен жұмыс жасата отырып оқушыларда өзара сыйластық, сенімділік, қарым-қатынасты қалыптастыру |
| **Бастапқы білім** | Шамаларды салыстыра алу; теңдеулерді шешу дағдылары; сандық түзумен жұмыс жасау дағдылары. |
| **Сабақ барысы** | |

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Оқушыларды жинақтау, оқу құралдарын түгендеу.<br>Амандасу. Ынтымақтастық ортаны қалыптастыру.<br>**Психологиялық ахуал:**<br>**«Мотивация»**<br>Үй тапсырмасын тексеру, оқушылар бір-бірінің дәптерлерін тексереді, түсінбеген сұрақтарын тақтада орындайды. | Презентация<br>1-3 мин |
| **Сабақтың ортасы** | **<u>«Ой қозғау»</u>**<br>а) Сан аралығының неше түрі бар?<br>б) Қандай сан аралығы интервал деп аталады?<br>в) Қандай сан аралығы кесінді деп аталады?<br>г) Жартылай интервал дегеніміз не?<br>д) Сәуле, ашық сәуле деп нені айтамыз?<br>е) Сан аралығының қиылысуы дегеніміз не?<br>ж) Сан аралығының бірігуі деп нені айтамыз?<br>Өз-өздерін бағалайды<br>**<u>«Әрекет» жаттығуы.</u>** (Жеке жұмыс)<br>Оқушыларға тест тапсырмалар берілді. Олар жылдам сан аралықтарының қиылысуын тауып тез жауап қайтарады..<br>**1.**(-1; 3] және [1; 5) сан аралықтарының қиылысуын тап:<br>A) (1; 3]<br>B) [1; 3]<br>C) (-1;3]**3.**<br>**2.** (-3; 4] және [-1; 6]сан аралықтарының бірігуін тап:<br>A) (-3; 6)<br>B) [-3; 6]<br>C) (-3; 6]<br>**3.** [1; 5) сан аралығына мына сандардың қайсысы жатады?<br>A) 1;2;4<br>B) 2;3;5<br>C) 1;3;5**5.**<br>**4.** Екі сәуленің қиылысуы [-4; 5] кесіндісі болатын сан аралығын тап.<br>A) $x \geq -4$, $x < 5$<br>B) $x \leq -4$, $x \geq 5$<br>C) $x \geq -4$, $x \leq 5$<br>**Дескриптор:** *Білім алушы*<br>- есептің шартына сәйкес сан аралығын табады;<br>- сан аралықтарының қиылысуын табады;<br>- берілген сан аралықты қос теңсіздік түрінде жазады. | Презентация<br>Смайликтер<br><br>Қосымша 1<br>5 мин |
| | **<u>Жұптық жұмыс</u>**<br>**№1. Тест. Теңсіздіктерді шеш.**<br>**Көк карточкаа**<br>**1)** $3x < 8 - x$<br>**2)** $4x - 3 < 12 + x$<br>**3)** $2(3 + x) > 18 - 4x$<br>**Қызыл карточка**<br>**1)**$5 + 4x > 20 - x$<br>**2)** $2(3 + x) > 18 - 4x$<br>**2)** $4x - 3 < 12 + x$<br><br>**Дескриптор:** *Білім алушы*<br>- есептің шартына сәйкес жақшаларды ашады<br>- айнымалыларды бір жаққа, сандарды екінші жаққа жинайды<br>- мүмкін болатын шешімін табады.<br>- есептің шартына сәйкес сан аралығын табады;<br>**Сергіту сәті: «Логикалық есептер»** | **Математика.** Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық, 2- басылымы Т.А. Алдамуратова, Т.С. Байшоланов, Е.С. Байшоланов . – Алматы: Атамұра, 2015.<br>5 мин<br><br>http://stan.kz/logikalyk-suraktar-zhauabymen-logika/ |
| | **<u>Оқулықпен жұмыс.</u> Оқулықтағы №945**<br>**1- 1,2 2- 3,4 3- 4,5 есептер**<br>**<u>Топтық жұмыс</u> (Шығармашылық тапсырма)**<br>**Қағаз қиындыларындағы теңсіздікті шешу жолын дұрыс құрастыру**<br>1.$4(x-3)+5x \geq 3x$ | 4 мин<br><br>4 мин |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>4x-12+5x≥3x<br>4x+5x-3x≥12<br>6x≥12<br>x≥2<br>Жауабы: [2; +∞ ) немесе x≥2.<br>Дескриптор: Білім алушы<br>- Берілгенін дұрыс табады<br>- есептің шартына сәйкес жақшаларды ашады<br>- айнымпалыларды бір жаққа, сандарды екінші жаққа жинайды<br>- мүмкін болатын шешімін табады.<br>есептің шартына сәйкес сан аралығын табады</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Топтық жұмыс жұмыс<br>Оқушыларға сәйкестендіруге берілген жеке тапсырма ұсыныңыз.
<table>
<tr><th>Теңсіздік</th><th>Шешімі</th></tr>
<tr><td>$3x < 6$</td><td>$[-2; +\infty)$</td></tr>
<tr><td>$-3x \le 6$</td><td>$(18; +\infty)$</td></tr>
<tr><td>$\frac{1}{3}x > 6$</td><td>$(-\infty; 3]$</td></tr>
<tr><td>$-\frac{1}{3}x \ge 6$</td><td>$(-\infty; 2)$</td></tr>
<tr><td>$2x < -6$</td><td>$(-12; +\infty)$</td></tr>
<tr><td>$-2x \ge -6$</td><td>$(-\infty; -3)$</td></tr>
<tr><td>$\frac{1}{2}x > -6$</td><td>$(-\infty; -18]$</td></tr>
<tr><td>$-\frac{1}{2}x > -6$</td><td>$(-\infty; 12)$</td></tr>
</table>
</td>
<td>презентация</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Сабақты қорытындылау.<br>Үйге тапсырма. №947<br>Бағалау парағы<br>Рефлексия.<br>SMS</td>
<td>Математика.</td>
</tr>
</table>

## Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға арналған әдіс- тәсілдер

**Жанболатова Лаззат Ибаевна**
*Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы*
*№77 жалпы орта білім беретін мектебі*
*Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.*

*Өзім жүрген ортаның деңгейінде болу үшін... күндіз-түні бірдей еңбектену, өмір бойы оқу, жаттығу, қажырлы-қайратты болуым қажет... мұнда әрбір сағат қымбат.*
*Антон Павлович Чехов*

**Аннотация**

Қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу- оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бірден — бір жолы. Өз тәжірибемде, оқыту барысында алдыма қойған міндетім — баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның басты ерекшелігі — оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау,сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету.

**Аннотация**

Умение применять современные педагогические новшества в зависимости от специфики применяемой дисциплины - единственный путь к достижению цели в процессе обучения. В своей практике, в процессе обучения, я ставил перед собой задачу создать условия, которые бы по — своему привлекали ребенка к учебному делу как субъекта, повышали его способности. Его главная особенность-новая организация учебного процесса, совершенствование навыков мышления, речи через учебную деятельность учащихся, совместная деятельность в процессе самостоятельного обучения.

Меню

**Мақсатым**: білім беру мазмұнын жаңарту, тіл дағдыларын дамытуда қолданылатын тәсілдер тәжірибесімен бөлісу, ой қорыту.

**Күтілетін нәтиже**: Оқушылардың жетістікке жетуі үшін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігін түсінеді және алынған тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану барысымен танысады. Өз ойын анық жеткізеді.

Әдіс сөзі грекше "metodos" сөзінен шыққан. Метод деген ұғым белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары деген мағынаны білдіреді. Қысқаша психологиялық-педагогикалық сөздік "әдіс" — мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл,

белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет"- деген анықтама береді. Әдіс-оқу –тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардыңбірлесіп жұмыс істеу үшін қолданылатын тәсілдер. Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді. Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады. Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны — жаттығу әдісі.Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру жаттығу арқылы орындалады. Ауызша жаттығу оқушының оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді. Оқушы бірінші сыныптан бастап қазақ тілін үйрену барысында тілдегі түрлі қолданылатын атауларды ( әріп, дыбыс , буын, сөз, сөз тіркестері, сөйлем, сөз бен сөзді байланыстыратын жалғау, жұрнақ, тыныс белгілері – нүкте, үтір, леп белгісі, сұрау белгісі, сызықша, қос нүкте, түрлі грамматикалық анықтама, ережелерді оқып үйренеді. Қабілеті әр түрлі оқушы тілдің мұндай белгілері мен атауларын бірден меңгеріп кетуі мүмкін емес,тек оның негізгі, қажеттілерін(анықтама, ережесін) есте сақтауы мүмкін. Қазіргі сабаққа қойылатын талап тұрғысынан техникалық құралдарды, кестелер, сызбалар, үнтаспа жазбаларын пайдалану арқылы оқушылардың есту, көру сезімдеріне әсер ете отырып, олардың ойлану қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді. Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Мен қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ беремін. Сабақ барысында төмендегідей әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. Әдіс-тәсілдерді неліктен қолданамыз? Әр мұғалім өз сабағын көңілді, қызықты, тартымды өткізгісі келеді. Оқулық бойынша тапсырманы орындата бергеннен оқушылардың да қызығушылықтары жоғалады. Оқулықтағы тапсырмаларды орындау барысында әдіс-тәсілдер арқылы орындатса, оқушы да жан-жақты ойланып, оқушы өзінің білімін

«Миға шабуыл» әдісі

Мақсаты:Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу.

Тиімділігі: Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, ойын еркін жеткізеді. Пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады.

Қолданылуы: Жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашуға болады.

Кіріктірілген модульдер, идеялар: СТО, Диалогтік оқыту

«Шаттық шеңбері» (сергіту сәті)

Мақсаты: Бұл әдіс оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.

Тиімділігі: Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.

Қолданылуы: Сабақ басталар алдында қолданамыз. Оқушылар үлкен шеңберге тұрады, кезектесіп тілек айтады.

Кіріктірілген модульдер, идеялар: ЖАДА

«Ақылдың алты ойлау қалпағы» Эдвард де Боно бойынша

Мақсаты: Оқушының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Мәселені барынша мұқият талқылап, оқушының жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың/сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолдану.

Тиімділігі: Ұсынылған мәселе бойынша өз ойына талдау жасайды. Жасалған жұмыс бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай біледі, толыққанды, жан-жақты түйіндеме жасайды, жасалған жұмыс бойынша өзінің шығармашылық қатынасын көрсетеді, таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі артады.

Қолданылуы: Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған), олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Мұғалім әңгімені жүргізеді, бағыттайды.

SMART-мақсаттар

Мақсаты: Мақсат құруда нақты, өлшемді, қол жетімді, шынайылыққа негіздеу.

Тиімділігі: Нақты мақсатқа жете алады: SMART

Қолданылуы: Тақырыпқа «ақылды» мақсат қоя алады.

«Дауыстап ойлау» әдісі

Мақсаты: Оқи отырып ой түю, ой бөлісу.

Тиімділігі: Оқушыларды дұрыс тыңдауға ынталандырады. Оқылым, тыңдалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды.

Қолданылуы: Жұптаса отырып берілген тақырыпты біреуі дауыстап оқиды, екіншісі тыңдай отырып ой түйеді. Бір- біріне түсіндіреді.

Кіріктірілген модульдер, идеялар: СТО, диалогтік оқыту

«Бір минуттық әңгіме» тәсілі Иен Майлс бойынша

Мақсаты: Оқушының бір-бірінен ақпарат алу дағдысын қалыптастыру.

Тиімділігі: Оқушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы ой қорыта алады, жұптық жұмыс жүреді.

Қолданылуы: Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі.

Кіріктірілген модульдер, идеялар: СТО, диалогтік оқыту, «Кинометафора» әдісі Харизма бойынша (Н.Баринова)

Мақсаты: Оқушының ой-өрісін, ойлау қабілетін дамыту.

Тиімділігі: Оқушының логикалық ойлау қабілеті дамиды.

Қолданылуы: Бір мәселе бойынша бейнесюжеттен үзінді көрсету арқылы баланың өз ойын, ой-пікірлерін білуге болады.

Кіріктірілген модульдер, идеялар: СТО, диалогтік оқыту, АКТ

«Қара жәшік» ішіндегі жұмыс

Мақсаты: Оқушының өзін-өзі бағалауын дамыту.

Тиімділігі: Оқушының оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына ықпал етеді.

Қолданылуы: Сабақ соңында оқушыларға бір-біріне тиімді сұрақ қойғызу арқылы кері байланыс жасатуға, оқуға белсенді қатыстыруға, өзін-өзі бағалауға қатыстыруға болады.

Кіріктірілген модульдер, идеялар: ОүБ, кері байланыс, диалогтік оқыту

Әдіс-тәсілдердің түрлері өте көп таралған. Осымен ғана шектелмейді. Әр сабағымда әр түрлі әдістерді пайдалануға тырысамын. Өйткені оқушыладың қызығушылығын тудырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттырамын.

Қорыта келе осы әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесі:

5) оқушының бүгінгі қоғамға лайық жеке тұлғалық қасиеттерін, оның рухани жан дүниесін байытатын қазақ тілінің этно-мәдени лексикасын, даналық сөздерін меңгерту, ана тіліндегі қарым-қатынас жасаудағы сөз әдебіне баулу, жағдаяттық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ізгілендіру технологиясын қолдану;
6) оқу үдерісінде түрлі жағдаяттар, рөлдік ойындар, «дөңгелек үстел», «брифинг», баспасөз конференциялары, «Көңілділер, тапқырлар клубы» және монолог пен диалогке, әңгімелесуге жағдай жасау;
7) оқу үдерісінде түрлі үнтаспаларды, бейнетаспаларды, медиаматериалдарды, бейнероликтерді, интернет материалдарын, электронды оқулықтарды, компьютер мен лингафондық ақпараттарды, белсенді оқыту әдістері мен пәнаралық байланыс сабақтастығын кеңінен қолдану. (7-сынып. Қазақ әдебиеті сабағында «Күлтегін» жырын үнтаспадан тыңдату, «Қыз Жібек» жырын youtube желісі арқылы фильмнен үзінді көрсету). Сөзімнің соңын қорытындылай келе, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің бар күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Қорыта келе, диалогтық бөлімдегі сабақтарда сұрақ-тапсырмаларға жауап беру, жекелеген, топтық ізденіру жұмыстары: жаттығу орындау, бірін-бірі тексеру, реферат, тест сұрақтарын әзірлеу, әңгіме құрау, мәнерлеп оқу, танымдық ойындар құрастыру, сызба дайындау — бала білімін оқушылық деңгейге деңін көтеруге мүмкіндік туғызады. Орынды пайдаланған оқыта-үйрету ойындар мен топтық, жұптық жұмыстар қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеуіне мүмкіндік туғызады.. Осыдан мұғалім өзіне қорытынды жасауына, өзіне баға беруіне болады. Жолдауда айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін — білім». Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесі басты орынға қойылып отыр. Егер әр педагог өзі таңдаған әдістемелік жолын тың идеяларға негіздей алатын болса, жаңашыл педагогтар шеберлігі арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығы одан әрі артатыны сөзсіз.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1.МАН «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017
2. МАН «Тиімді оқыту мен оқу» «Назарбаев Зияткерлік мектептері»
ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016
3. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы, Бірінші кітап. 5-11 сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал./ Қ.О. Бітібаева. Алматы қ. «Дәуір -Кітап» баспасы, 2012

## ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ



**Жандарбекова Марина Торегалиевна**
*Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті*
*Ісмет Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп*
*Математика пәні мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Тригонометрия** | **Мектеп:** |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: 9 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Тригонометриялық функциялардың қасиеттері |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 9.2.4.6<br>бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын , бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын түсіндіру; |
| Сабақтың мақсаты: | -тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын , бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын біледі;<br>-тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын , бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын тапсырмалар орындауда қолданады; |
| Бағалау критерийлері | -тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын , бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын ажыратады;<br>-тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын , бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын тапсырмалар орындауда қолданады; |

| | |
|---|---|
| Құндылықтарға баулу | Оқушыларды бірлікке, татулыққа, сыйластыққа баулый отыра ұжымдасып жұмыс істеуге қалыптастыру; |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>Қызығушылықты ояту.<br><br>**6 мин.** | **1.Ұйымдастыру кезеңі:** Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, сынып тазалығына көңіл бөлу.<br>**2. Топқа бөлу:**<br>Оқушыларды танымдылық деңгейіне қарай түрлі-түсті кеспе қағаздары арқылы топқа бөлемін.<br>І топ<br>ІІ топ<br>ІІІ топ<br>Әр топ бір-біріне жақсы тілектер айтады.<br>**3. Үй тапсырмасын тексеру.**<br>**«Өзіңді тексер»** әдісі арқылы оқушылар өздері интерактивті тақтадан дұрыс жауапқа қарап тексереді. Үй жұмысының дұрыс жауаптарын интерактивті тақтада көрсетемін. | Шаттық шеңберін құрып «Өзіңе тілегенді,өзгеге тіле»! әдісі арқылы бір-біріне тілек айтып,жақсы көңіл күй сыйлайды.<br>Үй жұмыстың шешімі тақтада көрсетіледі, оқушы өзінің қателерін анықтайды. | Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенділік танытқан оқушыларды ***«Мадақтау сөз» әдісі*** арқылы бағалайды: *«Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»* | Түрлі түсті кеспе қағаздар |
| **5 мин.** | **«Сұрақ-жауап»** әдісі арқылы сабақтың мақсатын ашамын<br>-Вектор дегеніміз не?<br>-тригонометриялық формулаларды жаз<br>-Скаляр шама дегеніміз не?<br>-Алгебралық прогрессия<br>**–Оқушыларды оқу мақсатымен таныстыру**<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі қолданылады.<br> | **Оқушылар сұрақтарға жауап береді.**<br>**«Екеуі үйде, үшеуі қонақта»** әдісімен бір - біріне «қонаққа» барады. Пікір алмасып, ой бөліседі.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Оқушылар оқулықтан жаңа сабақты оқып, топ ішінде талқылап бір-біріне түсіндіріп әр топ қорғайды: | **Дескриптор:**<br>-сұраққа жауап береді<br>2-балл<br>**Бағалау:**<br>Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады<br><br>Сонымен қатар, өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға **«Жарайсың!»** деген *мадақтау сөзімен* ынталандыру. | Сұрақтар топтамасы.<br>Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 3-басылымы. – Алматы : Атамұра, 2013. – 192 бет. |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**10 мин.**<br><br>Жеке жұмыс. | Постер қорғау<br>**«Ойлан, жұптас, бөліс»** әдісі<br><br>**Саралау:**<br>Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай топта оқушылар бір-біріне қолдау көрсетеді.<br>Бұл тапсырмада саралаудың **«Қарқын»** тәсілі көрініс табады.<br>Топ оқушыларының электронды оқулықтағы мысалдарды дұрыс түсініп талдауларын бақылап, ерекше білімді қажет ететін оқушыларға бағыт- | Түсінбеген тапсырмаларды бір- біріне түсіндіреді. Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, талдау жасайды. | **Дескриптор:**<br>-шеңбер салады<br>-нүктелерін белгілейді<br>-жуық мәндерді табады<br>-айналымды табады<br>4-балл<br>**Бағалау.**<br>**Бағалау:**<br>Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады | постер<br><br>9-сынып оқулығы. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бағдар беремін. | | | |
| Жеке жұмыс.<br>**10 мин.** | <br>4.41. Қай ширекте 1) $\sin\alpha$ және $\cos\alpha$; 2) $tg\alpha$ және $ctg\alpha$;<br>3) $\cos\alpha$ және $tg\alpha$ өрнектерінің таңбалары бірдей болады?<br><br>***Тиімділігі:*** Оқылым мен айтылым дағдысы қалыптасады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Диалог және қолдау көрсету»*** тәсілі көрініс табады. | Берілген тапсырма бойынша есепті орындайды | **Дескриптор:**<br>- ширектерді ажырата алады<br>-жауабын жазады<br>2-балл<br>**Бағалау:**<br>Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады | ДК экраны 9-сынып оқулығы. Шыныбеков «Атамұра» 2019 |
| Жеке жұмыс.<br>**7 мин.**<br><br>*Жазылым.* | . тапсырма<br><br>478. а) $\sqrt{2}, 2-\sqrt{2}, 3\sqrt{2}-4, \ldots$; ә) $\sqrt{3}, 2\sqrt{3}-3, 7\sqrt{3}-12, \ldots$ шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның қосындысын табыңдар.<br>Шешуі: а) $b_1=\sqrt{2}, q=\frac{b_2}{b_1}=\frac{2-\sqrt{2}}{\sqrt{2}}=\frac{2}{\sqrt{2}}-1=\sqrt{2}-1$.<br>$S=\frac{b_1}{1-q}=\frac{\sqrt{2}}{1-\sqrt{2}+1}=\frac{\sqrt{2}}{2-\sqrt{2}}=\frac{\sqrt{2}(2+\sqrt{2})}{4-2}=\frac{2\sqrt{2}+2}{2}=\sqrt{2}+1$.<br>Жауабы. $\sqrt{2}+1$.<br>ә) $\sqrt{3}, 2\sqrt{3}-3, 7\sqrt{3}-12, \ldots$<br>$b_1=\sqrt{3}; q=\frac{2\sqrt{3}-3}{\sqrt{3}}=2-\sqrt{3}$.<br>$S=\frac{\sqrt{3}}{1-2+\sqrt{3}}=\frac{\sqrt{3}}{\sqrt{3}-1}=\frac{\sqrt{3}(\sqrt{3}+1)}{3-1}=\frac{3+\sqrt{3}}{2}$.<br>Жауабы. $\frac{3+\sqrt{3}}{2}$.<br><br>***Мақсаты:*** *Берілген* сөздердің ережесі мен мысалын жазу арқылы бір-бірінен айырмашылығын ажыратады.<br>***Тиімділігі:*** Оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдысы мен жазылым дағдысы қалыптасады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың | Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, талдау жасайды.<br>***«Тапсырма»*** тәсілі көрініс табады. | **Дескриптор:**<br>-формуланы тұжырымдайды, біледі;<br>-прогрессияның қосындысын табады;<br>2-балл<br>**Бағалау:**<br>Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады | .<br><br>. ДК экраны 9-сынып оқулығы. |
| Сабақтың соңы.<br><br>Ой толғаныс. Рефлексия<br><br>**7 мин.** | Сабақты бекіту.<br>«Өрмекші торы» әдісі арқылы кері байланыс алу. Жіпті лақтыру арқылы әр топ кезекпен бір-біріне сұрақтар қояды.<br><br>Кері байланыс. «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы кері байланыс аламын,<br><br>Үйге тапсырма беру. №72, №73жаттығу (түсіндіме жұмыс) | Оқушылар өздерінің тақырып бойынша оқып, зерделегенін тұжырымдайды.<br>***Мақсаты:*** Өз ойын айтып, сабақты бекіту, қорытындылау.<br>***Тиімділігі:*** Оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады.<br>1.Маған бүгін не ұнады.<br>2. Маған бүгін не ұнамады.<br>3.Менің күдіктерім.<br>4. Менің тілектерім. | **Бағалау:**<br>**«Жарайсың!»** деген *мадақтау сөзімен* ынталандыру. | ДК экраны 9-сынып оқулығы. Шыныбеков «Атамұра» 2019 |



# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ

**Жумалиева Гүлмира Өмірбекқызы**
*Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы*
*Сайрам тұрғын алабы*
*№124 ЖОББМ*
*Бастауыш сынып мұғалімі*

Рухани жаңғыру адама баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы , сана-сезімі жаңа өзгерістерді қабылдай білуі. Рухани жаңғыруды өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек өскен ұлттың әрби түсуіне осы «рухани жаңғыру» дәлел . Көне замандағы көрікті қалаларымыз , сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады.

Бастауыш мектепте пәндерді оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында ғалымдар, жаңашыл педагогтар, мұғалімдер еңбек етуде. Олардың ғылыми еңбектерін зерттеу жұмыстарын саралағанда берік білім берудің, оқу белсенділігін арттырудың маңызды жолдарының бірі ойын элементтерін тиімді пайдалану екендігін байқатады. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек», - деп жазады Ж.Аймауытов.

Ойын түрлерін сабақта тиімді пайдалану қазақ тілінен берілііп отырған білімді аса зор ықыласпен тыңдап, білімді берік меңгеруіне көмектесті. Өйткені бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты олар ойынға өте ынталы келеді. Ойын барысында балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, дәл орындауға тырысты. Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып білімді берік меңгерту болса, мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігінен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу. Оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалануым – бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау, бекіту немесе тексеру болып табылды. Сондай- ақ ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдаланып отырдым.

**Дидактикалық ойындар** арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді.

Мұндай ойындарды ұйымдастыру төмендегідей екі мақсатты көздейді:

*-танымдық*, яғни балада тану, іздену әрекетін дамыту;

*-тәрбиелік*, яғни үлкендермен немесе өз тұрғыластарымен қарым-қатынас жасағанда қажетті негізгі дағдыларды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Дидактикалық ойындарды құруда мына негіздерге сүйендім:

1. Балалардың іс-әрекетінде ойын түрлерімен оқуды байланыстыру және біртіндепқызықты, жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы оқу-тәрбие мәселесіне көшу.
2. Ойынның шарты мен оқу міндеттерінің біртіндеп күрделенуі.
3. Берілген тапсырмаларды шешуде баланың ақыл-ой белсенділігінің күшеюі.
4. Оқу мен тәрбие мақсаттарының бірлігі.

Я.А.Каменский «Ұлы дидактика» деген еңбегінде 6 жастан 12 жасқа дейінгі жас кезеңін өнерлі және қамқорлық тәрбие мектебі деп атайды. Бұл кезеңдерде балаларды нақты, түсінікті ана тілінде білім беру керек. Сонымен қатар білім балалардың есінде қалатындай болуы тиіс. Бұл кезеңде балалар қиындықты сезінбейді, сол себептен оларға оқу әрекеті жеңіл болып көрінеді. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін жеңілдетудің бірден-бір құралы ретінде ойынды айтуға болады. Өзім сабақта жиі қолданатын ойындары назарларыңызға ұсынып отырмын.

**Ойын – саяхат.** Бұл әртүрлі танымдық материалды қарастырады. Әртүрлі іс- әрекетімен ашық бейнелермен қызықтырады. Ойындар арнайы дайындықты қажет етпейді. Ойын-саяхат табиғат мезгілдері, табиғат құбылыстары «ауыл», «қала», «көлік» сияқты ұғымдар туралы белгілерін бекітіп, ертегілер мен мультфильмдерге қызығушылықтарын дамытады.

Бұл этюдтерде балалар тәтті жемісті, нанды, ғажайып ағашты кезіктіреді. Педагог балалардың қабылдауын қалыптастырып сөздерін іс-қимылмен байланыстыра білуге үйретеді. Балалар шыршаны әшекейлеп, торт пісіреді. Бұл тұрмыстағы этюдтерді әртүрлі сабақтарда пайдаланамыз.

**Ойын - әңгіме.** Бұнда бала жанды немесе жансыз затқа айналады. Осы образда әртүрлі мәселе жағдайларды шешіп, кеңес беріп, айналадағы орта туралы сұрайды. Ойын арқылы еске сақтау қабілеттері диалогтік сөйлеу және ойлау қабілеттері дамып, мұқият болуға үйретеді. Дидактикалық ойындардың оқыту мазмұнына, танымдық іс-әрекет сипатына, ойын құрылымына сәйкес жіктемелері бар.

**Халық ойындарының** педагогикалық мүмкіндіктеріне сәйкес мынадай жіктемесі бар:

1. Білім беретін ойындар.
2. Тәрбиелейтін ойындар.
3. Дамытатын ойындар.
4. Жеке тұлғаны әлеуметтендіретін ойындар.
5. Диагностикалық ойындар.

Жоғарыда көрсетілген жіктемелердің барлығының мазмұны өте қызық және өзіндік ерекшеліктерге толы. Олар дидактикалық ойындардың жалпы мақсаты мен мазмұнына сәйкестендірілген. Бұл ойынның түрлерін бастауыш сыныптың оқыту үрдісінде кеңінен пайдалануға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие және оқыту негізгі ережелері. Астана, 2008 ж.2.«Отбасында баланы тәрбиелеу бағдарламасы».
3. Мектепалды дайындық бағдарламасы. Астана 2009жыл.

4. Тәжімұратова Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы Қазақстан 2010ж

## «БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ» САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ



**Иманова Жанымгуль Нурлыбаевна**
*Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы*
*Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі*
*Бейнелеу өнері және сызу пәні мұғалімі*

Оқыту процесінің логикасы оның құрылымын анықтайды, ол құрылымына оқыту процесінің звенолары танымдық іс-әрекеттің кезеңдері кіреді. Таным міндеттеріне жете меңгеру оны түсіну жаңа материалды қабылдау. Ұғыну жаңа оқу материалдарын түсініп жинақтау процесі. Білімді іскерлікті және дағдыны практикада қолдана білу.

Сабақ үстінде жастардың жаңа материалмен танысуы түйсікпен және қабылдаудан басталады. Ал түйсік сананың сыртқы әлеммен байланысы,сезім мүшелерімізге әсер етіп оны миымызда бейнелеуін түйсік деп атаймыз.Жаңа материалдармен таныстыру бақылау практикалық жұмыстар процесінде тікелей қабылдау арқылы немесе жанама түрде мұғалімнің сөзі,оқулық арқылы іске асырылады.Ертеңіне лайық ұрпақ тәрбиелеу сол ұрпақты тәрбиелеуде ұстаз еңбегі –ұлы еңбек. «Ұстазын сыламаған елдің ұрпағы азады»,- дейді халық даналығы. Осыған байланысты шығармашылық ізденіс деген әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет.Шығармашылық бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу іздену өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп өздігінен сапалы дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет.

Адам бойындағы қабілеттерін дамытып олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Ұстаздық сабақ берудегі басты мақсаты баланы бастауыш сынып жоғары сынып студент кезден бастап шығармашылық ойларға практикалық әректтерге дайын болуға қызығушылыққа тәрбиелеу.

Дамыта оқытудың басты мақсаты баланы оқыта отырып оны шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту.

Жалпы суреттің бейнелеу өнеріндегі алатын орны ерекше. Сурет – бейнелеу өнерінің негізі деуге болады. Суретсіз бейнелеу өнерін кескіндеме, сәулет, композиция, мүсін сияқты бейнелеу түрін суреттен тыс қарауға болмайды. Өйткені кескіндемеші де, мүсінші де, сәулетші де суретке соқпай өте алмайды. Қайта өрлеу дәуірінің алыбы Микеланджело былай деген болатын: «Нобай жасау өнері – басқаша таалып жүрген сурет-кескіндеменің де, сәулеттің де, мүсіннің де еңбек нүктесі, сурет-кез-келген «Нобай жасау өнері – басқаша аталып жүрген сурет-кескіндеменің де, сәулеттің де, мүсіннің де еңбек нүктесі, сурет-кез- келген ғылымның қайнар көзі мен түп тамыры. Сонымен суретдеген сөзге анықтама берер болсақ, сурет дегеніміз қарындаш, көмір, сангина, қаламыш, арқылы нобай ретінде жеңіл сызып салған шығармасын атаймыз.

Атақты суретші – педагогтар сурет өнеріне үлкен баға беріп, сурет кезкелген бейнелеу өнерінің фундаменті. Суретке баса назар аудару керек, -деп ескерткен, болатын. Әрине, бұл тезистің өміршілдігі бүгінгі таңда да анықталып отыр. Суретшінің кез келген жұмысысуреттен басталады. Ол болашақ картинасын бастамас бұрын кенепке анық нобайын салып шығады. Сондықтан да әйгілі де атақты шеберлердің қай-қайсы да суретке үлкен мән берген.Қайта өрлеу дәуірінің атақты мүсіншісі Микеланджоло бейнелеу өнерінің барлық түрлерінің қайнар бастауы мен жан жүрегі сурет деп санаған. Ал, көркем өнер академиясында Репинді, Суриковты және Серовты оқытқан профессор П.П.Чистяков: «Қиял деңгейі төмен адам картина жаза алмайды»,- деп есептеген.

Қайта өрлеу дәуірінің суретшілері бейнелеуді оқыту әлістеріне байланысты біршама құнды пікірлер айттты. Олардың пікіренше бейнелеуді оқытудың негізі заттан қарап бейнелеу болу керек деді. Мысалға, Чеппино өзінің кескіндеме туралы трактатында Байқасаң

салтанатты қақпа арқылы жетелеп өнерге апаратын ең жетілген жетекші – ол заттан қарап бейнелеу деп жазған.

Осыған байланысты тарихи деректер бойынша Ежелгі грек суретші – педагогтары бейнелеу өнерінің басты мәселелерін шешуге талпынып, өз шәкірттерін бейнелеуге оқуды ғылым арқылы игеруге шақырып, бейнелеуге ұсақ кәсіп ретінде емес үлкен шығармашылықРим империясының суретші – педагогтарын бейнелеу өнерін оқытуды одан әрі дамыту мәселелері көп алаңдатпады. Олар бейнелеу өнеріне ұсақ кәсіп ретінде қарап, бейнелеуге дамытуда тек үлгіден көшіру әдісімен шектеліп, әйгілі грек шеберлерінің жұмыс тәсілдерін қайталады.

Сөйтіп римдік суретшілер гректер жасаған бейнелеуді оқыту әдістемесін одан әрі дамытып жетілдірмей кейбір оқыту әдістемелерін біртіндеп жоғалта бастады.

«Живопись туралы үш кітап еңбегінде» Леон Баттист Альберти бірқатар құнды әдістемелік ережелер ұсынды. Ол бейнелеуді маңызды ғылыми пән ретінде қарастырды.Өнерге оқытудың нәтижесі болуы ғылыми биіктілікке байланысты деп жазды.

Альберти оқыту әдістемесіне ғылыми негіздене бере отырып, сурет салу тек қолды жаттықтыру емес, ақыл-ойды жаттықтыру деп қарастырды. Бұл қағиданы басшылыққа алып кейіннен Микиланджело «суретті қолмен емес баспен салады» деген болатын. Қазіргі суретшілердің жұмыстарын талдау кезінде біз негізіне мән бере қоймаймыз. ХХ ғасырдың басында швецария педагогі Иоганн Генрих Песталоццидің ықпалымен бейнелеу өнері жалпыбілім беретін мектептерде пән ретінде енгізіле бастады. Песталоцци сурет салуға оқытудың, әсіресе бастауыш сыныптарда маңызы зор екендігін айтты. Оның айтуынша жазуға үйренбес бұрын сурет салуға үйрену керек, өйткені суре салу дағдысы жазуды меңгеруді жеңілдетеді. Дұрыс ойлану үшін қоршаған ортадағы табиғатты дұрыс көре білу керек. Ол биіктіліккі жетудің бірден бір тәсілі – сурет салу дейді.

Қандайда болмасын нақты суретпен жұмыс, заттың өзіне қарап салудан, оның платикалық қасиетін оқып білуден басталады.

Сурет салуға үйренудің алғашқы кезінде қарапайым бұйымдардың – шар, цилиндр, пирамида т.б. сияқты заттардың суретін салып, көптеген жаттығу жұмыстарын жасаған пайдалы. Мұндай қарапайым жаттығулар жазықтықта тұрған заттардың кеңістікте орналасу заңдылықтарын дұрыс ұғынуға көмектеседі. Сол себептен алдымен суретті жақсы меңгерген жөн. Суретшілердің менуарларын оқып отырсақ, атақты суретшілер – Ә.Қастеев, Қ.Тельжанов, А.Ғалымбаева т.б. суреттерін қыл

өнері көмекке келіп, қандай сынақ болса да, сынақтардан сүрінбей өтетініне сенемін. Өнер соның ішінде суре салу өнері – адам баласының жан дүниесін тыныштандырып сұлуландырып қана қоймай, ендеп өнерге деген құштарлығын да арттырады, алға қарай жетелейтін өнер сенің өміріндей жетекшің!


**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М. Мұқашев; А. Сейтімов; Н.Хамзин «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» «Фолиат»баспасы; Астана – 2008 жыл. /1.139/, /1,13/, /1,18/.
2. Р. Мизанбаев «Живопись»; Алматы – 2005 ж. /2.46/.

Е. Каменева «Кемпір қосақтың түсі қандай». Алматы «Өнер» 1981 ж. / 144/, /3,144/.


## PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТУ




**Кабулова Майя Асаубаевна**
*Жамбыл облысы, Сарысу ауданы*
*Шохан Уалиханов мектеп-гимназия*
*Математика пәні мұғалімі*


| | |
|---|---|
| Коучингтің тақырыбы | **PISA халықаралық зерттеуі тапсырмаларын орындату арқылы оқушылардың ойлау көкжиегін кеңейту** |
| Жалпы мақсат | 1. PISA бағдарламасы бойынша мұғалімдерге жалпы түсінік беру.<br>2.Тренингтер мен ойын түрлерін, тапсырмаларды талқылау үшін тыңдаушылардың топтарда бірлесе жұмыс істеуі.<br>3. Әр тыңдаушының тапсырманы орындау негізінде ойларын, сезімдерін білдіруі. |
| **Середина урока 20 мин** | **III. Изучение нового материала родители – ата-ана, дети – балаларСлушаем и говорим**<br>1. Послушай, что мальчик сообщает о себе. Расскажи о себе по образцу.<br>Привет! Я – Коля Кузнецов.<br>Мне 7 лет. Я учусь в первом классе.<br>2. Послушай, что Коля рассказывает о своей семье. Это мои родители. Папу зовут Руслан. Папа – врач. Маму зовут Кира. Она работает в школе.<br>У меня есть старшая сестра Карина и младший брат Костя. Мы живем дружно. Я люблю свою семью.<br>– Как зовут папу Коли?<br>– Как зовут маму Коли?<br>– Как зовут старшую сестру?<br>– Назови имя младшего брата.<br>– Кем работает папа Коли?<br>– Где работает мама Коли?<br><br>**Работа со словарем в учебнике**<br>Проводится словарная работа по разъяснению лексического значения слов. Учитель произноситпредложения, четко выделяя слова и фразы.<br>Хоровое и индивидуальное проговаривание.<br><br>3. Послушай.Подбери нужные слова.<br>4. Старый,мудрый-кәрі,ақылды<br>5. Молодая,красивая-жас,әдемі<br>6. Сильный,смелый-күшті,батыл<br>7. Маленькая,веселая-кішкентай,көңілді<br>8. Добрая,умная-мейірімді,ақылды | (К) Учащиеся рассматривают картинки, составляют предложения.<br><br>**Дети встанут в круг «Шаттық»**<br><br>С помошью мяча рассказывает о себе<br><br>Учащиеся составляют предложения,о своей семье<br><br>Закрепляют чтение слоговых цепочек: заучителем хором, в парах, индивидуально, коллективно | <br>Взаимооценивание «Пирамида успеха»<br><br>**Дескриптор**<br>*Обучающийся:*<br>– составляет 2-3 предложения;<br>– понимает собеседника, отвечаетна вопросы;<br>– соблюдает речевые нормы. | Учебник, задание 1<br><br>Учебник, задание 2<br><br>Учебник, задание 3 |
| | Соотнесите!<br>Кто что делает?<br>Мама вяжет<br>Дедушка играет<br>Бабушка читает<br>Дочка<br>Сын держит<br>Папа играют<br><br>Рассмотри картинку.Опиши ее своими словами.Используй слова действия:играет,держит,вяжет,играют,читает. | Учащиеся выполняют задание<br><br>Ученик отвечает на вопросы<br>. | | |
| | **IV. Освоение изученного материала**<br>1.Что делает дедушка?<br>Дедушка сидит на диване и читает газету.<br>2.Что делает бабушка?<br>Бабушка вяжет шарф.<br>3.Что делает мама?<br>Мама держит малыша<br>4.Что делает маленькая девочка?<br>Маленькая девочка играет с кошкой.<br>5.Что делают папа и сын?<br>Папа и сын играют в шахматы | Учащиеся отвечают на вопросы. |  | Сюжетные картинки.<br>Учебник, задание 4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 5. Составьте в паре диалог по образцу.<br>– У тебя есть сестра?<br>– Да у меня есть старшая сестра.Ее зовут Сауле.Она учиться в девятом классе.<br>– А брат у тебя есть?<br>– Да,и брат есть,его зовут Диас.Он учиться десятом классе.<br>**Физкультурная минутка** (пальчиковая гимнастика)**Моя семья**<br>Этот пальчик – дедушка. Этот пальчик – бабушка. Этот пальчик – папочка. Этот пальчик – мамочка.Этот пальчик – я.<br>Вот и вся моя семья. | Учащиеся составляют в паре диалог по образцу. | | Учебник, задание 5 |
| | **Закрепление изученного материала** Имена и фамилии пиши с заглавной буквы.*Камшат, Канат, Коля Кузнецов.*<br>6. Расскажите, как пишутся имена и фамилии.Напишите свои имена и фамилии. Проверьте работу друг друга.<br>Имя______________________ Фамилия ______________________ | Учащиеся составляют диалог, записывают свои имена и фамилии. | ФО<br>Похвала | Учебник, задание 6 |
| | **Работа в рабочей тетради** | Учащиеся работаютв рабочей тетради. | | Рабочая тетрадь |
| **Конец урока5 мин** | **Итог урока. Рефлексия**<br>Ребята, вот три разных смайлика. Если вам быловсе понятно и вы хорошо себя чувствовали на уроке, то прикрепите свои стикеры на первый | (К, Ф) Учащиеся оценивают свою работу с помощью смайликов. |  | |
| | смайлик. Если же у вас возникли какие-то вопросы,то прикрепите свои стикеры на второй смайлик, если же вам было непонятно и вы расстроены, то прикрепите стикеры на третий смайлик. | | | |

## ЕКІ ТҮЗУДІҢ ҚИЮШЫМЕН ЖАСАЙТЫН БҰРЫШТАРЫ



**Құрамысова Асыл Досымқызы**
*Батыс Қазақстан облысы*
*Жаңақала ауданы*
*Жаңақала мектеп-гимназиясы КММ*
*Математика-Физика пәндері мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:**<br>Түзулердің өзара орналасуы | **Мектеп:** |
| Педагогтің аты-жөні: | |
| Күні: | |
| Сыныбы: 7 | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Екі түзудің қиюшымен жасайтын бұрыштары |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | 7.1.2.3 екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштарды танып білу;<br>7.1.2.4 түзулердің параллельдік белгілерін дәлелдеу;<br>7.1.2.5 түзулердің параллельдік белгілерін есептер шығаруда қолдану;<br>7.1.2.6 параллель түзулердің қасиеттерін дәлелдеу;<br>7.1.2.7 параллель түзулердің қасиеттерін есептер шығару.қолдану; |
| Сабақтың мақсаты: | Параллель түзулердің анықтамасының тұжырымдамасын біледі;<br>Қасиеттерін біледі, параллель түзулер ұғымын кеңейте түседі; |

| | |
|---|---|
| | Екі параллель түзуді үшінші параллель түзумен қиғанда пайда болатын бұрыштардың түрлерін біледі. |
| Бағалау критерийлері | Топта жұмыс істеу арқылы ізденеді, біледі, түсінеді және мәтінмен жұмыс істеу арқылы пәнге қызығушылығы артады;<br>Параллель түзулердің сызбаларын дұрыс түсініп, сауатты сала білуге дағдыланады. |
| Құндылықтарға баулу | **Пәнге қатысты лексика және терминология:**<br>Бұрыш,градус,радиан, шеңбер, радиус ұзындығы,центрлік бұрыш,шеңберің доғасы,,π сан,радиандық бұрыш.<br><br>**Диалогтар және жазу үшін керекті тіркестер:**<br>-Оң және теріс бұрыштар дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Бұрыштың радиандық және градустық өлшемдерінің арасында қандай байланыс бар?<br>-Толық бұрыш жалпы түрде қалай беріледі?<br>-Бір радиандық бұрыш деген не?<br>-Шеңбердің радиусы дегеніміз не?<br>-Центрлік бұрыш деген не?<br>-Доға ұзындығы неге тең? |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>Қызығушылықты ояту.<br>Ұжымдық жұмыс.<br>**6 мин.** | ***Ұйымдастыру:***<br>-Оқушылармен амандасу, сынып оқушыларын түгелдеу.<br>***Топқа бөлу:***<br>Оқушылар бұрыш, радиан, градус деген сөздер жазылған түрлі түсті қима қағаздар таңдау арқылы топтарға бөлініп отырады;<br>Ітоп:«Бұрыш»,<br>II топ:«Радиан»,<br>IIIтоп:«Градус»<br>Топтар топ ережесін сақтайды , өз қалаулары бойынша топ ішінен топ басшы сайлайды,топ басшы топ мүшелерінің сабаққа белсенді қатысуын қадағалайды.<br><br>**Үй тапсырмасын тексеру:** Тақтада тапсырма дұрыс жауабымен көрсетіліп тұрады. | Шаттық шеңберін құрып «Өзіңе тілегенді,өзгеге тіле»! әдісі арқылы бір-біріне тілек айтып,жақсы көңіл күй сыйлайды.<br>**Мақсаты:** Оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.<br>**Тиімділігі:** Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл -күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.<br><br>**«Мен саған, сен маған»** арқылы оқушылар бір-бірінің үй тапсырмасын тексереді. | Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенділік танытқан оқушыларды ***«Мадақтау сөз» әдісі*** арқылы бағалайды:<br>*«Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»* | Түрлі түсті қима қағаздар<br> |
| ***Миға шабуыл. «Ой қозғау» әдісі.***<br><br>**5 мин.** | **Оқушылармен бірге сабақ мақсатын ашу;**<br>Сонымен параллель а және в түзулерін жүргізу үшін:Сызба бұрыштықтың бір жағын сызғышқа жылжытып,екінші жағының бойымен а түзуін жүргіземіз.Сызғыштың бойымен сызба бұрыштықты жылжытып қалаған бағытта екінші в түзуін жүргіземіз.<br>Қалай ойлайсыңдар параллель түзулерде жатқан кесінділер де, сәулелер де өзара параллель болады ма?<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Диалог және қолдау көрсету»** тәсілі қолданылады. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға қосымша ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға | **Сұрақтар:**<br>1.Қандай түзулер параллель түзулер деп аталады?<br>2.Параллельдік аксиомасы дегеніміз не?<br>3.Берілген түзуден тыс жатқан нүкте арқылы түзуге параллель неше түзу жүргізуге болады?<br>**Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауды дамыту.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар | **Дескриптор:**<br>1-ші сұраққа жауап береді.<br><br>2-ші сұраққа жауап береді.<br><br>3-ші сұраққа жауап береді.<br><br>Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады | ДК экраны<br><br>Сұрақтар топтамасы.<br><br>Оқулық 7-сынып.<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Джиксо» әдісі<br>8мин | қосымша жетелеуші сұрақтар қойылады.<br><br>**Жаңа сабақ**<br><br>Бүгінгі сабағымның тақырыбы: **Екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштар.**<br><br>**Саралау:** Қажеттілігіне қарай тапсырмалар беремін.<br><br>Жаңа сабақты толықтырып мысалдар келтіремін;<br>**1-мысал**.Екі параллель түзу үшінші түзумен қиылысады. Ішкі бұрыштардың бірі мен оған вертикаль бұрыштың қосындысы 2400-қа тең. Берілген бұрышқа сәйкес бұрышты табыңдар. Жауабы.<br>1200<br><br>**2-мысал**. а және в параллель түзулері с түзуімен қиылысады. Ішкі тұстас бұрыштарды табыңдар:<br>2) 1 – 2 = 300; 3) 1 : 2 = 1 : 2<br>Жауабы:<br>2) 1050; 750 3) 600; 1200 | оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.<br><br>Оқушылар оқулықтан жаңа сабақты оқып, топ ішінде талқылап бір-біріне түсіндіріп әр топ қорғайды:<br>Ітоп:«Бұрыш» (Ішкі тұтас және ішкі айқыш бұрыштардың қалай жасалатынын түсіндіреді)<br>ІІ топ: «Прараллель түзулер» (Бір жазықтықта жататын бір- бірімен қиылыспайтын түзулер параллель түзулер деп аталады.“Параллель” сөзі гректің parallelos- “қатар жүруші” деген сөзінен шыққан. ǁ-параллельдік белгі. а ǁb)<br>ІІІтоп:« Параллельдік аксиомасы/» (Түзудің бойында жатпайтын бір нүкте арқылы сол түзуге бір ғана парралель түзу жүргізуге болады.) | |  |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**8 мин.**<br><br>Жеке жұмыс. | **«Топтық әңгіме» әдісі**<br>**I**<br>1.Параллель түзулер сызып, оларды белгіле.<br>2 Жердің Меридиандары мен параллельдері қиылысқанда, қандай түзулер пайда болады?<br>**II**<br>1 Сызғышты және үшбұрышты пайдаланып, ұзындығы 3,6 см-ге тең кесінді сызып, оған оның ортасы арқылы ұзындығы 4 см-ге тең перпендикуляр жүргізіңдер.<br>2 Бір-бірімен әрі параллель әрі перпендикуляр болатын үш түзу сызыңдар.<br>**III**<br>1 Түзу сызыңдар. Оны в деп белгілеңдер. Осы түзуде жататын В нүктесін белгілеңдер. Сызғыш пен үшбұрышты сызғышты пайдаланып, В нүктесі арқылы өтетін в түзуіне перпендикуляр болатын а түзуін салыңдар.<br>**Саралау:** Бұл тапсырмада саралаудың **«Қарқын»** тәсілі көрініс табады.<br>Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға көмек көрсету. | Түсінбеген тапсырмаларды бір-біріне түсіндіреді. Топтар келесі топтың тапсырмасын алмасып тексереді.<br>Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, топтық талдау жасайды. Талқылау нәтижесінде бір келісімге келіп тапсырмаларды толық орындайды. | **Дескриптор:**<br><br>- Параллель түзулердің қасиеттерін дәлелдейді; 1-балл<br>- Қилысқан түзулер анықтайды; **1-балл**<br><br>**Бағалау:**<br>Әрбір дұрыс жауапка 1 балл қойылады | ДК экраны 7 сынып, Шыныбеков А., Шыныбеков Д<br><br>Алматы «Атамұра» 2017 |
| Жеке жұмыс.<br>**8 мин.** | **4.4 есеп**<br>Параллель екі түзу мен қиюшыдан | Берілген тапсырма бойынша есепті | **Дескриптор:**<br>- Параллель екі түзу мен | ДК экраны 7-сынып |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жасалған ішкі тұтас екі бұрыштың айырмасы 300 тең .Осы бұрыштар неге тең?<br>***Тиімділігі:*** Оқылым мен айтылым дағдысы қалыптасады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Диалог және қолдау көрсету»*** тәсілі көрініс табады. | орындайды | қиюшыдан жасалған ішкі тұтас екі бұрыштың айырма формуласын тұжырымдайды<br>1-балл<br>-жауабын жазады<br>1-балл<br>Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады | оқулығы. Шыныбеков «Атамұра» 2017 |
| Жеке жұмыс жұмыс.<br>**5 мин.**<br><br>*Жазылым.* | 1.Екі параллель түзу үшінші түзумен қиылысады. Ішкібұрыштардың бірі мен оған вертикаль бұрыштың қосындысы 2400-қа тең. Берілген бұрышқа сәйкес бұрышты табыңдар. **Жауабы.1200**<br>2. а және в параллель түзулері с түзуімен қиылысады. Ішкі тұстас бұрыштарды табыңдар: 2) 1 – 2 = 300; 3) 1 : 2 = 1 : 2<br>**Жауабы:**2) 1050; 750 3) 600; 1200<br>3. АВ және СД түзулері KL түзуімен О және Е нүктелерінде қиылысады. Егер КОВ бұрышы КЕС бұрышының төрттен бір бөлігін құраса және КЕС = 1440 болса, онда АВ және СД түзулерінің параллель болатынын дәлелдеңдер.<br>**Жауабы:** КОВ = АОЕ себебі вертикаль бұрыштар. АОЕ + КЕС = 1800, АОЕ = 1800 – 1440 = 360, сондықтан параллель.<br>***Мақсаты:*** *Берілген* сөздердің ережесі мен мысалын жазу арқылы бір-бірінен айырмашылығын ажыратады.<br>***Тиімділігі:*** Оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдысы мен жазылым дағдысы қалыптасады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Тапсырма»*** тәсілі көрініс табады. | Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, топтық талдау жасайды. Талқылау нәтижесінде өзара бір келісімге келіп есептерді шығарады. | **Дескриптор:**<br>- Екі параллель түзу үшінші түзумен қиылысуды тұжырымдайды;<br>1-балл<br>- Параллель түзулердің қасиеттерін және оларға сәйкес теоремаларды дәлелдеуді<br>1-балл<br>- түзулердің параллельдік белгілерін есептер шығаруда қолданады;<br>**1-балл**<br>**Бағалау:**<br>Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады | .<br>. ДК экраны 7-сынып оқулығы. |
| Сабақтың соңы.<br><br>Ой толғаныс. Рефлексия<br><br>**5 мин.** | **«Төрт сөйлем»** әдісін пайдаланып сабақ бойынша түсінгеніңді жаз. | Оқушылар өздерінің тақырып бойынша оқып, зерделегенін төрт сөйлем арқылы тұжырымдайды.<br><br>***Мақсаты:*** Өз ойын айтып, сабақты бекіту, қорытындылау.<br>***Тиімділігі:*** Оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрініс табады. | **Дескриптор:**<br>Төрт сөйлем әдісі бойынша берілген тапсырманы толық орындайды.<br>Оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігіне қарай *«Мадақтау сөздері»* *әдісі* арқылы бірін-бірі бағалайды.<br>*Жарайсың!, Керемет!, Жақсы!, Талпын!..* | ДК экраны 7-сынып оқулығы. Шыныбеков «Атамұра» 2017 |

# КЕЛЕШЕК ҚОҒАМ ТӘРБИЕСІНІҢ БҮГІНГІ МІНДЕТТЕРІ



**МАРФУҒА РАХМЕТОВА**
*Атырау облысы білім беру басқармасының*
*«Облыстық арнайы мектеп-интернаты» КММ*
*Тәрбиеші*

Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының асыл мұраты. Тәрбие дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көз қарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру екені баршаға белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім және ғылым саласының барлық қызметкерлеріне арнаған сөзінде: «Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез» деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу аса жауапты әрі күрделі міндет. Сіздердің арқаларыңызда тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасады. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген халқымыз. Ұстазсыз адам болмайды. Бәріміз де кезінде мұғалім тәлімін алып, білімін үйрендік Жастарды адал азамат етіп тәрбиелеу, олардың бойына ізгі құндылықтарды сіңіру - аса маңызды міндет. Осы жауапты істі абыроймен атқарып жүрген ұстаздар қауымына шынайы ризашылығымды білдіремін"»- деп, еліміздің болашағы үшін аянбай еңбек етіп келе жатқан ұстаздарға ыстық ықыласын білдірген болатын.

Иа, ұстаз-тәрбиеші — жас ұрпақтың рухани сәулеткері. Қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын зор сеніммен тапсыратын сенімді өкілі. Олар сол сенімді ақтауда зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуде.

Қазақ мектебінің болашағы туралы М.Жұмабаев «Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты» деген. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаз тәрбиешінің еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Тәлім-тәрбие саласында елеулі еңбек етіп жүрген мамандардың бірі, бірегейі —тәрбиешілер.

Өзім еңбек ететін облыстық арнайы мектеп-интернатында ерекше білім алу қажеттілігі бар балаларды оқытып, тәрбиелеу болғандықтан басты мақсатымыз балаларды әдепті, адамгершілік қасиеті қалыптасқан, түсінігі мол азамат болып шығатындай етіп тәрбиелеу, бұл әр тәрбиешінің алдына қойған ең бірінші міндеті, қоғам алдындағы борышы.

Ата- анасы шалғай жерде жүрген балалардың тәрбиелі болып өсуі ең алдымен отбасы тәрбиесіне байланысты болса, мектеп-интернатқа келгеннен кейін, екінші ата-анасы ретіндегі тәрбиешілердің берген тәрбиесіне байланысты болады.

Осы орайда біздің интернатта тәрбие жұмыстары ата- аналармен, ұстаздармен бірлесіп жүзеге асырылуда. Биылғы 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы мызғымас басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады.

*«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы » әдістемелік нұсқау хатына сәйкес тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтарды басымдыққа алып жұмыстар жүргізудеміз.*

*Бұл бағыттар тәрбие мен оқытуда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың бойында адами қасиеттерді қалыптастыруға басымдық береді.*

Тәрбие жұмысының бағыттарының тақырыптары бірімен-бірі тығыз байланысты. Әр тәрбиеші өз тобының мақсаты, міндеті бойынша жұмыс жүргізеді. Тәрбиешілердің берген бағыты бойынша, барлық мерекелік іс-шаралар ата-аналармен, мектеп ұстаздарының қатысуымен өткізіледі. Мұнда тәрбиеленушілердің бос уақытын ұйымдастыру жұмысы да жақсы жолға қойылған. Яғни бала әр күнін сапалы, пайдалы өткізу үшін күнделікті сабаққа дайындалумен қатар, олармен түрлі психологиялық тренингтер, әңгімелер, түрлі сайыс-ойындар, спорт жарыстары өткізіліп отырады. Сонымен қатар қаланың көрікті жерлеріне, тарихи орындарға саяхат жасау, Атырау облыстық тарихи-өлкетану мұражайына, Атырау облыстық Шаймардан Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы сәндік өнер мұражайына, демеушілер көмегімен Махамбет Өтемісұлы атындағы Атырау облыстық академиялық драма театрының балаларға арналған қойылымдарын тамашалауға және түрлі спорттық кешен орталықтарына бару арқылы танымдық демалыстар ұйымдастырылып тұрады.

Біз өзімізге сеніп тапсырған әр ата-ананың үміт күтетін перзентін тек әдептілікке бейімдеп сөйлеуді, үлкен кішіні сыйлауды, қарапайым адами қарым-қатынасты үйретіп қана қоймай, айналаны тану арқылы танымын оятып, баланың бойына түрлі адамгершілік қасиеттер де өрілсе екен деп жұмыстанамыз. Сонымен қатар балаларға жасына қарай үй жағдайында кездесетін өмірлік дағдылар үйретіледі, күнделікті үй жағдайындағы шаруаны кейінге қалдырмау жауапкершілігі, атап айтқанда мезгілінде істелетін үй жинау жұмыстары –төсек жинау, тазалау, сүрту, жуу, үтіктеу, тағы сол сияқты ұсақ-түйек істерді негұрлым оңтайлы етіп жасау үйретіледі.

Әрине, арнайы мектеп – интернатында тәрбиеленетін балалар толыққанды дамып жатқан қатарластарымен салыстырғанда мүмкіншіліктері әлдеқайда төмен. Олардың өздеріне берілген ұғымдарды өз бетінше қабылдап, есте сақтап, шешім қабылдаулары қиынырақ болып келеді. Танымдық белсенділіктері мен қоршаған ортаға деген қызығушылықтарының да ауқымы тар.

Ерекше балалармен жұмыс жасағанда балалардың оқытуы мен тәрбиесіндегі жағымды әсерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін ерекше педагогикалық түзете-жетілдіру технологиясы қолданылады. Ол үшін әрбір мұғалім, қандай оқушылармен жұмыс жасаса да, қандай пәннен сабақ берсе де, ең алдымен ол тәрбиеші болуы тиіс. Тәрбие жұмысының әдіс–тәсілдерін жетік меңгеру – әлеуметтік педагогтың ең маңызды тапсырмасы. Аталған тәрбие жүйесіндегі педагогикалық технологиялар өзара үйлесімділікпен, ата–ана мен мектеп, мұғалім арасындағы ынтымақтастықпен байланысуы керек. Тәрбие жұмысы мектеп-интернаттағы балалар үшін басты нәрсе. Жеткіншектердің келешекте қандай азамат болуы мектеп-интернатта берілген тәрбиемен тығыз байланысты. Тәрбие жұмысы қаншалықты қиын, жауапты болса, соншалықты құрметті. Тәрбиешілер ұжымы осы міндетті абыроймен атқаруда. Шалғай ауданнан, ауылдан келген балалардың

тамағының тоқ, көңілінің шат болуына жағдай жасап, анасындай маңдайынан сипап, мейіріне бөлейді.Оқушылар қатысатын іс-шаралар тек білім-тәрбие беруде ғана емес, сонымен қатар түзетуге де бағытталған болуы керек. Арнайы мектепте бала тәрбиелеудің басты ерекшелігі – әр баланың жеке қасиетін, оның ішінде науқастығына байланысты ерекшеліктерін ескеру. Баланың мінез-құлқын немесе ерекшеліктерін білу тәрбиелеу құралдары мен әдістерін таңдауға көмектеседі. Тәрбие жалпы заңдылықтарға ғана емес, балалардың даму ерекшеліктерін білуге негізделеді, оның мәнін түсіну үшін ең алдымен тәрбиенің мақсатын түсіну маңызды. Арнайы мектептің қарым-қатынас құралы ретінде сөйлеуді қалыптастыру жұмысы да ерекше мәнге ие. Сөйлеуді қалыптастыру – зейіні төмен балалардың жан-жақты дамуының негізгі шарттарының бірі. Бұл үшін тәрбиелік шараларда тақырыпқа сәйкес жаттаулар, жұмбақтар, жаңылтпаштар айту арқылы қазақтың ауыз әдебиетінің құндылықтарын пайдаланамыз. Тәрбиелік шаралардың басым бөлігі шара өткізу үшін арнайы ұлттық негізде жасақталған қара шаңырақ бейнесіндегі кең алаңда өткізіледі. Оқушылардың әр жастағы  тобымен тәрбие жұмысында өтетін шараның мазмұны мен тәрбие әдістерін таңдауға мұқият қарау керек. Оқушылар қоршаған орта туралы білім мен икем, көзқарас пен ой пікірлерін тек сабақ арқылы ғана толық меңгере алмайды. Өйткені бала сабақтан шыққан соң өмірдегі басқа құбылыстармен кездеседі, қарым-қатынас жасауға үйренеді. Бұл аса маңызды міндетті арнайы мектептегі сыныптан тыс жұмысы атқаруға тиіс. Сыныптан тыс жұмысы бір тұтас педагогикалық үрдістің бөлігі. Арнайы мектептегі сыныптан тыс жұмыстардың ерекшелігі, ол сабақ сияқты қатал талаптармен шектелмейді. Сыныптан тыс жұмысты әр түрлі көріністе, еркін ынтамен, шығармашылық қасиеттер мен ұжым пікіріне сүйену арқылы өткізуге болады Бұл жұмыста оқушылардың сабақта байқалмаған ерекше қабілеттері оянып, дамиды. Тәрбиешілер табиғи болуы қажет, олардың жылы жүрегінен, мейірімді жүзінен, аялы алақанынан, ыстық құшағынан балаға дүние есігі ашылады, оның дүние танымы, өмірді танып білуінен басталады. Әр тәрбиешінің бойында, естімейтін және нашар еститін балаларға деген сүйіспеншілік, қамқорлық сезімі мен мінез байлығы, өмірдің әр қырының жағымды үлгі-өнегесі болуы қажет.

Қорыта айтқанда тәрбиелеуде сабақтан тыс жұмыстар аса маңызды қызмет атқарады. Бұл жұмысты мұғалімдер мен тәрбиешілер белсенді түрлі әрекеттер арқылы ұйымдастырып келеді. Сабақтан тыс уақытында білім беру, түзету міндеттерін кешенді түрде орындауға мүмкіндік туады.Тәрбиешілер, ең алдымен, өзі үлгі болатындай етіп, өз-өзін тәрбиелеуі керек. Әр баламен жеке дара жұмыс жасап, әңгімелесіп, сырласу тәрбиешінің күнделікті  ісі болуы тиіс.

Нағыз тәрбиеші  баланы жеке тұлға деп танып,оның пікірімен әрқашан санасады, оны белестен белеске,асудан асуға жетелейді, мақсатын бағындыруға жігерлендіреді. Ол шәкіртін ынталандыра отырып,оның бойына жүректілікті, кішіпейілділікті, намысшылдықты, өз еліне адал қызмет етуге, еңбекқорлық қасиеттерін сіңіреді. Олай болса, тамаша білім алып, өмір сүру деңгейін арттырып,  көптеген пайдалы әрі жағымды нәрселермен айналысу кез-келген ұрпақтың қолынан келетіні даусыз. Еліміздің әрбір жеткіншегін азамат ретінде жетілдіру, оның даму қабілеттерін  дамыта отырып нағыз ел азаматы етіп тәрбиелеу — бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі.

Мектеп-интернаттымызда тәрбие бағытында өткізілген шаралар.

«Тәрбиеші болғанды қандайды...» атты шығармашылық сайыс.

Наурыз мерекесіне орай «Наурыз – думан». Сонымен қатар орыс халқының мерекесі

 

«Масленица» және 1 мамыр мерекелеріне арнап тәрбие шаралары өткізілді.

 

# ЖҰП ЖӘНЕ ТАҚ ФУНКЦИЯЛАР



**Мусабекова Сауле Станбековна**
*Жамбыл облысы, Байзақ ауданы*
*Ақшолақ орта мектебі*
*Математика пәні мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ №10** | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып:** | **Қатысқан оқушы саны:** | **Қатыспаған оқушы саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | ***Жұп және тақ функциялар*** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 10.4.1.4 - функцияның берілген графигі бойынша оның қасиеттерін:<br>1) функцияның анықталу облысы;<br>2) функцияның мәндер жиыны;<br>3) функцияның нөлдері;<br>4) функцияның периодтылығы;<br>5) функцияның бірсарындылық аралықтары;<br>6) функцияның таңбатұрақтылық аралықтары;<br>7) функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері;<br>8) функцияның жұптылығы,тақтылығы; | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Барлық оқушылар:<br>**Жұп және тақ функиялардың графиктерінің орналасуын біледі.** | |
| | Оқушылардың басым бөлігі:<br>**функцияның қасиеттерін, яғни функцияның жұп немес тақтылығын анықтай алады.** | |
| | Кейбір оқушылар:<br>**Тақырып жайлы танысуарқылы тапсырмаларды меңгереді және білімдерін бекітед, оны ойын жеткізе білуде пайдаланады** | |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың кезеңі | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Басы**<br>5 минут | **Ұйымдастыру сәті**<br>«Алғашқы қадам» (Үй тапсырмасын тексеру)<br>«Лездік тапсырма» (Сұрақ - жауап)<br>Өткен тақырыпты қайталау: Вектордың координаталары Үй тапсырмасының орындалуының барын тексеру, сұрақтарына жауап беру. 1.Бағытталған кесінді дегеніміз не? 2.Вектор дегеніміз не және вектор қалай белгіленеді? 3.Вектордың координаталары қалай анықталады? 4.Вектордың ұзындығы оның координаталары арқылы қалай жазылады? | Психологиялық ахуалға берілген тапсырманы орындайды. |  | |
| **Негізгі бөлім**<br>10 минут | ***Жұп функция мен тақ функцияның қасиеттері.***<br>1. Егер $f(x)$ және $g(x)$ функциялары екеуі де бірдей X жиынында анықталған жұп функциялар болса, онда $f(x)+g(x)$, $f(x)-g(x)$, $f(x)g(x)$, $g(x)0$ функциялары X жиынында анықталған жұп функциялар болады.<br>2. Егер $f(x)$ және $g(x)$ функциялары екеуі де бірдей X жиынында анықталған тақ функциялар болса,онда $f(x)+g(x)$ және $f(x)-g(x)$ функциялары да X жиынында анықталған тақ функциялар,ал $f(x)g(x)$, , $g(x)=0$ функциялары X жиынында анықталған жұп функция болады. | Оқушылар есептеулерде натурал сандарға арифметикалық амалдардың қасиеттерін қолдана білу қажеттігін түсінеді; | **Өз ойын дұрыс мағынада білдіру** | Оқулық, жұмыс дәптері Кітап, дәптер, қалам суреттері бейнеленген қима қағаздар топтамасы ДК |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | экраны |
| **Оқулық пен жұмыс**<br>25 минут | **Есептер шығару**<br>**Жеке жұмыс №1** 1) парабола 2) парабола<br>$y^2+3y-x+7=0 \Rightarrow y^2+2\cdot 1{,}5y+1{,}52=x-7+1{,}5^2 \Rightarrow (y+1{,}5)^2=x-4{,}75$<br>төбесі<br>C(4,75;-1,5)нүктесінде,ал осі y= - 1,5 түзуі болатын парабола.<br>жарты парабола 4) гипербола<br>**№2.**<br>$x^2+y^2-\frac{8}{3}y-\frac{20}{9}=0 \Rightarrow x^2+y^2-2\cdot\frac{4}{3}y+\frac{16}{9}-\frac{36}{9}=0 \Rightarrow x^2+\left(y-\frac{4}{3}\right)^2=2^2$<br>.<br>Шеңбер: C $\left(0;\frac{4}{3}\right)$ Радиусы :R=2.<br>**№3.**   4) $(x+1)(y-2)=3$ асимптоталары x=-1, y=2. және пропорционалдық коэффициенті k=3 болатын кері пропорционалдық<br>№76. 1) $y=3x^2-2x-5$ : $m=-\frac{b}{2a}=-\frac{-2}{2\cdot 3}=\frac{1}{3}$; $\left(\frac{1}{3};-5\frac{1}{9}\right)$ төбесі<br>$n=3\cdot\frac{1}{9}-2\cdot\frac{1}{3}-5=\frac{-46}{9}=-5\frac{1}{9}$<br>2)<br>$2x^2+3x-y+5=0 \Rightarrow 2\left(x^2+2\cdot\frac{3}{4}x+\frac{19}{16}\right)=y-5+\frac{9}{8} \Rightarrow 2\left(x+\frac{3}{4}\right)^2=y-\frac{31}{8} \Rightarrow$<br>Төбесі P $\left(-\frac{3}{4};\frac{31}{8}\right)$ нүктесінде орналасқан парабола<br>$y(x+1)=2+x$<br>$y=\frac{2+x}{x+1}$<br>$y=\frac{x+1+1}{x+1}=1+\frac{1}{x+1}$<br>**№4** 1) xy-x+y=2.<br>$xy+3x-2y=8$<br>$y(x-2)=8-3x$<br>$y=\frac{8-3x}{x-2}$<br>$y=-\frac{6-3x+2}{x-2}$<br>2) $y=-3+\frac{2}{x-2}$ | **Дескриптор**<br>Мәліметтер мен тапсырмалардың д<br>шешімдері арнайы мәліметтермен анықталды;<br>-Арнайы тапсырма мен салыстыру арқ натурал сандардың мағанасын түсінді. | Жұлдызша арқылы бір-бірін бағалау. | Үлестірмелі қағазда р |
| **Соңы**<br>5 минут | **Сабақты бекіту Рефлексия**<br>Үйге тапсырма: № | Сабақты пысықтау тапсырмаларын орындау. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Кері байланыс | Оқушыларға **«Жетістік баспалдағы»** кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді. | «Жетістік баспалдағы» кері байланыс парағы таратылады. | «Жетістік баспалдағы» | Кері байланыс парағы. |

## ЖОЛДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ. ЖОЛДЫҚ ФУНКЦИЯЛАР

**Насымбаева Анар Ураловна**
*Жаңақала мектеп-гимназиясы*
*Математика- информатика пәні мұғалімі*

| Қысқа мерзімді жоспары | | | |
|---|---|---|---|
| **Бөлім** | Алгоритмдеу және программалау | | |
| **Педагогтың аты-жөні** | Насымбаева А | | |
| **Күні 27/11/23** | | | |
| **Сынып 10** | Қатысушылар саны | | Қатыспағандар саны |
| **Сабақтың тақырыбы:** | ЖОЛДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ. ЖОЛДЫҚ ФУНКЦИЯЛАР | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 10.5.1.2 Жолдарды өңдеу үшін процедуралар мен функцияларды пайдалану | | |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** | | |
| | Python программалау тілінде жолдық функцияларды анықтайды | | |
| | **Көптеген оқушылар:** | | |
| | Жолдық функциялардың қызметтерін салыстырады | | |
| | **Кейбір оқушылар:** | | |
| | Жолдық функцияларды қолданып есептерді программалайды | | |

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтың әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | 1.Оқушылармен амандасу.<br>2.Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру.<br>3.Жаңа тақырыпқа шолу<br>Программалау тілінде де математикадағыдай өрнектерді орындаудың өз ережесі бар. | 1.Мұғаліммен амандасады.<br>2.Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады.<br>3.Сабақтың мақсаттарымен танысады. | | |
| **Сабақтың ортасы** | Өткен сабақты пысықтау: «Бинго» әдісі<br>Әр адамға шаршыға бөлінген Бингоға арналған карточка беріледі.<br>Шаршыда өткен тақырыпқа қатысты сұрақтар жазылған. Сұрақтарға кім бірінші жауап берсе, «Бинго» дейді. Сол оқушыға балл беріледі.<br>1. «Ішкі программа» деген не?<br>2. «Процедура» деген не?<br>3. «Функция» деген не?<br>4. Процедураның жазылу ережесі<br>5. Функцияның жазылу ережесі<br>6. Функцияның процедурадан айырмашылығы<br>Оқушылардың жауаптарын ауызша мадақтау, ынталандыру.<br>«Миға шабуыл» әдісі<br>- Функция, процедура дегеніміз не? Есіңе түсір!<br>- Жолды өңдейтін операторларды «процедура» және «функция» деп неге екіге бөліп қарайды?<br>- Қандай айырмашылығы бар деп ойлайсыңдар?<br>- Мәтіндік ақпараттарды программалау арқылы өңдеу әдістерінің қайсысымен таныссыңдар? | Мұғалімді тыңдайды<br>1-тапсырманы орындайды | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Джигсо» әдісі<br>Оқушылар қосымша ресурстармен жұмыс жасайды. Түсінгендерін<br>ортада талқылайды.<br><br>**1.len** - Строканың ұзындығын анықтау:<br>python<br>text = "Сәлем, әлем!"<br>length = len(text)<br>print(length) # Строканың ұзындығын басып шығарады<br>2. **upper** - Барлық әріптерді үлкейту:<br>python<br>text = "Сәлем, әлем!"<br>upper_text = text.upper()<br>print(upper_text) # Барлық әріптерді үлкейді<br><br>3. **lower**- Барлық әріптерді кішірейту:<br>python<br>text = "Сәлем, әлем!"<br>lower_text = text.lower()<br>print(lower_text) # Барлық әріптерді кішіреді<br><br>4. **replace** - Белгіленген элементті басқа элементпен ауыстыру:<br>python<br>text = "Сәлем, әлем!"<br>new_text = text.replace("Сәлем", "Қош келдіңіз")<br>print(new_text) # "Сәлем" сөзін "Қош келдіңіз" сөзімен ауыстырады<br>5.**find**- Строкада элементті іздеу:<br>python<br>text = "Сәлем, әлем!"<br>index = text.find("әлем")<br>print(index) # "әлем" сөзінің басталуын шығарады<br>6. **count** - Строкада көрсетілген элементтерді санау:<br>python<br>text = "Сәлем, әлем! Сәлем, сәлем!"<br>count = text.count("Сәлем")<br>print(count) # "Сәлем" сөзінің көрсетілген мөлшерін санайды<br><br>*Ауызша мадақтау, ынталандыру*<br>2-тапсырма.<br>- Оқулықта берілген практикалық тапсырманы компьютерде орындаңдар.<br>**Берілген жолда "abc" қанша рет кездесетінін есептейтін программа жазыңдар.**<br>Дескриптор:<br>Жолдық функцияларды қолданып есептерді программалай алады.<br>Фигуралар арқылы бағалау | 2-тапсырманы орындайды<br><br><br>3-тапсырманы орындайды | | |
| **Сабақтың соңы** | Сұрақтар:<br>1) «Жол» дегеніміз не?<br>2) Келесі функция қызметтері қандай?<br>. **upper** - Барлық әріптерді үлкейту:<br>. **lower**- Барлық әріптерді кішірейту:<br>**replace** - Белгіленген элементті басқа<br>**find**- Жолда элементті іздеу:<br>**count** – Жолда көрсетілген элементтерді санау:<br><br>Фигуралар арқылы бағалау<br>1.Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастырады.<br>2.Кері байланыс: | Өзін-өзі бағалау. | | Плакат /слайд/ |

## ДЕНЕНІҢ ЕРКІН ТҮСУІ, ЕРКІН ТҮСУ ҮДЕУІ

**Наурзалиева Қызғалдақ Қанатқызы**
*Батыс Қазақстан облысы*
*Жаңақала мектеп-гимназиясы*
*Физика пәні мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Бөлімі:** | **Кинематика** |
| **Педагогтің аты-жөні:** | |
| **Күні:** | |
| **Сыныбы:** | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты** | 9.2.1.9 еркін түсуді сипаттау үшін теңайнымалы қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдану; |
| **Сабақтың мақсаты:** | -еркін түсуді сипаттау үшін теңайнымалы қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолданады |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** 3 минут | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа дайындығын тексеру.<br>Топқа бөлу | Оқушылар санау арқылы 3 топқа бөлінеді.<br>1,2,3 | | |
| **Өткенге шолу** 5 минут | **LearningApps платформасы арқылы:**<br>1.Автомобильдің спидометрі қай жылдамдықты өлшейді? (лездік немесе орташа)<br>**2.**Кез келген бірдей уақыт аралығында жылдамдығы бірдей шамаға өзгеріп отыратын қозғалыс (бірқалыпты айнымалы қозғалыс)<br>3.Тең үдемелі қозғалыс кезіндегі дененің орын ауыстыруы ($S = \vartheta_0 t + \frac{at^2}{2}$)<br>4.Үдеудің өлшем бірлігі (1 м/с$^2$)<br>5.Тебаяулайтын қозғалыс кезіндегі дененің жылдамдығы ($\vartheta = \vartheta_0 - at$)<br>6.Үдеу қандай шама? (векторлық)<br>7.Еркін түсу үдеуі неге тең? (g=9,8 м/с$^2$ )<br>8. Кез келген бірдей уақыт аралығында жылдамдығы бірдей шамаға артатын қозғалыс ( теңүдемелі қозғалыс) | Оқушылар үй тапсырмасына қайталау жасайды | **ҚБ:** дайын жауаптар арқылы | https://learningapps.org/watch?v=pkadn8g8k23<br><br>9 сыныпқа арналған оқулық, интерактивті тақта<br><br>Сілтеме: |
| **Жаңа сабаққа дайындық** 5 минут | **Қызығушылығын ояту.**<br>Оқушылардың жаңа сабаққа дайындығын тексеру мақсатында **«Стоп кадр»** әдісімен бейнеролик көрсету.<br>**Сабақтың тақырыбын, оқу** | Оқушылар бейнеролик бойынша өз ойларын айтады, бүгінгі сабақтың тақырыбын ашады. | **ҚБ:**ауызша мадақтау | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **мақсатын хабарлау** | | | |
| **Сабақтың ортасы Жаңа сабақ Топтық жұмыс** 10 минут<br><br><br><br><br><br><br><br>**Жұптық жұмыс**<br><br>6 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Жеке жұмыс** 13 минут | **«Ойлан. Жұптас. Бөліс» әдісі**<br><br>**1-топ.** Денелердің еркін түсуі. Галилей тәжірибесі<br>**2-топ.** Ньютон тәжірибесі<br>**3-топ.** Еркін түсу үдеуі<br><br><br><br><br><br><br><br>**«Көршімен бөліс» әдісі**<br>**1-жұп. Формулалар сөйлейді** (қосымша 1)<br><br>**2-жұп. Дене** 19,6 м биіктіктен еркін түсіп келеді. Еркін түсу уақытын және түсу соңындағы жылдамдығын анықтаңдар.<br><br>**3-жұп.** Дене 20 м/с жылдамдықпен вретикаль жоғары лақтырылды. Дене қандай биіктікке көтеріледі және неше секундтан кейін Жерге қайта түседі?<br><br>**4-жұп.** Хабаршы ракета өз қорабынан 200 м/с жылдам-дықпен вертикаль жоғары атылды. Ракета жоғары қарай модулі $g=10$ м/$с^2$-қа тең үдеумен бірқалыпты кемімелі қозғалады деп алып, оның ең жоғары көтерілу биіктігін табыңдар (ауа кедергісі ескерілмейді)<br>**«Ұшқыр ой» әдісі.** Функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған тапсырмалар *(қосымша 2)* | Оқушылар топпен жұмыс жасайды. Топ ішінде талқылау жасайды.<br>Үш топ еркін түсу, Галилей тәжірибесі, Ньютон тәжірибесі, еркін түсу үдеуінің физикалық мағынасын түсіндіреді. Топ спикерлері топтық жұмысты қорғайды.<br><br><br><br>Оқушылар жұппен тапсырманы орындайды. Формулаларды түрлендіреді, есептер шығарады<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Оқушылар тапсырманы жеке орындайды. | **ҚБ: «Әріптесіңді бағала»** әдісі арқылы топтар өзара бағалайды<br><br><br><br><br><br><br><br>**ҚБ:** дайын жауаптар үлгісі арқылы<br><br>3 балл<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**ҚБ:** дайын жауаптар үлгісі арқылы<br>**7 балл** | Постерлер, маркерлер<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Тапсырма бар парақшалар<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Тапсырма бар парақшалар |
| **Сабақтың соңы** 3 минут | **Рефлексия**<br>-Мен үйренген үш жаңалық-<br>-Көбірек білгім келетін екі мәселе-<br>-Мен қойғым келетін бір сұрақ-<br><br>**Бағалау.** 10 балдық жүйе бойынша күнделікке бағалау жүргізу<br><br>**Үй тапсырмасы.** Тақырыпты оқу | Оқушылар бүгінгі сабаққа кері байланыс береді. | **1-10 балл** | |

Тәжірибеде оқытудың көптеген түрлері қолданылуда. Мұғалімдер барлық пайдалы оқыту түрлерінен бас тартпай, жақсыларын жаңа жүйеге бағыттап тәжірибеге енгізеді. Топтық оқыту, өзін-өзі оқыту — оқушы белгілі бір өздік жұмысты (оқылатын объектімен, оқулық, приборлармен жұмыс істейді зерттеу жұмысы) орындап, оның нәтижелері туралы жазбаша есеп береді.

Өзара оқыту (жұптық оқыту) — оқушылар тұрақты жұпта немесе құрамы өзгеретін жұпта жұмыс істейді де, қандай да бір мәселені бір-біріне түсіндіріп, өз тақырыптарын қорғап, жолдасының жұмысының нәтижесін бағалайды . Заманауи оқытуда оқушы өз бетінше білім алуды ұйымдастырады, сын тұрғысынан нақты мақсатты шешім қабылдауға үйренеді, оқушылар кез-келген сұраққа өмірден мысал келтіре отырып салыстырып жауап береді.

Тарих сабағын оқыта отырып, жаңа иновациялық технологияларды тиімді пайдаланып,өзіндік жұмыс және тарихи диктант,тірек сызбалар,кластерлер, хронологиялық таблицалар, пікірталас сынақ осы тәрізді әдіс-тәсілдерді білім сапасын арттыру мақсатында түрлендіре отырып қолданған тиімді. Бұл жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуіне, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылардың алған білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау жүйесін дамытып, тиянақты білім алуына жол ашады. Сабақта оқушының жеткен жетістігін баса көрсетіп, оның пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқушыларды өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге баулу, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Бірақ шамадан тыс тапсырмалар беруден сақтану керек, ең басты оқиғалар мен фактілерді ғана білуі керектігін ескеріп, нақты тапсырмалар берген жөн. Сондай-ақ, күнделікті сабақта оқушылардың білімін бағалауға да тигізер көмегі көп.

Сабақта жаңа технология әдіс – тәсілдерін қолданудың мынадай тиімді жақтары бар:

Оқушының оқуға деген ынтасы артады;

Әр оқушының жеке қабілеті айқындалады;

Үлгерімі нашар оқушыға көңіл бөліп, оларға көмектесу мүмкіндігі туады; Жақсы оқитын оқушының тереңірек білім алуына жағдай туады;

Әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;

Оқушы өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз. Демек, жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден – бір жолы.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қ.Сарбасова Инновациялық педагогикалық технологиялар. 2006 ж

С.Әлкен. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу.

2.Р. Қ. Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі.

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық 3 деңгей, 2 басылым, 2014 — жыл

## ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ УЧИТЕЛЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ



**Сайдаламова Гузал Толкуновна**
*город Шымкент, Енбекшинский район*
*Массив Сайрам*
*ОСШ №124*
*Учитель начальных классов*

От компетентности учителя, зависит успешное обучение учащихся в школе. В работе учителя, сочетаются современные формы, методы, средства обучения, при которых развивается личность каждого ученика. В современном мире роль учителя чрезвычайно важна. Задача учителя заключается в поддержке зарождающихся в самом ученике, новых видов деятельности, обучении новым способам мышления. Ориентация учебного процесса на самостоятельную и поисковую деятельность, несомненно, обеспечивает умение использовать знания с наибольшей эффективностью.

Учитель должен воспитать, довести до совершенства самого себя, а также воспитать обучающихся, осуществлять переход от памяти к мышлению и действиям. Профессиональноподготовленный учитель обязан постоянно совершенствовать свои личностные качества, повышать профессиональный уровень. Важным условием повышения уровня педагогической культуры является развитие общекультурной компетенции, личностная и профессиональная характеристика учителя. Общекультурная компетентность формируется при развитии всех сфер сознания личности. В связи с этим, ряд авторов выделяют пять основных видов компетентности: мотивационные, ценностно-нормативные, информационно-познавательные, коммуникативные и практико-созидательные.

Профессионализм педагога включает в себя:

- эффективное с высокой результативностью выполнение видов педагогической деятельности (обучающей, развивающей, воспитательной, диагностической, коррекционной, самообразовательной и др.);
- полноценное гуманистически ориентированное педагогическое общение, направленное на обеспечение сотрудничества с другими участниками педагогического процесса (с учащимися, с коллегами - педагогами, с администрацией);
- зрелость личности педагога, характеризующаяся сочетанием профессионально важных качеств,

необходимых для высоко результативной педагогической деятельности и гуманистически ориентированного педагогического общения.

Профессионализм педагога лежит в основе видов его профессиональной компетентности. Профессиональная компетентность педагога - это способность к решению

определенного класса профессиональных задач. Ориентироваться нужно на личность ребёнка, нужно постараться создать ему комфортные условия для учёбы и существования в коллективе. Учитель должен уметь мотивировать учащихся, включая их в разнообразные виды деятельности, руководить групповой проектной деятельностью учащихся, обладать исследовательским мышлением. Владеть компьютерными технологиями, использовать их в учебном процессе. При применении компьютерных технологий на уроках, урок становится нетрадиционным, ярким, насыщенным. Задача на таких уроках – сформировать у учеников информационную компетентность. Эти уроки позволяют показать связь предметов, учат применять на практике теоретические знания, отрабатывать навыки работы на компьютере. Уметь вести занятия в режиме дискуссии и диалога, создавая атмосферу, в которой учащиеся сами хотели бы высказывать свои мнения, точки зрения на обсуждаемый предмет.

Педагог и ученый В. А. Сухомлинский особо отмечал, что сильным и опытным становится педагог, умеющий анализировать свой труд. У педагога, наряду с другими, должны быть сформированы и развиты проектные, методические, технологические, исследовательские, аналитические, экспертные компетентности, которые позволяют выполнять профессиональные педагогические функции в соответствии с требованиями и вызовами времени.

**Литература**:


1. Гришанова Н. А. Компетентностный подход в обучении взрослых. - М.: ИЦПКПС,2004. - 16 с.
2. Жилина А. И. Системный подход в современном научно-педагогическом исследовании //Педагогический поиск: проблемы и пути решения: Мат. 2 науч.-практ. конф.школы молодого ученого. - СПб.: ЛОИРО, 2006. - С. 5-11.
3. Педагогический энциклопедический словарь /гл. ред. Б. М. Бим-Бад; редколлегия:М. М. Безруких, В. А. Болотов и др. - М.: БРЭ, 2003.
4. Топоровский В. П. Аналитическая компетентность педагога: технологии развития,педагогический анализ, методы и формы оценки. Учебно-методическое пособие. 2-е изд., стереотип. - М.: Планета, 2011. - 176 с. (Управление школой].


## ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ




**Сапарбек Жансұлу Әуелбекқызы**
*Шымкент қаласына қарасты*
*№ 51 жалпы орта білім беретін мектебі*
*Химия пәні зертханашысы*


Қазақстан егемендік алғаннан кейінгі кезеңде біздің қоғамдық санада төңкеріс басталды. Бұл, әрине, біздің жаңа құндылықтарға деген көзқарастарымыздың қалыптасуына жол ашты. Қазақ жері, қазақ тілі, қазақ мәдениеті, ұлтты саясат, ұлттық тәрбие, діни тәрбие өзекті мәселелерге айналды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіпік шыңдауға, танымдық белсенділікті арттыруға бағытталған сапалы білім үшін қажетті мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Оқушылардың тұлғасын дамыту мен тәрбиелеу, танымдық белсенділіктерін арттыру бірнеше бағыттарда жүзеге асырылады, мысалы: сабақ, мектептен тыс жұмыс, сыныптан тыс іс-әрекеттер және оқу-тәрбие үдерісі ұйымдастырылатын кеңістік. Тәрбиелеу ісінде нәтижеге қол жеткізу үшін жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде барлық бағыттар бойынша оқу-тәрбие жұмысының жалпы жоспары іске асырылып, тұлғаны тәрбиелеу міндеті шешіледі.

Қазіргі мектеп дамуының ең маңызды ұстанымы – білім беруді ізгілендіру, ол мектептегі тәрбиенің тұлғасыздығын жеңу, мектепті балаға, оның мәселелері мен мүдделеріне бұру деп түсініледі. Қоғам мен білім беру жүйесінің басымдығы өмірге қадам басқан жастардың алдында тұрған жаңа, әлі белгісіз міндеттерді өз бетінше шеше білуі болса, білім берудің нәтижесі осындай мәселелерді шешу тәжірибесімен өлшенеді. Одан кейін жалпы сауаттылықпен қатар, мысалы, гипотезаны құрастыру және тексеру, жобалық режимде жұмыс істей білу, шешім қабылдаудағы бастамашылдық, танымдық белсенділікті арттыру және т.б. сияқты оқушылардың қасиеттері бірінші орынға шығады. Аталған талаптарға жауап беретін педагогикалық процесті ұйымдастыру үшін оқу-дамыту процесін ұйымдастырудың тиісті әдістері мен формаларын қамтамасыз ету қажет.

Химия пәнінің негізгі әдіснамалық ерекшеліктері білімнің негізі химиялық эксперимент білімнің қайнар көзі ретінде, сабақты өткізудің ұйымдастыру формасы ретінде, танымның ең маңызды әдісі мен құралы ретінде қолданылатындығында. Осыған байланысты мұғалім сабақтарда болжау әдісін пайдаланады. Өмірде адам үнемі оқиғаларды алдын ала болжауға және соған сәйкес сол немесе басқа жолды таңдауға, өз қызметін реттеуге мәжбүр болады. Мұндай оқытуды мұғалім демонстрациялық эксперименттер кезінде жүзеге асырады. Тәжірибені бастамас бұрын ол келесі сұрақтарды қояды:

- Заттардың дайындалған ерітінділерін ағызу кезінде не болады?
- Реакция барысын қалай қадағалай аласыз?
- Гипотезаларды қалай тексеруге болады?

Оқушылардың химиялық тәжірибені өз бетінше орындауға, зертханалық зерттеулер жүргізуге, химиялық шыны




ыдыстармен, әртүрлі аспаптармен, реагенттермен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру, тәжірибелік есептерді практикалық шешуге арналған құрылғыларды жетілдіру мүмкіндіктері болса, химия пәніне қызығушылық туындайды.

